Эти и другие подобные показатели дают основание утверждать, что по целому ряду видов программы Олимпиады-XX11, казахстанские атлеты выступали на уровне мировых требований, обеспечивая достойную конкуренцию именитым зарубежным атлетам. И в тоже время, по ряду дисциплин: Прыжки с трамплина; санный спорт (одноместные сани) мужчины; Скоростной бег на коньках (3000 м), женщины и др. Казахстанская делегация, в этих видах, даже не выставила участников. Эти факты требуют особого разбирательства так, как в Казахстане, по нашему мнению, есть все необходимые условия подготовки (Стадион «Медео», спортивные базы «Гарельник» и «Чимбулак», другие спортивные объекты международного уровня.). И здесь на первое место, видимо, выходит довод о недостаточности развития этих видов спорта в Республике, а значит и отсутствие квалифицированных педагогических кадров способных подготовить атлетов нужной квалификации.

Кстати, говоря, о программе Олимпиады (Сочи-2014), заметим, что некоторые виды состязаний были практически или абсолютно не знакомы ранее для широких масс казахстанских физкультурников и спортсменов. К этим видам можно отнести: фристайл (могул); прыжки на лыжах с трамплина, женщины; биатлон, пасьют; шорт-трек; скиатлон; санный спорт; бобслей, кёрлинг и др. К этому стоит добавить, что перечисленных видов олимпийской программы нет и учебных планах, учебных заведений готовящих специалистов по ФКиС. А жаль!

Данная проблема должна быть решена, видимо, за счет срочного включения в учебные планы факультетов (отделений) первоначально элективных курсов, а потом и базовых дисциплин обеспечивающих профессиональную компетенцию специалиста.

Анализируя олимпийскую программу соревнований, стоит, видимо, заметить, что наблюдается отчетливая ориентация на резкое возрастание сложности, трюкачества в отдельных видах, а, следовательно, и возрастание травматизма участников (Е. Плющенко, М. Комиссарова, Д. Рыбалова и др.)

Сложности особенно возросли в скоростном спуске и прохождении трасс слалома, нарастании риска при выполнении

отдельных элементов лыжной акробатики, прыжках на лыжах с трамплина, санном спорте, женском хоккее т.п.

Анализируя результаты XXII-х зимних Олимпийских игр (Сочи-2014) считаем возможным особенно выделить, краеведческие аспекты спорта высоких достижений из числа участников – Западно-казахстанцев.

Для нашего земляка Айдара Бекжанова эта была не первая Олимпиада. В 2010 году он участвовал в Ванкувере (Канада), а в большой спорт его привел тренер Мадыгали Карсыбеков.

Занимаясь шорт-треком, Айдар впервые проявил себя на соревнованиях в Уфе (2013), завоевав второе место. Сейчас он учится в Академии спорта и туризма (Алматы), и есть все основания надеяться, что он будет квалифицированным специалистом-тренером высокого класса.

Абзал Ажгалиев шорт-треком начал заниматься по собственному выбору, а когда семья узнала, что он выиграл лицензию на поездку в Сочи, то радости не было предела.

Как сообщила мама еще одного участника Нурбергена Жумагазиева, в 11 летнем возрасте мальчика записали в секцию спортивной борьбы, но он самостоятельно выбрал шорт-трек. И результат налицо – участие в Олимпиаде 2014, в составе сборной страны.

А вот Инну Симонову, в силу разных обстоятельств, вырастила бабушка Валентина Павловна Дикина. Перед приходом

в шорт-трек она очень хотела заниматься фигурным катанием, но занятия были платными, и Инна увлеклась шорт-треком. Круг культурных интересов студентки Симоновой И. достаточно широк. Она танцует, поет и даже завоевала диплом «Мисс ЗКГУ».

Имеет много медалей за спортивные успехи. И есть все основания надеяться, что вскоре область получит и всесторонне развитого, грамотного спортивного тренера.

Говоря об успехах спортсменов завоевавших спортивные лицензии на Олимпиаду-2014, следует особенно отметить имя тренера по шорт-треку Мендыгали Карысбекова, усилиями которого подготовлен коллектив квалифицированных атлетов способных защитить престиж страны. В итоге соревнований по шорт-треку

золотые медали получили спортсмены России, на втором месте – американцы, на третьем – китайцы. Наши шорт-трекисты заняли почетное пятое место. Однако на окончательный итог участия команды Казахстана в XXII-й Олимпиаде оказало выступление 20-летнего фигуриста в мужском одиночном катании - Дениса Тэна.

Биография этого спортсмена по-своему насыщена и противоречива. Он родился в Алматы, южной столице Республики и первые шаги в спорте делал под руководством казахстанских педагогов. Начав заниматься фигурным катанием в группе здоровья, Денис увлекался и другими видами спорта, включая теннис, таэквондо, карате-до, плавание, ходил в школу танцев и живописи. Но после окончания пятого класса в музыкальной школе перед Тэном Д. встал выбор: музыка или фигурное катание. Денис выбрал второе.

На одном из крупных соревнований (2003) его заметила тренер из России - Елена Буянова (Водорезова), заслуженный мастер спорта по фигурному катанию и пригласила в Москву. Однако в 2010 году, Денис Тэн переезжает в Лос-Анжелес (США) чтобы тренироваться под руководством нового наставника – Френка Кэрролла и, по словам самого атлета, Е. Водорезова (Буянова) сообщила, что она «прекращает с ним сотрудничество».

Хореографической подготовкой фигуриста поочередно руководили специалист из Канады Лори Николь и двукратный чемпион мира из Швейцарии Стефан Ламбьель, которые многие годы работали вместе с легендарной Татьяной Анатольевной Тарасовой (РФ). К сочинской Олимпиаде казахстанского спортсмена готовил тренер Френк Кэрролл (США).

Не перечисляя всех ярких спортивных побед достигнутых Денисом Тэном в престижных соревнованиях, а главная из них была в Сочи-2014, заметим, что, к сожалению, в Казахстане не нашлось специалиста, который смог бы вывести одаренного юношу на пьедестал почета. Это сделали зарубежные коллеги, что в очередной раз, подтверждает факт заметного дефицита, с кадрами специалистов экстра-класса в Республике.

Все сказанное выше позволяет сделать выводы и заключить:

1. Участие в соревнованиях зимней Олимпиады казахстанской сборной команды (Сочи-2014) наметился разрыв между широко распространенными ранее зимними видами спорта и видами,

включенными в программу международных состязаний. Это, видимо, потребует большей популяризации ранее неизвестных видов (кёрлинг, бобслей, фристайл, мобл, шорт-трек, скиатлон, женский хоккей и др.). Думается, что начинать эту работу следует с открытия специальных отделений в детско-юношеских спортивных школах. Других внешкольных учреждений спортивной направленности, что в свою очередь потребует специальной подготовки кадров;

2. Изменения содержания программы олимпийских соревнований, заметное возрастание сложности выполняемых упражнений, нарастание трюкачества в ряде видов спорта, соответственно, требует и включения в учебные планы специальных факультетов, готовящих специалистов по ФКиС, новых, ранее не известных видов учебной программы, где будущие выпускники получали бы необходимую базовую подготовку, специальные знания по методике обучения;

3. Все перечисленные факты выдвигают на передний план проблемы связанные с необходимостью возрастания компетентности кадров специалистов подготавливаемых в вузах (факультетах, отделениях) физкультурного профиля. Принципиальных изменений в учебных планах и программах подготавливаемых специалистов. Освоения новых методик преподавания и специального отбора талантливой молодежи;

4. Среди спортсменов, выступавших на зимней Олимпиаде в Сочи-2014 от Западно-Казахстанской области, особых успехов добились представители шорт-трека, в успехе которых заметная роль выполнил тренер Мендыгали Карсыбеков.

5. В итоге многодневной спортивной борьбы, заслуженный мастерспорта Денис Тэн завоевал бронзовую Олимпийскую медаль, чем и обеспечил Республике 26-е место в общем командном зачете.

Это, несомненный, успех и хорошая перспектива на будущее, так как Олимпийская медаль мирового первенства по

фигурному катанию для казахстанской делегации была первой.

Литература:

Ашурков В.Н. и др. Историческое краеведение. – М., «Просвещение», 1980; Аббасов И. Воля и мастерство к победе. // Приуралье, 2014, 25 февраля; Казахстан спортивный. Составители: К. Ахметов и А. Царев.

– Алма-Ата, 1969, стр. 253; Кун Л. Всеобщая история физической культуры и спорта. Перевод с венгерского. Под общей редакцией В.В. Столбова. – М., «Радуга», 1982; Спортивный Казахстан. Энциклопедический справочник. Авторы-составители: О. Жолымбетов и А. Кульназаров. – Алматы, «Арыс», 2004, стр. 418 – 419; Энциклопедический словарь по физической культуре и спорту. т. 1. – М., «ФиС», 1961, стр. 303; Хавин Б. Все об Олимпийских играх. – М., «ФиС», 1979, стр. 73 – 74.

Для справки. За 98 комплектов (294 медали), которые разыгрывались в семи видах спорта (всего 15 дисциплин) боролись

2.800 спортсменов из 88 стран мира и 26-е место для Казахстана

–

вполне заслуженное. Первое место у сборной России 33 медали:

13

золотых, 11 серебряных и 9 бронзовых. На втором – Норвегия:

11

золотых, 5 серебряных и 10 бронзовых. Третье – у сборной Канады

(10, 10, 5).

Түйіндеме

Бұл мақалада Қазақстан Республикасы құрама командасының XXII-ші қысқы Олимпиадалық ойындарына (Сочи 2014) қатысу нәтижесін талдауға әрекет жасалады. Ойындар бағдарламасына енгізілген көп танылмаған жаңа спорт түрлері (ксиатлон, мобл, шорт-трек, бобслей және т.б) туралы халықтың жеткіліксіз таныстырылуының себептері анықталады. Осының негізінде Республиканың оқу орындары шығаратын мамандарды дайындау бағдарламалары мен оқу жоспарларына қосымшалар енгізу туралы ұсыныстар жасалады. Мақала авторы БЖСМ, ОДМСМ, ОДО және басқа да спорттық бағыттағы мектептен тыс мекемелер үшін даярланатын мамандардың құзыреттілігін арттыру бойынша ұсыныстар жасайды. Бұл жұмыс талдау, ізденістік сипатта және Республиканың арнайы ЖОО-ның профессорлық оқытушылық құрамына арналған.

БАҚТЫҒАЛИ БИСЕНҰЛЫ БИСЕНОВ

Д.Д.Сүлейменова, Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті т.ғ.к., доцент, алаштанушы, Ж.Досмұхамедов атындағы «Қайраткер» қоғамдық қорының президенті, Орал қ., Қазақстан

1889 жылы Орал облысы Ілбішін уезі Қызылжар болысы № 5 ауылында (қазіргі Ақжайық ауданы) дүниеге келген. Әкесі Бисен сауатты, дәулетті адам болған. Болыстық орыс-қазақ мектебін, қалалық Романов орыс-қазақ училищесін бітірген соң Орал әскери-реалды училищесіне 1901 жылдың тамыз айында оқуға түсіп, оның толық курсын «өте жақсы» тәртібі мен «жақсы» бағаларымен 1909 жылдың 6 маусымында аяқтаған, оқу орнын бітірген аттестаты 1909 жылдың 30 желтоқсанында берілген [1]. Осы жылы Бақтығали Бисенов Орал әскери-реалды училищесінің жанындағы әзірлік класында бір жыл оқып, жоғары оқу орнына оқуға түсуге даярланғаны туралы анықтама құжат берілген, оның нөмірі №177 [2].

Училище оқушылары Ғ.Есенғұлов, И. Қашқынбаев, Ы.Шұғыловтармен бірге оқыған. Оның училищеде оқыған жылдары Ресейдегі І Орыс революциясымен тұстас келді. Осы кезде Орал қаласында Бірінші Орыс революциясы жылдарында «Фикер» «Уральский листок» т.б газеттер шығарылып тұрды. Революция жылдарында осы газеттер маңына ұйысқан Қазақ кадеттер партиясына ниеттес болғандары үшін жандарм бақылауына ілігеді. Бақтығали Бисенов 1907 жылы Орынбор қаласына арнайы барып, Орынбор оқу-ағарту округі сынақ комитетінде ерлер гимназиясының 8 кластық білімімен латын тіліне сынақ тапсырып, қанағаттанарлық баға алады. Бұл куәліктің нөмірі №28929 [3]. Сөйтіп, 1910 жылы 14 тамызда Саратов қаласындағы Николай Императорлық университетінің медицина факультетіне оқуға түсуге арыз берген және латын тілінен емтихан тапсырған [4]. Медицина факультетінің 1 курсына 1910 жылдың 11 қазанында қабылданады [5]. Бірақ үш жыл өткенде бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуына байланысты оқу курсының тоғыз семестрін мерзімінен бұрын аяқтайды. Бақтығали Бисенов Саратов

қаласындағы медицина университетін бітіргендігі жөнінде бағалары қойылған куәлікті 1914 жылдың 14 қарашасында алып шығады [6]. Соғысқа байланысты армия қатарына кетеді. 1917 жылдың 30 сәуірдегі сынақ комиссиясының қорытындысымен дәрігер мамандығын алып, елге келеді. 1917 жылы жедел түрде мемлекеттік сынақтарды тапсырады [7]. Осы жылы Орал облысы 13-Қызылқоға ауылдық-дәрігерлік учаскесінде қызметке кірісіп, еңбек етеді [8]. Ауылдық жерде жұмыс істей жүріп, медициналық университетті бітіргені жөнінде дипломын алу үшін оқу орнына бірнеше рет өтініш жазған [9]. Сонымен қатар Бақтығали Бисенов «Емші дәрігер» біліктілігіне де емтихан тапсырған [10]. Бақтығали Бисенов 1917-1920 жылдары өлкемізде болыстық, уездік дәрежеде земство мекемелерін құру қызметіне қатысты. Оның інілері Орал әскери-реалды училищесінің түлегі Ишанғали Бисенов Жымпитыдағы «Ойыл уәлаятының» прапорщиктер мектебін бітіріп, штаб офицері болды, ал Зепқали Бисенов Ойыл юнкер мектебін бітіріп, Алаш полкінде жүзбасы қызметін атқарды. Батыс Алашорда үкіметі таратылғанға дейін Бақтығали Бисенов Алаш қайраткерлерімен бірге ниеттес болып қызмет атқарған. Батыс Алашорда таратылғаннан кейін 1920 жылдан бастап, Орал облысындағы Калмыков уездік денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Уездің өзінде фельдшерлік пункт болған, азамат соғысының бастауымен уезд халқына қызмет көрсетуге көп кедергілер туындайды. 1924 жылы Жымпиты уезіндегі Байғұтты ауруханасының меңгерушісі болып істеген. Мұндағы медициналық қызметті жоғарғы деңгейге жеткізді. Бақтығали Бисеновті 1928 жылы Тайпақ аудандық ауруханасын басқару жұмысына жібереді. Тайпақ аудандық ауруханасын басқарған кезде, осы ауданның Базартөбе ауылында амбулатория мен аурухана салдырады. Денсаулық негізі, ең алдымен, сәби күтімі мен дұрыс тамақтану екенін жақсы білетін дәрігер, білгір маман ет-сүтті өндіру бағытында ірі қара табынды көбейтуді ұсынады. Одан кейінгі жылдары Жымпиты уездік ауруханасында дәрігер болып жүрген кезінде тұтқындалады. Бақтығали Бисеновтің құжаты Батыс Қазақстан Қауіпсіздік Комитетінің Департаментінде сақталған. Бұл құжатта Бақтығали Бисенов 1937 жылы 16 қыркүйекте ұсталып, оған «контрреволюционер, ұлтшыл ұйымға қатысты» деген айып тағылады. Тұтқындалғанда Бақтығали Бисенов 48 жаста, Жымпиты ауылының тұрғыны, Жымпиты аудандық ауруханасының кіші дәрігер қызметкері

болды. Оның әйелі Жанша 37 жаста, баласы Махмұд 17 жаста, Мажит 12 жаста, қызы Зейнеп 9 жаста, баласы Әнуар 4 жаста, қызы Роза 1 жаста делінген. Бақтығали Бисеновтің тұтқындалған кездегі жауабында жеке-мүлкі – 2 сиыры, 1 жылқы, 1 түйесі болған. Бақтығали Бисеновтің тегі малшы деп жазылған [11].

Бақтығали Бисенов Орал қаласының түрмесінде 1938 жылдың 19-ыншы ақпанында ст. 58-26 58-11 УК РСФСР кодексі бойынша атылған. Оның қылмыстық ісі 1958 жылы 14.06. тоқтатылды, бірақ атылғаны жөніндегі мәліметі Батыс Қазақстан Облыстық Қауіпсіздік Комитетінде №6 қорында сақтаулы, бірақ ісінің нөмірі бізге берілмеді. (авт.Д.С.)

Бүгінде Бақтығали Бисеновтің қызы Роза Бақтығалиқызы Бисенова Алматы қаласында тұрады. Ал оның балалары Астана қаласында еңбек етуде. Роза Бақтығалиқызы көп жылдар әкесі туралы мәліметтерді іздестірумен, жинастырумен айналысқан. Мен Роза Бақтығалиқызымен 2008 жылы қараша айында Астана қаласында өткен Алаш мұрасына арналған Халықаралық конференцияда кездестім. Роза Бақтығалиқызы зейнеткер, мұғалім болған, көп жылдар комсомол, партия ұйымдарында қызмет істеген. Жанары өткір, сөзі мірдің оғындай, өте пысық, қазақша-орысша екі тілде сөйлейтін қайратты адам екен. Ол кісі Орал қаласынан келген делегацияны іздеп келіп, менімен өзі танысты. Өзін «Батыс Алашордашы Бахи Бисеновтің қызы Роза Бисенова боламын» деді және көп жылдардан бері әкесі жөнінде мәліметтер алу үшін бірталай жерлерде болғанын, әкесінің құжаттарын таба алмағанын айтты. Оның себептері:

Біріншіден, әкесінің туған жылы табылған құжаттарда әртүрлі көрсетілген, мысалы Батыс Қазақстан облыстық энциклопедиясының 183-бетінде Бақтығали Бисенов **1889** жылы туылған десе [12], Батыс Қазақстан облыстық мұражай қорындағы № 393-қор, 1-тізбе, №2594 істегі аттестат пен куәліктерінде **1889** жылы дүниеге келген, ал Саратов медициналық университетін бітірген дипломдарында **1890** жылы деп оның туған жылы көрсетіледі. Батыс Қазақстан облыстық Қауіпсіздік Комитетінің қорында Бақтығали Бисеновтің аты **Бах** деп жазылған және туылған жылы **1890** деп көрсетілген. Осындай мәліметтерді сараптай келе, Бисеновтің 1890 жылы туылғанын және оның есімі **Бақтығали** екенін анықтадық [13]. (авт. Д.С.)

Роза Бисенова әкесі атында Орал қаласында не оқу орындарының, не көше аттары берілмегеніне өкінетінін айтып,

болашақта Орал медициналық колледжіне Бақтығали Бисеновтің есімі берілсе деген өтінішін білдірді [14].

Бақтығали Бисенов – Батыс Алашорда мүшесі, өлкемізден шыққан білікті маман - дәрігер, Алаш қозғалысына қатынасқан, ұлтының болашағын ойлаған ұлтжанды қайраткер.

Биылғы жылы Бақтығали Бисеновке 125 жыл толады. Осы мерей жасы лайықты атап өтіліп, көше аты және оқу орнының аты берілсе өте жақсы болар еді. Себебі, тарихын білмеген және оны бағаламаған адам елін, жерін сүюі мүмкін емес.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. БҚОМ № 27066 қоры
2. БҚОМ № 27049 қоры
3. БҚОМ № 27071 қоры
4. БҚОМ № 27069 қоры
5. БҚОМ № 27068 қоры
6. БҚОМ № 27083 қоры
7. БҚОМ № 27073; БҚОМ № 27074 қоры
8. БҚОМ № 27085 қоры
9. БҚОМ № 27082; БҚОМ № 27084 қоры
10. БҚОМ № 27081 қоры
11. БҚОҚКМ №6 қор
12. Ғ.Әнес, М.Тәж-Мұрат. Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2002. – 183б
13. БҚОМ 393 қор, 1 тізбе, № 2594 іс
14. Роза Бисенованың естелігінен (сұхбат 2008ж. 11 қараша)
15. Сүлейменова Д.Д Алаш қозғалысы және Жағанша Досмұхамедов Орал: «Ағартушы» баспасы, 2010. – 236б

СИНКРЕТИЗМ ЖӘНЕ ОМОНИМИЯ ҚҰБЫЛЫСТАРЫ ТІЛДІК НЕГІЗДЕР ТЕОРИЯСЫ ТҰРҒЫСЫНАН

Бекмағамбетов Ш., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университетінің доценті, филология
ғылымдарының кандидаты, Қызылорда қ., Қазақстан

М.Томанов: «синкретизм» термині тілдің тарихи даму барысына қатысты қолданылады да, қазіргі тілдің құрамындағы синкретикалық ұқсас сөздер әдетте омонимдер деп аталады. Сонда, айналып келгенде, синкретизм тарихи омонимдер болып шығады » [1-110] – дейді. Бұл жерде бірқатар жайлардың басын ашып алу қажет екені аңғарылады. Біріншіден, «синкретизм» термині тілдің тарихи даму барысына қатысты қолданылатын болса, мұны тілдің тарихи даму өзгерістері тұрғысынан қарастыру деп білеміз, яки сөздер тарихи дамуы нәтижесінде бірдейленіп (конвергенцияланып), осы себептен бүгінгі тілде омонимдік қатар түзеді. Сонда бүгінгі тілдегі омонимдер тарихи тұрғыдан синкретикалық түбірлер болып шығады. Бірақ осы тарихи өзгерістердің өзін екі түрлі қарастыру қажеттігі көрінеді: біріншіден, қазіргі тіліміздегі *көш* (зат есім), *көш* (етістік) тәрізді сөздер. Бұлардағы тарихи өзгеріс – түбірдің бір сөз табынан екінші бір сөз табына трансформациялануы. Бұл қатарға *той*, *тоң т.т.* тәрізді сөздерді де қосамыз. Бұларда тарихи тұрғыдан ешқандай дыбыстық өзгерістер байқалмайды. Бұлардың алғашқы нұсқалары зат есім бе әлде етістік пе – бұл да ойлана қарауды қажет ететін жай. Екінші топтағылар – тарихи тұрғыдан дыбыстық өзгерістер арқылы бірдейленген (конвергенцияланған) сөздер: *біз* (есімдік) / *біз/бігіз* (зат), *ер* (батыр) / *ер/егер* (ат әбзелі), / *ер* (етістік: ізіне еру) т.т. Бұларда ең әуелгіі туыстық байланыстың ізі де көрінбейді.

Қазіргі тілдік тұрғыдан келгенде, омонимдер деп мағыналық жақтан басқа-басқа, дыбысталуы жағынан бірдей сөздер танылады. Олардың тарихи өзгерістеріне немесе генетикалық негіздеріне терең мән берілмейді. К.Аханов полисемия мен омонимия арасындағы ерекшеліктер мен байланыстар туралы айта келіп: «Полисемия мен омонимияны бір-бірінен ажыратуда мағыналардың арасында семантикалық байланыстың жойылуы немесе жоқтығы кейде негізгі критерий бола алмай қалуы мүмкін. Мысалы, түркі тілдерінде *той* I (зат есім) – *той* II (етістік); *тоң* I (зат есім) – *тоң* II (етістік); *көш* I (зат есім) – *көш* II (етістік), т.б. осылар тәрізді омонимдер бар. Бұл

омонимдік қатарлардың әрқайсысының құрамындағы есім сыңар мен етістік сыңар лексикалық мағыналары жағынан бір-бірінен алшақтап кетпейді, бұларда семантикалық бірлік, біртектестік бар. Бұларды омонимдер деп есептеуге негізгі таяныш – омонимдік қатарға енетін сөздердің әр басқа сөз табына қатысты болуы» [2-114] – дейді.

Ия, полисемиялық қатардағы сөздер тек бір ғана сөз табына қатысты болады деген көзқарас қалыптасқан. Бірақ тереңірек барсақ, мұның да арғы жағында қиын мәселелері жоқ емес. Мысалы, қазіргі тіліміздегі *аяқ* сөзін алайық: *адамның аяғы, сөздің аяғы* дегендегі *аяқ* сөздері полисемия ма, әлде генетикалық жақтан мүлде басқа-басқа екі сөз бе? Әрине, қазіргі қазақ тілі ғылымы бұларды бір ғана сөздің ұқсату нәтижесінде пайда болған әр түрлі қолданыстары деп таниды. Ал генетикалық тұрғыдан келгенде, бұл басқаша көрінеді. Мысалы, «адамның аяғы» тіркесіндегі *аяқ* сөзінің шығу тегін былайша түсіндіруге болады: 1) ад (ат-бөліну) + ақ (қозғалу), яки екі аяқтың алмаса қолданылуы арқылы қозғалу. 2) Осы ұғымның бірқатар түркі тілдерінде *пұт* сөзі арқылы берілуі *аяқ* ұғымының, яки дене мүшесінің (аяқтың) екіге (екі аяққа) бөлініп ажырауын бейнелеуі де әбден мүмкін. Ал *сөз аяғы* тіркесінде жоғарыда аталған ұғымдардың ешқайсысы да жоқ. Бұл соңғы жағдайда да негізгі сема *ажырау, ыдырау, бөліну* ұғымы болып тұр, бірақ ол дене мүшесінің екіге бөлінуін емес, сөз (сөйлеу) желісінің бөлініп, тоқталуын білдіріп тұр. Сондықтан бұл екі сөзді генетикалық тұрғыдан полисемайялық қатарға жатқызу жөн болмас еді. Тіліміздегі *қадам* сөзінің құрамында бұл *қад* (қат) түрінде келген, ондағы соңғы морфеманы біз «айналым» ұғымындағы *уп* тілдік негізі деп білеміз. Айтылып отырған *аяқ* және *қад / қат* (қадам) сөздерінің туыстығын былайша түсіндіруге болады: 1) аяқ / аяқ : ай+ақ<> адақ (ай+ақ); 2) қад (қа+ад) <> ад+ақ (ай+ақ). Сонда қазіргі тіл біліміндегі омонимия дегеніміздің түсінігі бірыңғай болмай шығады: бір жағдайда ол тарихи еш байланысы, туыстық негізі жоқ, тек дыбыстық сәйкестік негізінде ғана бірігетін сөздер тобы болады да, екінші жағдайда осы қатарға өзара туыстық негізі бар сөздерде енетін болып шығады.

Айталық, *біз* (есімдік) және *біз* (құрал) атаулары туыстық жақтан мүлде басқа сөздер де, ал *көш* (зат есім), *көш* (етістік) сөздері – өзара туыс сөздер. К.Аханов анықтамасы бойынша, әр басқа сөз табына жататындықтан, бұлардың екі тобы да омонимдерге жатады. Бірақ олар бірдей тілдік құбылыстар болмағандықтан, арасына белгілі

бір критерий қойылуы керек. М.Томанов: «Кейде түркі тілдерінде конверсияның екінші түрі – В.А.Богородицкий айтатын фонетикалық конверсия ұшырасатыны бар. Негізі де, семантикасы да бір-біріне мүлде ұқсамайтын сөздер фонетикалық өзгерістің нәтижесінде бір ғана сипат алады. Синкретикалық түбірлер бұл құбылысқа да жатпайды» [1-110] – дейді. Әрине, біздің түсінігімізше де солай: синкретикалық түбірлер – арғы негізінде туыстық тұрғысынан байланысатын сөздер. Конвергенция құбылысы ретінде В.А.Богородицкий *с/ш* дыбыстарының тарихи өзгеруі нәтижесінде кей сөздердің дыбыстық жағынан бірдейлесуін айтқан. Мысалы: *тамақ* мағынасындағы *ас* сөзі ежелгі түркі тілдерінде *аш* түрінде болған. Ал фонетикалық өзгеріс нәтижесінде ол енді *асып қою* мағынасындағы *ас* сөзімен дыбыстық жағынан бірдейленіп, омонимдік қатар түзген. М. Томанов өзге түркі тілдері мен қазақ тілін салыстыра отырып, осындай сөздердің *баш/бас*, *құш/құс* деген мысалдарын да келтіреді. Бұған *таш/тас*, *қаш/қас (бровь)*, т.б. көптеген мысалдарды келтіруге болар еді. Тек ескеретін бір мәселе – ғалымдар осы сөздердегі дыбыстық өзгерісті *ш > с* түрінде болған деп түсіндіреді, ал біз бұл керісінше құбылыс болған деп ойлаймыз.

Бұл жерде омонимдердің бір тобын *тарихи омонимдер* деп атаған М. Томанов пікіріне назар аударған жөн секілді. Мұнда ғалым тарихи тұрғыдан зерттеулер арқылы ғана ажыратылатын омоним сөздерді (біз/бігіз, ер/егер т.т.) тарихи омонимдер деп, ал семантикалық трансформация арқылы жасалған омонимдерді тарихи омонимдер қатарына жатқызбай тұрған тәрізді. Ал, шындығына келгенде, омонимияның қайсысы болса да тарихи құбылыс екенін аңғаруға болады. М.Томановтың: «Омонимдердің қазіргі күйі, яғни олардың қазіргі тілдегі дербестігі ежелгі құбылыс емес, сөздер мен морфологиялық формалардың тарихи дамуының жемісі» [1-110] – деген пікірінде автор омонимияны «ежелгі құбылыс емес» дегенде, синкретикалық құбылыс емес екендігін айтып отыр деп түсінеміз. Бірақ сөздердің тарихи өзгерулері алуан түрлі болатындықтан және тарихи тұрғыдан оларды айырып-ажыратудың үнемі мүмкін бола бермейтіндігінен, бұл мәселеде тіл генетикасы ғана барынша толық мәлімет бере алатындығын ескеріп, біз генетикалық (туыстық) негіздегі омонимдер және жасалынды омонимдер деп екі топқа бөлген дұрыс болар деп ойлаймыз.

Жоғарыда келтірілген *көш* және *біз* сөздеріне қатысты қарастырсақ, мәселе екі түрлі түсініледі: біріншіден, *біз* омонимдік қатарында фонетикалық өзгеріс айқын: *бігіз* (мүйіз) және *біз* (бе + се); Ал, екінші жағдайда *көш* сөзінің әрі етістік, әрі зат есім мағыналары ешқандай дыбыстық өзгеріссіз-ақ, ежелгі семантикалық синкретизмнің бірте-бірте мағыналық жақтан дивергенциялануының нәтижесінде пайда болған. Бұл жерде «Көне түркі тілдеріндегі сөздердің бір кездегі екіжақтылығы (ШБ: синкреттілігі деп түсінеміз) сол күйінде қалып қойған жоқ, әрі қарай екі бағытта: бір тобы есімдер, бір тобы етістіктер болып, арнайы морфологиялық тұлғаларға жіктеліп дамыды» - деген пікірін келтіре кеткен жөн. Олай болса, *көш* сөзінің аталмыш екі түрлі мағынасы синкреттіліктің көрінісі болғанымен, генетикалық тұрғыдан ол омонимділіктің көрінісі бола алмау керек. М.Томанов түбірлер синкретизмі туралы мәселеге тоқталғанда, Э.В.Севортян келтірген материалдарға, негізінде, қазақ тіліндегі мынадай ұқсас түбірлерді көрсетуге болады, - деп, кейбір мысалдарды берген. Біз солардың бірқатарын төменде келтіре кеткенді жөн көрдік:

I. *аңсыз* (байқамсыз), *аңда* (аңла), *аңса*, *аңды*.

II. *аш* (етістік), *ашық* (сын есім – іс-әрекеттің нәтижесі), б) *ашық* (сын есім – түсті білдіреді), в) *аши* (сын есім. ШБ: қарны аш)

III. *қат* (етістік: 1) мұз қату; 2) шайға сүт қату); 3) *қат* (зат есім: қабат (қат-қат жинау, қат-қат зат – деген мысалдар келтірілген).

IV. *тат* (етістік – тамақтың дәмін тат); 2. *тат* (тот басты – зат есім);

3. *тотық* (зат есім – химия термині); 4. татымды (сын есім); 5. татып кету (етістік).

V. *сап* (күректің сабы), *сабақ* (иненің сабағы, - депті, дұрысы - инеге өткізілген жіп. Сондай-ақ, ғалым: «*Сабақ* сөзінің құрамындағы *қ* - әдетте етістіктен есім жасайтын қосымша, салыстырыңыз: тара+қ, сана+қ, ор+ақ, т.б.» - дейді. Бірақ, біздіңше, *сабақ* (сабақ жіп) сөзінің түбірін *саба* етістігі деп қарауға негіз жоқ, ол *саб* сөзінен шыққан десек те, бәрібір *күректің сабы* емес, басқа *саб*.

VI. *ұят*, *ұял*, *ұяң*. Бұл соңғы топтағы мысалдардың алдыңғы екеуі психикалық сипатта да, соңғысы, екінші жағынан, заттық сипатқа да қатысты болады: *ұяң сөз*, *ұяң жігіт*, *ұяң дауыссыздар*, т.б. Яғни алдыңғы екі сөзбен (ұят, ұял) осы соңғының (ұяң) арасындағы байланыс ойлана түсуді қажет етеді.

VII. *Сый* (сыйлық), *сыйлау* (құрметтеу), *сыю*, *сипау*.

Келтірілген мысалдардағы қара әріппен терілген сөздер сол өз тобындағы басқа сөздермен мағыналық жақтан бір қатарда тұра алмайтыны, яки олардың өзара синкретті бола алмайтыны ескерілмеген. Демек, түбірлер синкреттілігін айқындауда олардың тек қана дыбыстық сәйкестігі мен тарихи тұрғыдағы ұқсастықтары әлі де тиянақты негіз бола алмайды. Ол үшін, сондай-ақ, семантикалық, генетикалық туыстық белгілерін айқындаудың мәні аса зор.

Мысалы, *ұят*, *ұял*, *ұяң* сөздеріндегі – *ұя* элементінің негізін қалайша түсіндірген жөн? Біздіңше, *ұят*, *ұял* сөздері *ұқ* (ой) + *ет* түрінде қалыптасқан. Ал *ұяң* сөзінен мұны табу мүмкін емес. Мұндағы *ұқ* түбірі *ой* ұғымын емес, басқа бір түсінікті білдіріп тұрғандай. Біздіңше, ол – *жұмсақ* ұғымын білдіретін УП негізі болуы да мүмкін. Өйткені, осы тілдік негіздің *қатты* мағынасы белгілі: *берік*, *т.б.* Ал мына мағына соған қарсы полюсте тұр. Егер осы қатарға *ұя*, *ұйқы*, *ұйым*, *ұйы*, т.б. сөздерді қоссақ, оларды да тереңдей талдап қарау қажет болады...

М. Томановтың Э.В.Севортянға сілтеме жасай отырып: *арт* (арту), *арт* (арт жақ), *ары/әрі* (үстеу), арқа (зат есім) сөздеріне ортақ түбір *ар* сөзі, - деуі де әлі семантикалық жақтан толық айқындалмаған жай екені анық. Бұлай болса, осы қатарға *әрі* (ыңғайластық шылау), *ар* (намыс) сөздерін де қосар едік. Өйткені *арту* (үстіне арту), *арт* (арт жағы), *ары*, *әрі* (ары қарай), *арқа* (зат есім) сөздерінің бәріне ортақ бір ғана түбір (*ар*) бар деу ешқандай ортақ семантикалық негізге сүйене алмайды. Генетикалық зерттеулер аталған сөздердің бәрінің де арғы шығу негіздерін ең ежелгі *һу* тілдік негізінен таратқанымен, олар осы тілдік негіздің әр түрлі семантикалық өрістерінен шығатынын көреміз. Мысалы, *арту* (үстіне салу, үстіне не қосу) сөзіндегі *һу* тілдік негізі «үсті, жоғары» ұғымын білдірсе, *арт* (артқы жақ) мағынасындағы сөздегі *һу* негізі *кейінгі*, *кері*, *артқы жақ* ұғымын білдіреді. Ал *ары*, *әрі* (кері, кейін қарай, немесе жалғасу, ұласу мағыналары) сөзі алдыңғы сөзбен (*арт*, *артқы жақ*) мағыналық жағынан ұқсас, туыс тәрізді болғанымен, алдыңғы жағдайда белгілі бір объектіге қатысты нақты мекендік мағына бар да, соңғы жағдайдағы мағына жалпы кеңістікке қатысты мағына болып табылады. Ал осы қатарға біз қосып отырған *әрі* (ыңғайластық шылау), *ар* (намыс) сөздерінің де түп негізі *һу* дыбыстық негізі болғанымен, бұлардың да нақты семантикалық ерекшеліктері бар: *әрі* (*және*, *тағыда*

мағынасында) сөзінде бұл тілдік негіз «қайталау» ұғымын білдірсе, *ар* (намыс) сөзінде ол «жоғары, биік» семаларымен көрінеді.

Ең ежелгі негіз-түбірлер (тілдік негіздер) тұрғысынан алғанда, жоғарыда келтірілген мысал қазіргі қазақ тілінің тарихи грамматикасында айтылып жүрген кейбір жайларға ұқсас. Мысалы, бұл *қа* түбірінің синкреттілігі туралы пікірлерден көрінеді. Бірақ ондай негіз-түбірлерді де екі түрлі сипатта қарастырған жөн: 1.қа: 1) көз; 2) ауыз, т.б.) тәрізді синкретті түбірлер дыбысталуы бірдей болғанмен, мағыналары басқа-басқа болғандықтан, омонимдер ретінде қарастырылады, ал 2.қа: 1) көз; 2) қа – қарау) тәрізді сөздер семантикалық жақтан туыс болғандықтан, қазіргі тілдегі *көш*, *тоң* сөздерінің омонимдеріне ұқсас болып тұрады. Бұл соңғы топтағылар (*қа* – көз, *қа* – қарау) генетикалық омонимдер бола алмайды. Егерде бұларды жоғарыдағы К.Аханов пікіріне сүйеніп, екі басқа сөз табына жатқандықтан (*көш*, *тоң* сөздері тәрізді) омонимдер деп атар болсақ, тек шартты түрдегі жасалынды омонимдер деп қана тану керек болады.

Егер біз мәселеге терең генетикалық тұрғыдан келсек, шындығында, жоғарыда біз келтіріп отырған қарам-қарсы екі топтағы сөздердің бәрі де арғы негізі жағынан туыстас сөздер екенін мойындау керек: олардың бәрі де УҚ негізінің (*Һу* тілдік негізінің) семалары, бірақ тілдік негіздердегі семантикалық өрістердің ауқымы өте мол, кең болғандықтан, бұлардың туыстығы жеке сөздердің нақты мағыналық туыстығы тәрізді емес, олардың өнген тамырларының (семантикалық өрістерінің) бірнегізділігі тұрғысынан ғана танылуы дұрыс. Айталық, салыстырмалы түрде алғанда, бұл бүгінгі жақын аталас ұрпақтардың туыстығы мен бұлардың сонау тайпалық дәуірдегі арғы аталарының туыстығын салыстыруға ұқсайды. Яғни *көз* / *қарау* сөздері УҚ негізінің «тесік» семасынан шықса, *көз* / *қарау* сөздері сол бір ғана *көз* ұғымының ежелгі синкреттілік сипатынан - әрі зат, әрі қимыл атауын білдіру сипатынан туындайды. Бұлардың *ауыз* ұғымына тікелей еш қатысы жоқ, тек *ауыз* сөзінің *көз* сөзімен бірге ортақ семадан шығуы арқылы ғана байланысады. Ал, ондай әрідегі, тереңдегі байланыстар тілдегі сөздердің бәріне дерлік ортақ. Бұл тұрғыдан келсек, тілде *ул* негізінен тарайтын *бір*, *бірдей*, *бүтін*, *бөлек*, *басқа*, *бәрі*, *барлығы т.т.* көптеген сөздердің туыстығын да айтар едік. Бұлар да бір негізден (*ул* тілдік негізінен) тараған, яки генетикалық туыстығы айқын, бірақ қазірде бүгінгі тіл тұрғысынан туыс сөздер болып есептелмейді.

Тіл ғылымындағы *омоним* терминін түсіндіруге берген сілтемелерде «*Омоним* – грек тілінің «бірдей», «біркелкі» деген мағынадағы *homos* деген сөзі мен «ат», «аталу» деген ұғымды білдіретін *onima* деген сөздерінен жасалған термин [2-113], - дейді. Осындағы алғашқысы – (*homos*) біздің тіліміздегі *уп* тілдік негізі: *ном* / *ом* < УМ/УП [4-186]; Мұнан көрінетіні ежелгі тілдік негіздер тек бір тілге, не қазірде туыстас деп есептелетін тілдерге ғана емес, жалпы адамзат тілі атаулының бәріне ортақ болып табылады. Олай болса, біз мұндай омонимдік, антонимдік қатарларды болашақта кез-келген тілдерден қарастыруымызға болады.

Сонымен, тілдік негіздер теориясы тұрғысынан келгенде, синкретизм құбылысы белгілі бір сөздер тобына ғана емес, жалпы тілдің семантикалық табиғатына тән құбылыс. Тілдегі сөздердің арғы шығу тегінің бірнегізділігі оның синкреттілік сипатын айқындайды. Яки *қа* «көз» ұғымы мен *қа* «ауыз» ұғымы кейінгі тілдік даму нәтижесінде тарихи омоним болып есептелгенімен, олардың арғы шығу негіздерінің (бір ғана *уп*-тілдік негізінің семантикалы өрістері) бірлігі олардың да терең синкреттілік сипатын көрсетеді. Ал омоним сөздең пайда болуы тілдің кейінгі даму заңдылықтарының көріністері болып табылады.

Әдебиеттер:

1. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер, Алматы. – 2002.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері, Алматы. – ***
3. Севортян Э.В. Аффиксы глаголообразования в азербайджанском языке. М., 1962, гл. III.
4. Бекмағамбетов Ш. Тілдік таным негіздері және тілдік символдар, Алматы. – 1999.

Резюме

В статье вопросы синкретизма и омонимии в языке рассматриваются с точки зрения теории языковых основ.

КУЛЬТУРНЫЕ РЕГИОНЫ В ИСЛАМСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

Сарсенов Кадим кандидат философских наук, доцент
Хайруллина Г.М. старший преподаватель
Западно-Казахстанский аграрно-технический университет им. Жангир
хана, г.Уральск, Казахстан

Нередко приходится слышать об арабском, иранском и турецком исламе, как будто существуют три формы ислама. В действительности, есть только один ислам, который приобрел местные оттенки в зависимости от этнических, языковых и культурных особенностей различных народов. Ислам, проникая в различные регионы, не стремился к уничтожению местных культурных традиций, а наоборот, содействовал их сохранению и совершенствованию.

Первым по порядку культурным регионом исламского мира является **Арабский регион**, который включает в себя территорию от Ирана и Персидского залива до Мавритании, а до 1492 г. включал и южную часть Пиренейского полуострова. Численность арабов (220 млн. чел.) составляет менее пятой части общей численности мусульман в мире. Но в связи тем, что Пророк ислама был арабом и первое исламское общество формировалось в Аравии, Арабский регион – «Дар уль – Ислам» является самым первым мусульманским регионом и по праву считается центром для всей исламской уммы.

Определяющим фактором этого мира в качестве «арабского» является повсеместная распространенность арабского языка в этом обширном регионе. Даже такая страна, как Египет с его уникальной древней историей, приняла арабский язык и по сей день выполняет роль центра арабской культуры.

Вторым исламским регионом, население которого приняло ислам вслед за арабами и в сообществе с ними формировало

исламскую цивилизацию, является **Иранский регион**, включающий в себе территорию современного Ирана, Афганистана, Таджикистана. Численность населения этого региона составляет приблизительно 100 миллионов человек, но его влияние на другие культурные регионы ислама в Азии – от турок и индийцев до китайцев – наблюдается отчетливо. Следует отметить, что ислам стал влиятельной и серьезной силой после окончательного завоевания Ирана и смог вытеснить христианства из этого региона. Бытует неправильное утверждение, что иранцы изначально были шиитами, а арабы – суннитами. Шиизм зародился среди самых арабов в ходе гражданской войны, и в X столетии большая часть Арабского Востока стала последователем этой школы, тогда как Хорасан, одна из крупнейших областей Ирана, считалась интеллектуальным центром суннизма.[1]

Третьим регионом исламского мира принято считать **регион Черной Африки**. Исламская традиция проникновение ислама в черный континент связывает с именем темнокожевого африканца Билал ибн Рабах ал-Хабаша, сподвижника Пророка, ставшим первым муэдзином (призывающий на молитву). В действительности же небольшая группа мусульман во главе с Усманом переехала в Эфиопию еще в 615 году, спасаясь от преследований корейшитов – мекканцев, враждовавших с Пророком. Западная, в частности английская школа изучения ислама считает, что переселение мусульман в Африку произошло в результате внутренних противоречий в общине. Сторонники этой версии ссылаются на то обстоятельство, что определенная часть эмигрантов – мусульман упорно не хотели возвращаться к Мухаммеду, когда его положение в Медине достаточно укрепились.

На самом деле распространение ислама на Черном континенте происходило посредством торговых отношений, причем некоторые местные племена выступали посредниками между арабскими мусульманами и новообращенными из Северной и Черной Африки. Северная Африка примерно через столетие после распространения там ислама приняла арабский язык. Исламская культура в Черной Африке с населением свыше 150 миллионов человек известна своим удивительным разнообразием и демонстрирует интересную панораму этнического и культурного многообразия в рамках единства региональной культуры и самого исламского общества.

В качестве четвертого культурного региона ислама следует назвать **Тюркоязычный регион**, который объединяет народы, говорящие на одном из языков алтайской группы. Главный из этих языков – турецкий, но важными являются также азербайджанский, киргизский, казахский, туркменский, татарский, уйгурский и узбекский языки, относящиеся к данной группе. Предки народов, относящиеся к этому культурному региону, были степняками – кочевниками, пришедшими с Алтайских гор в район Центральной Азии, где было сильно влияние персов – огнепоклонников. Тюрки не только одержали победу над иранскими правителями такими, как Саманиды, но и нанесли сокрушительный удар по Византийской империи. Победа над византийцами и постепенное вытеснение их из Малой Азии заложили основу для создания Османской империи и наконец для окончательного покорения Константинополя в 1453 г. В ратном деле турки были могущественными и покорили многие исламские страны, такие, как Иран и Египет, но их роль в новой истории ислама была невелика. [2]

Сегодня тюркоязычные народы насчитывают более 150 миллионов человек, живут на огромных просторах от Македонии до Сибири, вплоть до Владивостока. Эта этническо-языковая группа географически является самой крупной в исламском мире. Кроме того, во многих нетюркоязычных странах, таких, как Иран, Афганистан, Египет, Иордания, Сирия и Россия, проживают большие группы тюркоязычного населения. А тюркоязычные меньшинства России, в основном, являются потомками народов, покоренных в процессе завоевательных походов русских царей.

Пятым культурным регионом ислама является Индостанский полуостров. В первом десятилетии VIII в. воины исламского полководца Мохаммада ибн Касема покорили Синд. Тем самым было положено начало проникновению ислама на полуостров. Но главным фактором распространения ислама по всей Индии были суфийские группы. Начиная с XI в. Тюрские правители совершили несколько нападений на Индию, и до английской колонизации значительная часть Индостанского полуострова, особенно его север, где монголы в VIII столетии образовали мощную империю, входила в состав мусульманских владений. Ислам в Индии, несмотря на наличие некоторых иранских и тюркских элементов, этнически однообразен, однако в языковом и культурном плане ему присуще довольно

значительные разнообразие. Персидский язык в течении около тысячи лет был научным и литературным языком индийских мусульман, но одновременно языками мусульманского общества являлись и местные, такие, как хинди, гуджарати, пенджаби и бенгали. Начиная с XVI-XVII вв., в результате смешения персидского и индийских языков, а также некоторых тюркских элементов стал постепенно формироваться новый язык под названием урду. В нем использовалась арабско- персидская графика и он стал одним из важных языков ислама, а позднее – официальным языком Пакистана.

Индостанский исламский культурный регион включает Пакистан, Бангладеш, индийских и непальских мусульман, и мусульманское общество Шри Ланки. Общая численность населения этого региона оставляет около 400 миллионов человек. В этом отношении он превосходит каждый из четырех вышеназванных исламских регионов. Индийские мусульмане стали авторами многих величайших произведений исламской культуры и искусства.

Шестой регион исламской культуры территориально совпадает с просторами малайского мира (**Малайский регион**) в Юго-Восточной Азии. Распространение ислама в этот регион началось в XIII в. через арабских купцов с берегов Персидского залива и Арабского моря (Красное море), а также посредством индийских суфиев. Поэтому отличительной чертой ислама в Малайском регионе является глубокое влияния суфизма.

Малайский ислам использует малайские и яванские языки и охватывает многочисленное население в таких странах, как Индонезия, Малайзия, Бруней, а также этно-конфессиональное меньшинства на Филиппинах, в Таиланде, своих последователей в Кампучии и Вьетнаме. Мусульманское общество региона в целом составляет более 220 миллионов человек. Со времени распространения ислама в данном региона прошло не так уж много времени, тем не менее, малайские мусульмане славятся своей острой приверженностью исламу и сунне Пророка.

Кроме шести вышеперечисленных, следует назвать еще несколько относительно малых исламских культурных регионов. Одним из них является **Китайский регион** исламской культуры, история которого начинается с VIII столетия. В те времена быстрого распространения ислама мусульманские купцы поселились в китайских портовых городах, в частности, в Кантоне. Мусульманами в

Китае являются тюркоязычные уйгуры, а также коренные китайцы из народности гуйи, мусульмане встречаются и среди представителей титульной нации – ханьцев. Реальная численность мусульман в Китае не известна и оценивается в пределах от 25 до 100 миллионов человек. Китайские мусульмане славятся своими архитектурными, каллиграфическими и интеллектуальными традициями. [3]

К малым регионам исламской культуры относятся и территории, заселенные мусульманами из числа **коренных народов Европы** (не считая тюркоязычных мусульман Болгарии, Греции и Македонии), которые приняли ислам в XV-XVI вв.

К таким народом относятся главным образом албанцы, живущие в самой Албании, в Косово и в Македонии, и боснийцы, основной территорией проживания которых является собственно Босния, а также частично Хорватия и Сербия. В этническом плане эти народы относятся к европейцам. Поэтому познание их культуры полезно как для лучшего понимания всей полноты исламской ойкумены, так и для установления дружественных отношений между исламом и Западом в рамках современной Европы.

Наконец следует назвать и новое **исламское общество в Европе и Америке**, образовавшееся из переселенцев и неофитов, то есть новообращенных. Это общество состоит из нескольких миллионов выходцев из Северной Африки во Франции, примерно трех миллионов турок и большого количество курдов в Германии, около двух миллионов выходцев с Индийстанского полуострова в Англии и других не столь многочисленных, но весьма влиятельных групп в различных европейских странах. Среди американских мусульман большое количество выходцев из стран Арабского Востока, Ирана, Индостанского полуострова, а также неофитов-мусульман, главным образом, из числа афроамериканцев и, в меньшей степени, белых.

Распространение ислама среди афроамериканцев было начато Амиджахом Мухаммадом. Это он организовал общество «Исламская нация» («Движение темнокожих мусульман»), которое выступило против расистских настроений в среде белого населения.

В Европе проживают около 25 миллионов мусульман, в Соединенных Штатах Америки – почти 6, в Канаде – 500 тысяч, а в Южной Америке - около 2 миллионов. Все цифры касающиеся количество мусульман в вышеуказанных странах шестилетней

давности и с учетом очень высокой рождаемости мусульманского населения в отличие от остальных, можно себе представить общее количество последователей Пророка в современном мире.

Кратко описанные нами исламские культурные регионы включают в себя удивительное разнообразие народностей, языков, направлений искусства и музыки, обычаев и традиций. Среди мусульман есть представители всех без исключения антропологических типов – люди с черными и рыжими волосами, голубыми и карими глазами. Но в сердцах у этого огромного разнообразия людей царит чувства единства, подпитываемое исламом. Это единство проявляется в чтении Корана как на Востоке, так и на Западе на арабском языке, в совершении ежедневных молитв лицом к Мекке, в следовании указаниям и деяниям Пророка, в соблюдении требований шариата, в духовном аромате суфийских братств, в общих чертах в искусстве и во многом другом. [4]

Присущее исламу миру единство вовсе не означает однообразие, наоборот, ислам восприимчив к многообразию. На протяжении всей своей истории ислам привлекал и объединял многочисленные человеческие сообщества и, признавая Богом данные противоречия в этих обществах, создавал всемирную цивилизацию.

Литература:

1. Аристотель. Соч.Т.4.М.,1998.
2. Мор Т. Утопия. М.,1996.
3. Политология: хрестоматия / Сост. проф. М.А. Василик, доц. М.С. Вершинин. - М.: Гардарики, 2000. 843 с.
4. Тойнби А. Дж. Постижение истории: Сборник / Пер. с англ. Е. Д. Жаркова. — М.: Рольф, 2001—640 с.

Ислам последняя мировая религия, поэтому он успешно развивался. Религия арабов за короткий период превратился в мировую религию. Одна из главных особенностей ислама это впитывать в себя элементы духовно-культурной жизни народов тех регионов, где он распространился. Тем самым ислам смог создать всемирную мусульманскую цивилизацию.

Қ.Жұмағалиев өлеңдеріндегі көркемдік ойлау табиғаты

А.Ы. Мамыров
ф.ғ.к., доцент, Батыс Қазақстан
инженерлік-гуманитарлық университеті, Орал қ., Қазақстан

Көркемдік ойлау – кемел ойлы халық дүниетанымының күрделі, кешенді жаңа әлемінің көрсеткіші. Әлем халықтарының фольклоры мен әдебиеті мұраларының барлығында да жалпы адамзатқа ортақ көркемдік таным әлемі болмысының сараланғаны байқалатыны мәлім. Ал, қазақтың дәстүрлі ақындық поэзиясынан бастау алған жазба ақындар поэзиясының көркемдік ойлау жүйесі арқылы халық дүниетанымына тән даналық-ойшылдық, этнопедагогикалық-этнопсихологиялық көзқарастар тереңдіктері айқындалады. Бұл орайда, ғалым-әдебиетші С.Негимовтың «Көркемдік ойлау» атты ғылыми мақаласындағы тұжырымдардың методологиялық жолдарына айрықша назар аударамыз:

«Көркемдік ойлау – өнер туындысын жарататын және одан эстетикалық нәр алып қабылдайтын ақыл-ой қызметінің ерекше бір түрі. Мұның ғылыми-теориялық ойлау жүйесінен өзгешелігі бар. Көркемдік ойлаудың табиғаты мен мәні – дүниені көркемдік тұрғыдан игерудегі рухани қабілет екендігімен анықталады.

Образдық-сезімділік тұрғыдан әлемді тану, адам болмысына үнілу, тіршілік-тұрмыс мәнісін бағалау, көңіл-күй құбылыстары және қиял ырқымен жүзеге асатын суреті, бейнелі ұғымдар синтезі көркемдік ойлаудың ерекшелігі болып табылады.

...Болжаушылық, тұспалдау, ықтималды ойлау қабілеті – көркемдік ойлаудың ерекше белгі сипаттары. Дүниені, болмысты, жапанды тұтас тану, сондай-ақ жан-жақты жарқырата көрсету, оның үн-дыбысқа, бояуға, мағына-сырға толы келбетін ойша қамту, әдепкі таным-білігіміздің көкжиегін кеңейту көркемдік ойлаудың жасампаздық сипатын көрсетеді. [1, 118 б.].

Көркемдік ойлау құр қиял емес, шығармашылық адамының дүниені танып білудегі, өмірлік тәжірибесімен қорытылған өзіндік пайымы, түйсігі. Сондай-ақ авторлық көркемдік ойлаудың табиғатынан оқырманның таным көкжиегін кеңейтетін рухани күш жатқандығында көруімізге болады. Мұны ақынның "Таңырқаман" өлеңін оқу барысында көз жеткізугізге болады.

«Ал өз басым
Көп таңырқай қоймаймын,
Көне тарих шежіресіне бойлаймын:
«Жаббар ием
Әр халыққа
Жерді де
Пейіліне сай бөлген бе?!» - деп ойлаймын» [2,19 б.].

Ақынның таңырқамауы самарқаулықтан емес, өз тарихын жетік білгендіктен. Жұртының иелігіндегі жер кеңдігін пейіл кеңдігімен аастастыруда ақынның құр болжамнан гөрі көне тарих шежіресіне бойлауға көңіл аудартуы құптарлық. Әрі осы өлең түйінінде жаратушы пендесіне пейіліне қарай ризық етеді деген ұлттық түсінік жатыр.

Өлеңнің жүрекке жетуі, жан азығына айналуы шығарушысының өмірді өлең тілімен өрнектей білуінде. Өлең деген ұйқас, өмір деген өзіміз тірлік етіп жатқан орта деп, алғашқысына айтылмақ ойды мағыналық жағынан қорытыңдалауға жарарлық буыны мен дыбысталуы үйлесіп келетін сөздерді тізбелеп, соңғысына көрген-білгеніміз бен ес білгелі естігенімізді сыналап қаға беретін болсақ, "кемшілігі әр жерден көрініп тұр-аудың" нақ өзі болады. Қазақ поэзиясында жарқ етіп із қалдырған Төлеген Айбергеновтің "Өлең жазу оңай деймісің қарағым" сөзі шығармашылық адамына өнерде ұстанар кредосына айналуы тиіс. Сонда ғана көркемдік ойлау нәтижесі шынайы көркемдік-эстетикалық қазынаға айналады. Бұл үшін мейлі ертегі айт, бірақ таным түп қазығына арқандаулы "ақ боз ат пен көк боз атты" эмоция жетіқаракшысына алдыртпасаң болғаны. Яғни, жоғарыда айтқан өмірді өлеңге айналдыруда тәсілдің оңтайын таңдаған таңдаған дұрыс. Ақын Қайрат Жұмағалив мұны "Ертегі" өлеңінде тапқан сияқты.

«Үміт жібі үзілуге қалғанда,
Жүрек лүпіп,
Ішімізде от жанғанда,
Асыл жандар жетуші еді арманға
Темір етік теңгедейін болғанда» » [2, 32 б.].

Ақын бәрімізге бала жастан оқыған ертегіміздің рухани нәрімен санамызға сіңісті болған "Темір етік теңгедейін болғанда» сөз саптауын

әдейі алып, көркемдік ойлаудағы ишара, яғни, тұспал, нышанмен ойын жеткізу тәсілі арқылы оқырманына ой тастаудың әдемі үлгісін көрсетіп тұр.

Ақын өлеңдеріндегі көркемдік ойлау табиғаты әр қилы. Бұл әрине заңды құбылыс. Қоршаған орта, адамдар қарым-қатынасы шығармашылық адамының көркемдік ойлау қиялына өз әсерін тигізетіні анық. Міне осыдан келіп жазған дүниелерінің жанрлық ерекшеліктері шығады. Бұған әсер ететін факторлар күйбен тірліктегі күрсінулер мен шаттанулар. Ақынның "Әже әзілі" өлеңі осының анық бір айғағы.

«Сәлемдессен

Ақ әже өңін беріп,

Хал-жағдайын сұрасаң,

Көңілденіп:

-Сыйып жүрміз әйтеуір әупіріммен, -

деп күледі:

-Келінге келін болып!» [2, 42 б.].

Дәстүрлі ақындық поэзияда келіннің жақсы, жаман қасиеттері қатар салыстырыла айтылатын танымдық тұрғыдағы дидактикалық өлеңдер болса, ақын Қайрат Жұмағалиев өлеңінде бұл тақырып кейіпкер сезімі арқылы лирикалық өлең болып тұр. Біріншісінде философиялық ойды төтесінен төгіп айтар образдылық басым болса, екіншісінде ақын өмірден қорытқан өзіндік өмір тәжірибесін төтесінен емес, жанамай, бүкпелеу амалы арқылы, көркем жүйеге тән тың тапқырлықпен бейнелеп көрсетіп отыр.

Академик З.Ахметов сөз өнері мұраларындағы осындай дәстүрлі қолданыстардың фольклор мен әдебиет мұраларында үздіксіз қолданылып келе жатқанына баға бере келіп, мұндай қолданыстың психологиялық- сыншылдық, көркемдік ойлауға қатысты ерекшеліктерін тұжырымдаған:

«Әзіл – күлдіргі сөз, кекесін, сықақтың қалжыңмен келетін жеңіл түрі. Әзілдеу – адамның бойындағы, іс-әрекеттеріндегі, сөйлеу мәнеріндегі кемшілікті сыпайылап айту, әзіл-ойдың өткірлігі, кемшілікті көре білетін, қиыстырып айтатын тапқырлықтан туады..." дейді. [3, 55 б.].

Демек, ақын Қайрат Жұмағалиевтің "Әже әзілі" өлеңінің табиғатында қазақ халқының сөйлеу мәдениетіндегі дәстүрлі ментальдік пен қиыннан қиыстырып айту тапқырлығы жатыр.

"...Әдепкі таным-білігіміздің көкжиегін кеңейту көркемдік ойлаудың жасампаздық сипатын көрсетеді" деген пайым ақиқаттығын Қайрат ақынның "Жер кіндігі" өлеңін оқығанда тағы бір рет қайыра көз жеткізгендей боласын.

Он сегіз шумақтан тұратын өлеңді толықтай мысал ретінде алу мүмкін болмағандықтан сюжетті өлеңнің мазмұнын қысқартып баяндар болсақ, тақырыпқа сұранып, келемеждің сын садағына үнемі ілініп тұратын өзіміз көз көрген ауыл Қожанасырының кушактарды тауып айтқан уәжімен жібсіз байлауы нанымды суреттеледі. Қулық сауып, құтырыңған топтың "Жер кіндігі қайда?!" деген желікпе сұрағына Қожанасыр қайырыла мойның бұрғызбастай, қайтара сұрақ қойғызбастай жауабын береді.

«Өздеріңді келер дәйім қоштағым,
Жауабыма бір жалған сөз қоспадым.
Шынын айтар болсам –
Жердің кіндігі –
Осы біздің үй тұрған жер достарым!

Дей алмаспын: жұрт тек мені қолдасын.
Сөз қисынын сезінбесе – ол да сын.
Айтқаныма күмәнділер табылса –
Дәлелдесін.
Қарсы емеспін өз басым».

Жоғарыда атап өткен әдепкі таным-білігімізде шыр етіп дүние есігін ашқан, кіндік кескен құтты мекен туған жер аталатынын білсек те, өзің тұрған үйді логикалық тұрғыдан алғанда "жер кіндігі" деп атауға болатындығы қисынды екендігін білмеппіз. Бұл сөз жоқ таным көкжиегін кеңейтетін көркемдік ойлаудың жасампаздық сипаты. Мұнан кейінгі өлеңді түйіндеуші шумақ дүниетанымызға тағы бір кірпіш болып қалана түскендей.

"...Аталы сөз асқарынан аспаған,
Сөзге тоқтап,

Жеңілсе де саспаған
Қазақпыз біз.
Жер кіндігі, шынында,
Өз Отаның,
Өз Елің,
Өз баспанаң" [4, 30-31 бб.].

Өлеңдегі кейіпкер Қожанасырдың аузымен айтылған мына сөздер даурықпа топтың мысын басты деумен тоқталсақ, өлеңдегі авторлық көркемдік ойлаудың тұңғиығына сүңги алмағанымыз. Аталы сөзге тоқтау ұлтымызға атаның құты, ананың сүтімен берілетін қасиет. Өз баспанаң, Өз Елің, Өз Отаның шынында Жер кіндігі. Бұл түйіндеулер пайым түсінігімізді кеңейтітіп тұрған шын мәнінде сәтімен туған авторлық көркемдік ойлау жемісі екендігіне ешкімнің дауы жоқ.

Қайрат Жұмағалиев өлеңдеріндегі негізгі идея, пайым ұлттық болмысымызды таныту. Құндылықтарымызды боямасыз ұлықтау, қырсыздығымызды бүкпесіз айту. Ұлт ретінде мәдениетіміз бен өнеріміздің бастаулары әріде жатқандығын паш ету, мақтан тұту, сондай-ақ олардың кейбір жұрттардың күйреуге ұшыраған руханият көздеріндей жоғалып, не болмаса солғындалып кетпей, қайта халықпен бірге жаңғырып келе жатқандығын шынайы толғаныспен жыр ету. "Өнерге ода" өлеңінен де осыны оқи аламыз.

«Әманда әділдікке жол табатын.
Ол емес
Ақиқаттан жалтаратын
Қазақта
Тура бидің туғаны жоқ,
Сөйлесе
Таңдайынан бал таматын.
Солардың мақтан тұтам шешендігін,
Қауысқан бізге аман-есен бүгін.
Дәлелдеп кеткен олар
Мәңгілікке
Қызыл тіл –
Өнер алды екендігін» [4, 33 б.].

Ақын өлеңде өнерге ода айта отырып, соқтықпалы, соқпақсыз жолды жүріп өткенде болмысын жоғалтпаған халқына да ода айтады. "Жер бегінде жел өшірген із аз ба?" дегендей қаншама өркениеттің құрдымға кеткені тарихтан белгілі. Осыларды оқып, естіп қорытынды шығарған ақын жүрегі мәдениеті мен өнерін көздің қарашығындай сақтай білген жұрттың өкілі атынан "Солардың мақтан тұтам шешендігін, Қауысқан бізге аман-есен бүгін" деп жырлайды.

Өлеңнің бірінші, екінші шумағында халықтың сан ғасырлар бойы өмірді тануынан қорытылып шыққан "Тура биде туған жоқ", "Өнер алды - қызыл тіл" мақалдары шумақтың тармағын толтыру үшін емес, шумақтағы айтылар ойдың ұлттық дүниетаныммен қабысып жатқандығын аңғарту үшін алынған көркемдік ой жемісі рухани тірек сөздер.

Өлең мәтініндегі мақалдардың құрылысы жағынан өзгеріске түсуі айтылмақ ойды тап басып көрсету үшін жасалып отыр. Бұл әрине бұрыннан поэзияда бар әдіс. Ақын Қайрат Жұмағалиевтің бұл жердегі тапқырлығы неде мәселесі бізді қызықтырады. Бірінші шумақтағы мақалдың түп нұсқалығын өзгеріске ұшыратып тұрған ілік септік тұлғалы "бидің" сөзі мен тәуелдік тұлғалы "туғаны" сөзінің қызметі мақалдағы негізгі идея адресі түп қазық "Қазақта" сөзіне бағытталып тұрғанын көрсету. Екінші шумақтағы мақалда айқындалушы сөзді бірінші, айқындаушы сөзді екінші беріп, ("Қызыл тіл – Өнер алды екендігін") тұлғалық өзгеріске түсірудегі негізгі мақсат халықтың тілі өнерінің басы болып қала беретіндігін санаға рух қуатымен сіңіру.

Ақын Қайрат Жұмағалиевтің соңғы жылдары жазылған өлеңдерінің көпшілігі ұлттық болмысты, Құдіреті күшті жаратушыны танудан туындаған танымдық толғаныстар. Жас ұлайғаннан кейін саналы адамды мазалайты сұрақтарда арта түсетіні мәлім, кешегі кеңестік идеология шығармашылыққа өз ізін қалдырғаны анық, тәубе деп тәуеліздікке қол жеткізген тұста тегімізді, тәңірімізді ардақ тұту, қастерлеу өмірде де, өнерде де қайта оянды. Соның бір жарқын дәлелін ақынның "Имандылық" атты мінәжат жанрында жазылған өлеңінен оқи аламыз.

«Сап-сап деп мінез құлыққа,
Бас иген имандылыққа
Береді дейді құдайым
Ақ пейіл, көңлі тұныққа.

Адамға дәйім дем берер
Әділдік қана теңгерер.
Мейірбан келер фәниде
Хақ жолын тұтқан пенделер [4,168 б.].

Төл әдебиетіміздегі мінәжат жанрының дамуы - әдебиет тарихының өн бойына созылып жатқан құбылыс. Әрине, мұның бәріне тоқталып жату міндет те емес, дей тұрғанмен зерттеу нысанына айналып отырған өлеңмен байланыстырып, жазба әдебиетіміз қалыптаса бастаған тұстағы мінәжат өлеңдердің жай-күйіне аз кем тоқталар болсақ. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы - қазақ әдебиетінде ақындардың даралық бітімі, тұлғалық ерекшелігі, лирикалық мені барынша айқындалған тұс. "Алланың өзі де рас, сөзі де рас" деп тәмам елді ғибратқа ұйытқан, "Алла деген сөз жеңіл, Аллаға ауыз жол емес" деп рухани бағдар сілтеген Абай ақынның мінәжат жырлары, XX ғасыр басындағы әдебиеттегі айрықша сипатты шығармашылық иесі Мағжан Жұмабаевтың Жаратушыға қарата жазылған жырларымен жалғасты. Санасында сан түрлі таным тоғысқан, арғы-бергі әдебиеттегі ағым-бағыт атаулыны сын көзбен саралап таныған, поэтикалық біліктілігі мен ақындық қуаты сай қосылған ақынның аталмыш тақырыптағы өлеңдерінде соны сезім, тосын ой, тансық теңеулер жеткілікті. Мұны Мағжанның "Тәңірі" атты өлеңін оқу барысында көз жеткізе аламыз.

Кеңестік саясат дендемей тұрған алғашқы кезеңде туындаған шығармаларда Алланың аты азды-көпті ауызға алынғанымен, бертініректе бұл үрдіс сап тиылды. Кеңестік дәуір мінәжаттары - "күн көсемдерге" арналған мадақ жырлары болды.

Кеңес үкіметі ыдырағаннан кейін қол жеткізілген тәуелсіздік қазақтың тұсаулы рухына берілген тәуелсіздік іспетті болды. Бұл кезеңде қазақ әдебиетінің бағыты күрт өзгеріп, аңсарлы тақырыптар іркілмей жырға қосылды, діни-иман мәселесіне арналған туындылар көптеп жазыла бастады. Солардың бірегейлерінің қатарына ақын Қайрат Жұмағалиевтің жоғарыда көрсетілген өлеңі жатады.

Қайрат Жұмағалиев өлеңдеріндегі идеялық-таным мен көркемдік-эстетикалық ізденістер өз заманынан бастау алып бүгінгі еркін рухты жырмен жалғасады. Ақынның өмірді тануынан оның жан сарайын, азаматтық келбетін, ұлттық болмысын көргендейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Негимов С. Ақын-жыраулар тілінің бейнелігі. – Алматы: Ғылым, 1991. – 200 б.
2. Жұмағалиев Қ. Күншуақ. - Астана: Елорда, 2001. – 240 б.
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. / Құрастырғандар: З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 240 б.
4. Жұмағалиев Қ. Жарық дүние. - Алматы: 2012. – 364 б.

Ағартушылық бағыт және арнаулы сала тілі

А.А.Абдильманов ф.ғ.к.
доцент, Батыс Қазақстан
инженерлік-
гуманитарлық
университеті, Орал қ.,
Қазақстан

Ағартушылық бағыт ұстанған ұлт зиялыларының шығармашылық еңбектері қазақ тіліндегі арнаулы сала тілінің қалыптасуына айрықша үлес қосты. «Сол ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ тілін жалпы халықтық тілге негіздей отырып, оның орасан көп байлықтарын кең түрде пайдаланған және оны қалыпты арнаға енгізген – қазақтың тұңғыш ағартушы-ғалымы Шоқан Уәлиханов, педагог-жазушысы Ыбырай Алтынсарин, классик ақыны Абай Құнанбаевтар болды. Қазақ жазба әдебиетінің негізін салушысы Ұлы ақын Абай Құнанбайұлынан бастап, сөз өнерін жазбаша өрбіткен ақын-жазушылардың белгілі дәрежеде әдебиеттегі сала тілін қарқынды дамыта түскендігі хақ. Бұл тұста Рабиға Сыздықованың әдеби тілдің тарихын зерттеу еңбектері аса құнды [1]. Абайдың *–лық* жұрнағы көмегімен туғызған жаңа атау сөздерінің терминдік мәнде қолданылуы әдебиет ғылымының тілі жаңаша тұрғыдан дами бастағанының дәлелі (*ынтықтық, масқаралық, қырмызылық т.б.*) Әрине, сөз өнері қазақ даласында ауызша түрде ертеден қалыптасқан, алайда жазбаша түрдегі сала тілінің негізінде туған ғылым тілі – термин сөздің бекуіне алғашқы қадам болып саналады.

XIX ғасырда Қазақ даласында тұңғыш мектеп ашып, балаларды қазақ тілінде оқытқан Ыбырай Алтынсариннің оқу-ағарту саласында есімі ерекше аталады. Алғаш педагогтың атау сөз қалыптастыру ісіне де өз үлесін қосқаны анық. Оның 1879 жылы Орынборда жарық көрген «Қазақ хрестоматиясы» алғашқы оқу құралы болып табылады. Кітаптың алғы сөзінде: «Бұл хрестоматияны мен екі кітап етіп шығаруға ойладым... Екінші кітапта, қазақтың төл әңгіме, аңыздарынан басқа, табиғат тарихы, мен жалпы тарих жөнінен, география, өндіріс техникасы жөнінен мақалалар қоспақшымыз», - деген екен (*Қазақ хрестоматиясы*). Профессор Сұлтанғали Садырбаевтың берген анықтамасы бойынша Ы.Алтынсариннің Орынбор қаласында шыққан «Қазақтарға орыс тілін оқыту құралы» деген тіл біліміне қатысты еңбегінде *зат есімді – нәрселердің атауы, сын есімді – зат-мақұлық қасиетінің аттары, сан есімді – есеп аттары, есімдікті – местоимение (қазақшаға аудармаған), үстеу мен демеуді – ақыры өзгермейтін сөздер, жалғауды – предлог, етістікті – глгог* деп атаған. Бұдан көретініміз – аталған тіл білімінің ұғымдарына термин сөз қалыптастырудың бастауы ғана. Ағартушының бала оқыту ізгі ісі, тырнақалды атау сөздері өзінен кейінгі зиялы қауымға үлгі бола алды. Сол секілді «пән сөздерін» қазақ тілінде қалыптастырған Ахмет Байтұрсыновпен бірге Жүсіпбек Аймауытовты, Ғұмар Қарашты, Мағжан Жұмабаевты айрықша атап кетуімізге болады.

Ғалым Мақсат Тәж-мұрат өз зерттеу еңбегінде М.Ысмағұловтың пікіріне сүйене отырып: «Шын мәнісінде педагогика теориясын (қағидасын) ана тілімізде жазған тұңғыш автор Ғұмар Қарашев», - деген ой түйеді. Ұлттық педагогика тарихын зерттеушілер бұл орайда 1918 жылы «Абай» журналының 2-нөмірінде жарияланған Ж.Аймауытовтың «Тәрбие» дейтін мақаласын ауызға алады. Ал «Педагогика» деген арнайы ат қойылып жазылған еңбек – Ғұмар мақаласы (осы аттас екінші көлемді еңбек – Мағжан кітабы 1922 жылы жарық көрді), - деп көрсетеді [2, 205 б.]. Сол сияқты Ғұмар Қарашевтың арнаулы сала тілін соның ішінде терминдерді қалыптастырудағы еңбегін зор бағалап былай дейді: «Ғұмардың педагогикалық мұрасының назар аударарлық бір қыры – ол қолданған терминдер, терминдік орамдар, мәселен: *жан көзі, таза дақ, кішкене ақыл, адасу кірі, көңіл көзі, ақыл жолы, жосық кісі (личность мағынасында), ақыл нәтижесі, әр жаның өзіне хас сұлбасы, мінез-*

құлықтың бастапқы өрлік тоғысы, жанның табиғи сүгіреті, кәнігі дәрігер (профессионал врач), әшкере сұрау, бала хұқығы т.б. Бұл аталған орамдар ұлттық педагогикалық қағидалар, оған сай терминдер жасалып жатқан қазіргі кезеңде маңыздылығын жоғалтқан жоқ деп есептейміз. Мысалы, Ғұмар «адам» сөзін мүлдем қолданбайды десе болады. Ол бұл сөзден діни көлеңкесі болған соң қашып отырған жоқ. «Адамды» ол «адамзат» мағынасында қарастырады да, жеке адам яки «личность» сөз болған жерде «кісіге» жүгінеді. Осы «кісі» кейде «жан» ұғымдарын қарастыру барысында қолданылған, ол көбінесе психологиялық талдауларға барады» [2, 208 б.].

Ғалым өз еңбегінде ғылыми болжамдары мен салыстыруларына қосымша Ғұмар Қарашевтің 1919 жылы «Мұғалім» газетінің №2, 7 сандарында шыққан Педагогика кітабынан мысал-үзінді келтірген:

«... Егер сіз тәрбиеңіздегі балаларға саналы ешбір нәрсе бермей, оларды ақыл жұмсалатын жұмыстар турасында оң менен солды да айыра алмастық етіп, денесі сау, мүшелері күшті күйінше он екі жастарына жеткізе алмасаңыз, ол уақытта сіздің басқа берген сабақтарыңыздан –ақ олардың көңіл көздері ақыл жолына қарай ашылар еді, жаңылыс жаман әдеттен таза тұрған олардың зейіндері жүректері сіз беретін адамшылық жобаларын қарсылықсыз қабылдар еді, сөйтіп, сіздің қолдарыңызда олар ақылды жосық кісілерден болып жетер еді» ... [2, 207 б.].

Ғұмар Қарашев бала тәрбиесіне қатысты ойларын шартты бағыныңқы сабақтас сөйлем түрінде, салыстыра отырып баяндайды, талдауға алады. Сөйлемдері тілек ету формасында құрылған. Оған дәлел: мақсатты келер шақ тудырушы –ар, -р жұрнағына көмекші етістік түріндегі «еді» сөзінің тіркесуі (*ашиыл+ар немесе қабылда+р еді*). Сол секілді ойды жеткізу үшін ауыспалы мағынадағы *оңды-солды айыру* деген тұрақты тіркесті *жаман мен жақсыны білу* мағынасында, *әдет, көңіл көздері, ақыл жолы, зейін, жосық кісілер, адамшылық жобалары* сияқты сөздер мен сөз тіркестерді термин ретінде қолданған. Оқулық жазушы қазақтың төл сөздерін терминдік мәнде қолдану арқылы ұтымды ой беретін сөйлем құрылымын түзген. Алайда мәтін құрылысында, біздің байқауымызша, шұбалыңқылық пен эмоционалдылық-экспресивтілік іздері байқалады. Мысалы, авторлық тілек, не қалау мәнінің текстен көрініп тұруы, сөйлемнің көп компонентті болуы, **-ақ** демеулік шылауын қолдану арқылы көтеріңкі

айтылған компонентке эмоционалдық жүк артуы секілді ерекшеліктері бар.

Мағжанның 1922 жылы Ташкент қаласында шыққан «Педагогика» кітабында арнаулы салаға қатысты өзіндік лексика қолданылып, қазіргі таңда да нақты қолданыста жүрген терминдер анықталған. Мысалы, *абай, әсер, әдет, ес, жан, хиял, қайрат, құлық* т.б. Математика саласы бойынша «пән сөздерін» қалыптастыруға елеулі үлес қосқан Сұлтанбек Қожанұлының 1924 жылы Ташкент қаласынан шыққан «Есептану құралы» атты кітабын, 1927 жылы Мәскеу қаласында баспадан шыққан Ж.Күдериннің «Өсімдіктану» еңбегін және Елдес Омарұлының 1928 жылы Қызылорда қаласында жарық көрген «Пішіндеме» оқулығын айрықша атап кетуге болады.

Е.Қ.Әбдірәсілов «Қазақ терминографиясының ғылыми-теориялық негіздері» деп аталған докторлық диссертациясында «алғашқы лексикографиялық сөздіктердің құрамында «пән сөздер» көпшілік қолданысындағы сөздердің қатарында берілді дей келе, «бұл еңбектер терминографияның қызметтерін жүзеге асырмаған еңбектер деп кесіп айту орынды болмайды. Мақсатты түрде терминографиялық еңбек болып жарық көрмегенімен, терминдерді құрамында қамтыды, жаңа атаулар мен сол кезеңдерде аталған «пән сөздерін» оқушысы мен қолданушысына жеткізді», -деп ой түйеді [3, 11 б.]. Сөзсіз, жаңа ұғымды танытып тұрған атау сөздің болашағын оқушы мен терминді қолданушы шешеді. Жаңа ұғым қоғамдық қажеттілікке орай туған соң, оның жаңа атауын жалпы халық тіліне сіңіру әрекеті табиғи не жасанды жүргізіледі. Ғасырдың басында Елдес Омарұлының «Пішіндеме» пәні бойынша қолданған терминдері: *«текше», «қиықша», «өлшеуіш»* т.б. Сұлтанбек Қожанұлының «Есептану құралы» атты кітабындағы «Математика» пәні бойынша жазылған терминдері: *«жақша», «бөлгіш», «бөлім», «алым», айырым»* т.б., Ж.Күдериннің «Өсімдіктану» еңбегіндегі *«аналық», аталық», «сабақша» «тұқым»* сияқты терминдері ұлт тілімен табиғи үйлесімділік тауып, өміршеңдік танытты, терминге айналды. Алайда көптеген ғылым салалары бойынша арнайы тіл қалыптастыру жағдайы болмады. Біріншіден, жекелеген ғылым салалары бойынша қазақ тілді арнайы мамандардың болмауы болса, екіншіден, қазақ ұлтының өкілдерінен тек қана белгілі бір салаларда мамандар даярланып, ресейлік саясатты жүргізу көзделді. Ол даярланған мамандардың негізгі бөлігі орыс тілінде тәрбиеленіп, қазақ тілінде оқулық не оқу құралын қалыптастыруға

мүмкіндіктері аз болды. XX ғасырдың басында сала мамандарының ішінен кәсіби білім мен білік жиып, өз білгенін хатқа түсірсем деушілер де табылып отырды. Мысалы, 1929 жылы мұнайшы Сабыр Шарипов алғаш қазақ тілінде жазылған «Непті» атты еңбегін баспаға ұсынады. Бұл еңбектің тағдыры туралы автор 1930 жылы шыққан «Советская Степь» газетінде: *«Мен бұл кітапты 1925 жылдың жазынан бастап, 1928 жылдың 15 қаңтарына дейін жаздым. Өзімнің мұнай маманы емес екендігімді біле тұрсам да, тек қана кітапта өзімнің Ембінде болған 5 жыл еңбегімнің тәжірибесін жинақтадым. Баспаға 1929 жылдың 15 қаңтарында тапсырсам да, бұл кітап әлі күнге дейін шықпай отыр»*, - деп өзінің зор өкінішін білдірген.

Аталған еңбек 1931 жылы Қызылорда қаласынан «Непті» деген атпен жарық көрген. Бұл мұнай және газ өндірісіне қатысты жазылған тұңғыш еңбек. Кітапта баяндау, сипаттау, анықтау бағыттары ұстанылып, сала бойынша арнаулы сала тілін қалыптастыруда алғашқы қадам жасалған. Осыған орай термин мәндес сөздер (кәсіби сөздер, диалектілер, орыс тіліндегі терминдері қазақша дыбыстауға лайықтаған сөздер), арнаулы оралымдар көптеп қолданылған. Қазақтың байырғы сөздеріне терминдік қызмет атқартып, жаңа ұғымға атау ретінде пайдаланған. Мысалы, *бел темір, құбыр, бұрғы, қабат, жер май, жердің қабығы, балауыз, күбі, борабай, құлақ, кез т.б.* Орысша терминдерді қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына бағындырып қолданған термин мәніндегі сөздер де жиі ұшырасады. *Мысалы, борабай, газ, кәресін, насос, тұрба, білөк, кілөс, семент, долот, атмаспір т.б.* Сол секілді арнаулы сала материалын баяндаудың моделін қалыптастыруға талпынған. Түсіндіру мен анықтауды негізгі мақсат тұтқан автор сипаттау арқылы, риторикалық сұрақ қойып, оған жауап беру арқылы материалды салиқалы да, салмақты тілде баяндаған. Мысалы, *««Непті» деген май пайдалы, күннен күн ілгері басқан сайын адам затқа өте керек болып бара жатқан көп байлықтардың бірі. Алтын, күміс, асыл-болат адам баласына қандай керек болса, «непті» сол нәрселерден артығырақ керек»* [4, 1 б.].

Қорыта айтсақ, ұлт зиялыларының XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында оқу-ағарту ісінің көшбасында жүргені айдан анық, олардың әр ғылым саласы бойынша еңбек етіп, сол саланың тілін дамыту, салалық ілімді насихаттау, тарату мәселелерімен де етене

араласқандығын да айғақтайды. Бастысы – ұлт зиялыларының жекелеген ғылым салаларында ғылыми тілдің негізін сала білгендігі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. –Алматы: Арыс, 2004. -189 б.

2 Тәж-мұрат М. Ғұмар Қараш (өмірі мен шығармашылығы). – Ақтөбе: А-Полиграфия ЖШС, 2004. – Б. 205-208.

3 Әбдірасылов Е.Қ. Қазақ терминографиясының ғылыми-теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 2007. – Б. 10-14.

4 Шарипов С. Непті. - Қызылорда, 1931. – Б. 5 – 49.

РАЗВИТИЕ ДВИГАТЕЛЬНЫХ КАЧЕСТВ В УСЛОВИЯХ УРОКА

Альмуханов Б.У., к.п.н., профессор

ЗКГУ им. Утемисова,

Супьянова А., Жазивихин Н., Хасанғалиев Е.-

студенты 2-го курса ЗКГУ, г. Уральск, Казахстан

Тема развития двигательных качеств, в том числе и у детей, довольно глубоко изучена и заложена в научной и методической литературе. Однако сказанное на относится в полной мере к развитию двигательных качеств в процессе обучения на уроках физической культуры. Здесь еще есть « белые пятна », допускается существенные ошибки. Возникают они, когда учитель недостаточно глубоко знает основы теории и методики развития двигательных качеств, а поэтому не в состоянии творчески применять знания с учетом особенностей учебно – воспитательного процесса на уроках физической культуры.

Чтобы правильно, с высокой эффективностью вести занятия по развитию двигательных качеств в процессе обучения на уроках, необходимо в первую очередь знать общие основы теории и методики этого вопроса. Поскольку он достаточно полно раскрыт, ограничимся ссылкой на литературу.

Однако знание теории и методики лишь основы работы. Успешный результат ее зависит от умения творчески применять знания с учетом особенностей задач физического образования школьников, с учетом конкретных условий проведения уроков.

Какие же особенности надо знать и учитывать, прежде всего? Тема «Развитие двигательных качеств» рассматривается отдельно. Сам же процесс развития двигательных качеств – один из элементов процесса физического образования, цель которого – научить детей управлять собственными двигательными действиями. Умение это включает в себе три органически слитых, неразрывных компонента – знания, навыки, качества. Это необходимо учитывать, планируя развитие двигательных качеств. И не следует преувеличивать значение их, придавать им какую – то самодовлеющую роль.

В сущности, они важны не сами по себе, а только в совокупности с двумя другими компонентами, чтобы овладеть умением, управлять собственными двигательными действиями. А для этого важно, чтобы двигательные качества развивались своевременно и, главное, гармонично. Дисгармония здесь такое же отклонение от нормы, как диспропорция в телосложении. Не только не оправданно, но и вредно наращивать, например, силу в ущерб скорости, ловкости, выносливости. Такая практика неизбежно приводит к односторонности в физической подготовленности детей. Поэтому совершенно неверно поступают учителя, которые «во главу угла» учебной работы ставят развитие двигательных качеств, кредо таких учителей обычно – нагрузка, нагрузка для «накачивания» силы. Естественно в ущерб приобретению знаний, в ущерб правильному выполнению техники движений.

И понятно, что «накаченные» силой ученики не знают, зачем она им, не умеют её правильно применять, не умеют ориентироваться в незнакомой обстановке. Более того, учителя, бездумно «качающие» силу, порой даже не замечают, что не достигают результатов. И главным образом потому, что не обращают внимания на правильную технику движений. При неправильном же выполнении не получается воздействия на те мышцы, развивать которые собирался учитель. Например, самое простое движение – сгибание и разгибание рук в упоре лежа. Приходится, к сожалению, наблюдать, как это упражнение дается неподготовленным ученикам. Естественно, плечи у них «проваливаются», не выдерживая упора, дети ложатся на бедра, не

полностью сгибают и разгибают руки, а выполняют движения туловищем. Тем не менее учитель продолжает подсчитывать, сколько раз ученики проделывают упражнение. Такие и им подобные примеры не так уж редки. Они свидетельствуют о неверном понимании основ развития двигательных качеств.

Двигательные качества проявляются только при выполнении конкретных двигательных действий. Чем лучше обучены дети, тем успешнее развиваются у них и физические качества. Нельзя развивать их безотносительно к намеченным для разучивания конкретным двигательным действиям. Это положение учтено в школьной программе. В ней указано, какие именно качества надо развивать в связи с выполнением тех или иных двигательных действий – из раздела « Гимнастика », « Легкая атлетика » и др. Обозначено так же и средства, наиболее целесообразные для развития указанных качеств с выполнением конкретных двигательных действий. Однако нельзя понимать, что только эти средства можно и надо использовать. Они указаны лишь как ориентиры. Правильно поступают учителя, которые имея введу ориентиры, творчески относятся к подбору средств для развития двигательных качеств.

Зная, какие качества развивать, надо тщательно продумывать средства и методику использования их. Нельзя механически планировать: 15 – мин – на разучивание техники, 10 мин. – на развитие двигательных качеств. Нужно подобрать такие подводящие и подготовительные упражнения, которые были бы взаимосвязаны по содержанию и одновременно способствовали и развитию двигательных качеств, и освоению техники и управлению приобретенными навыками и умениями. Важно развивать качества только целенаправленно, только во взаимодействии с выполнением (освоением) конкретных двигательных действий. Гармоническое, целенаправленное развитие двигательных качеств в единстве с разучиванием техники движений, достигается благодаря многократному повторению специально намеченных общеразвивающих, подводящих, подготовительных упражнений, а так же самого ценностного разучиваемого двигательного действия в облегченных и усложненных условиях.

Литература:

1)Теория и методики физической культуры. Под редакцией Альмуханова.Б.У 2011, Астана.

2) Теория и методики физической культуры. Под редакцией
Ашмарина.Б.А 1990, Москва

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Нұғманова Х.Е., Игимбаева К.А
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда қ., Қазақстан

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына жолдауында (2008 ж) тәуелсіздіктің 16 жылы ішінде біз қоғамдық тұрақтылықты, ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуде. Қазақстандық біртұтастықпен жалпы қазақстандық патриотизм ді қалыптастыруда өз моделімізді жүзеге асырдық [1]. Ел тарихын зерделеп қарайтын болсақ халқымыз өзінің ұлы даласын, оның байлығын қорғап қалу үшін, небір, жаулармен күресіп, оларға бір сүйем жерінде бастырмай ерлік көрсеткені белгілі. Қазақ халқының қас батырлары Жанқожа, Бұқарбай, Есет, Жалаңтөс т.б. Отаны, халқы үшін қасық қаны қалғанша туған жерін жаулардан қорғап қалды. Батырлардың Отан үшін көрсеткен ерліктерін халқымыздың ақын-жыраулары өз шығармаларына арқау еткені қазақ фольклорының тарихынан көрініс тапты.

Қазақ халқының батырларының ерліктері жас ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеуде аса маңызды. Себебі өскелең ұрпаққа қазақ елінің тарихында ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазіргі кезде келе жатқан отаншылдықты, елжандылықты арттыру – қазіргі кезде көкейтесті мәселелердің бірі болып отыр. Қандай қиыншылық заманда да «малым – арымның садағасы» деген қағиданы халқымыз өмірлік ұстанымға айналдырып, ерлік туын жоғары ұстағанын тарих бетінен білеміз. Қазақ халық педагогикасындағы өзіне тән ұлттық құндылықтар, қазақ ойшылдарымен ағартушыларының, қоғам қайраткерлерінің үлгі-өнегесін

жастар тәрбиесінде тиімді пайдалану бүгінгі күні қажет-ақ деп есептейміз. Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде халқымыздың мақал-мәтелдері, аңыз әңгімелері, салт-дәстүрлерінің маңызы зор, мысалы: «Еңбек ерлікке жеткізер, ерлік елдікке жеткізер», «Ер жігіт елі үшін туады, елі үшін өледі», «Жеріне лайық елі туады, еліне лайық ері туады», «Отан үшін күрес-ерге тиген үлес». «Бірлік бар жерде, тірлік бар», «Ер болсаң еліңе қызмет ет», «Отан оттан ыстық», «Ел намысы-ер намысы», «Жауға жаныңды қисаңда, арыңды қима». Балалар мен жастардың патриоттық санасын дамытуда халық педагогикасын кеңінен пайдалану, соның ішінде халқымыздың ақын-жыраулары Асанқайғы, Шалкиіз жырау, Ақтамберді жырау, Бұқар жырау, Махамбет Өтемісұлы, Дулат Бабатайұлы шығармаларының да алатын орны ерекше. XV ғасырдағы қазақ ақын-жырауларының көрнекті басшылары-Асанқайғы мен Қазтуған туған жеріне, қолпаштап өсірген елге деген ыстық ықылас ел қамы, ар, намысы үшін күрес, әділдікті, туралықты құдірет тұту олардың шығармаларынан өзекті орын алған. Ел қамын көп ойлап, көп толғанған Асанқайғы өзінің толғау-жырауларында не жақсы, не жаман, не ғаріп деген мәселелер төңірегінде ой толғап, замана жайында философиялық пікірлерін айтқан. «Тыңдаусыз сөз ғаріп, заманасыз қария ғаріп» деген ой пікірлерді термелей келе

«Мүритін тауып алмаса,

Азғын болса пір ғаріп...

Ата жұрты бұқара

Өз қолында болмаса,

Қанша жақсы болса да,

Қайратты туған ел ғаріп» - деп, ел басқарып отырған көсемінің әділ болуын, қол бастаған батырдың сарбаздары мен халқына өсиетін қалдырған:

«Арғымаққа мінді деп,

Артқы топтан адаспа

Күнінде өзім болдым деп,

Кең пейілге таласпа.

Ғылымым жұрттан асты деп,

Кеңессіз сөз бастама

Жеңемін деп біреуді,

Өтірік сөзбен қостама –деген, өлең жолдары өмірде қандай бір белеске көтерілсең де оған қалай жеткенінді кімдерді өзінді қолдағанын, қандай ортадан шыққаныңды ұмытпа деп ескертеді. Ақын

жастарды Отанын, туған жерін, елін сүйуге , қадірін білуге, қиыншылық бола қалса қорғай білуге үндейді. XV ғасырдың екінші жартысымен XVI ғасырдың бірінші жартысы аралығында өмір сүрген қазақтың жыраулық поэзиясының алыбы Шалкиіз Тіленшіұлы – ер жігіттік ерлікпен аты шығатынын нағыз батыр туған ердің қиындық біткенге шыдап бағып, халық қамын ойлауға, ел үшін белін буып, күреске шығу керектігін айтады:

Ғаділ төре ел бастар,
Аға жігіт қол бастар.

Шешен адам сөз бастар, - деп, жігіт «Сегіз қырлы, бір сырлы» болса екен деген ойды топшылайды. Елі үшін еңіреген ердің бірі – Ақтамберді жырау шығармаларында нақыл сөздер, афоризмдік толғаулар, халықтың тіршілік тынысы мен кәсібі, мінез құлық ерекшелігі, ақынның жастарға айтар өсиеті көптеп кездеседі.

Балаларыма өсиет,
Қылмаңыздар кепиет.
Бірлігіңнен айрылма,
Бірлікте бар қасиет.
Татулық болар береке,
Қылмасын жұрт келеке,-

деп ел бірлігін, татулығын, достықты дәріптейді, адал еңбек етуге шақырады. Елін, жерін, ауыл-аймағын, бала-шағасын жаудан қорғау әрбір саналы азаматтың парызы деп есептелінген:

Асқар бір тауды жайласам,
Желілеп бие байласам.
Күнде жиын, күнде той
Қыз-бозбала ойнатсам.
Тентегін түзеп байқа деп,
Ішінен биді сайлатсам, -

деп ақын ел бірлікте, бостандықта болуын, жастардың жарасымды өмір сүруін армандаған. Жыраудың жырлары балалар мен жастарды туған елін, жерін сүйе білуге шақырады, елжандылыққа тәрбиелейді. YI-IX ғасырларда қазақ жерін мекендеген ұлы түркілердің ардақтайтын моральдық құндылықтарының ішінде отансүйгіштік рух жетекші орынды алады. «Тоныкөк» жырындағы Тоныкөктің өмірі мен қызметі, түркі халқының патриоттық тарихы және өсіп келе жатқан ұрпақты ерлік дәстүрінде тәрбиелеу турасында айтылады. Жырда

қағанның кеңесшісі Тоныкөк үшін халық пен Отан даңқы бәрінен жоғары екендігі көрінеді:

«Бүкіл түркі халқына
Қарулы жау келтірмедім,
Атты әскер жолатпадым.
Еліміз қайта ел болды,

Халқымыз қайта халық болды, - деген жыры Отанға деген сүйіспеншілігін көреміз[2].

Қазақ халқының тарихында өзі қазақ жырауларының арасында аты шыққан Бұқар арқалы жырау, әділ би болған. Өзінің отансүйгіштік туралы ой-пікірлерін Абылай хан саясатын қолдап, қазақ елінің берік болуын жырлайды. Өз толғауларында ерлікті, батырлықты, адамгершілікті жоғары бағалайды. Сондай-ақ ел арасында ірі феодалдардың іріткі салуына, барымта-қарымта мәселелеріне қарсы шығып, елдің тыныштығын қолдаған жырау болды. Оның жырларындағы:

«Ер жігітке жарасар,
Қолындағы найзасы.
Би жігітке жарасар,

Халқына тиген пайдасы», - деген тағылымды жолдары ерлік пен елдіктің негізін отаншылдық дәстүрмен байланысты түсіндіреді. Ақын қазақ батырларын бірлікте болуға шақырған төмендегі өлең жолдарынан көрінеді:

Есі Қабанбай-құлыным,
Шекемдегі тұлымым,
Омырауымдағы Жұлыным
Ала болсақ өзіміз,
Жолармыз қалмақ жұлыған,
Бастырмаққа ұмтылар,
Сүйретіп бізге тұлыбын .
Қазақ қалай ел болар,
Сыйламаса ұлығын?
Алалық көрсе бізден жау,
Салар қармақ, құрығын.
Арманым – бірлік арманым,
Арманым үшін қармадым.

Ел үшін егесіп, халық қамын ойлаған ерлердің бірі дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлының өлеңдерінде ерлікті паш етіп, азаттықты армандаған дана бабаларымыздың өшпес рухы жырланған .

«Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай
Еңку-еңку жер шалмай,

Ерлердің ісі бітер ме?»-деген жыр жолдарында азаматтарды өзінің Отаны үшін ерлікке шақырады.

Қазыбек биге бір адам «кім жақын, не қымбат, не қиын?» деген сұрақтар қойған екен.Бұл сұраққа би бабаларымыздың жауабынан үзінді келтірейік:

Алтын ұяң – Отан қымбат,
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат,
Асқар тауың – әкең қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат,
Ұят пен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.

Дана халқымыз жаугершілік заманның өзінде де көрші халақтарды татулыққа, қиын мәселелерді келіссөзбен шешуге тырысып отырған.Бұл жөнінде атақты билеріміз Төле, қаз дауысты Қазбек, Әйтеке елді бірлікке шақырып, өнеге көрсетіп отырған.Енді қаз дауысты Қазбек бидің қалмақтарға елші болып барғанда өз халқын былайша таныстырған екен:

Біз,қазақ,мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз,
Басымыздан құт-береке қашпасын деп,
Жеріміздің шетін жау баспасын деп,
Найзаға үкі таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз,
Достықты сақтай білген елміз,
Дәм-тұзымызды ақтай білген елміз.

Ғасырлар бойы қазағымыздың қанына сіңген асыл қасиеттерін, таным-тағылымдарын бүгінгі педагогикалық ұғымдар тұрғысынан қарасақ халқымыз өз ұрпағын еңбекқор, ел бірлігін сақтайтын, ешкімнің жеріне көз тікпейтін,елін қорғайтын, достықты сақтай білетін дарқандығы екені байқалады. Сондықтан халық даналығы мынадай

мақал-мәтелдерді ұстаным еткен: «Бірлік бар жерде, тірлік бар», «Ер болсаң, еліңе қызмет ет», «Отан оттан ыстық», «Туған жерді аяла,туған елді саяла», «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Ел намысы - ер намысы», «Жауға жаныңды қисаң да, арыңды кима».

Халқымыз өз өмірлерінде, тұрмыс тіршілігінде «қарыз», «парыз» деген ұғымдарды ұрпақ тәрбиесінде жиі қолданып отырды. «Қарыз» - біреудің уақытша немесе, яғни қарызға зат алып оны қайтарып беру ұғымынан басқа да руханиетті қарыздарлық мағынасында да айтылады. Ата-бабаның, ата-ананың, халықтың, Отанның, адамзаттың алдында рухани міндетпен қарыздарсың. Ал «борыш» сол рухани қарыздылықтың ұлттық дәстүрге айналған, ата-баба, ата-ана алдында өтелетін тарихи қалыптасқан салт. «Борыш» деген қасиетті міндет ұғымы адамзат өмірінде, жеке тұлғалық және ұлттық намыс арқылы салт-санаға сіңіп, заманында заңдылыққа айналып, ол «парыз» деп аталады. Қазақ халқы «перзенттік парыз» ұғымын жоғары бағалаған.Отанның адал перзенті болсаң, Отан-ана алдындағы перзенттік парызыңды өте.

Халқымыз ауыз әдебиеті шығармаларында, ұлы Дала тарихында, өнер туындыларында Отанын сүю, ерлікпен елін қорғау, батырлық туралы небір тәлім-тәрбиелік ойлар айтып, ұрпаққа өсиет,нақыл сөздер арқылы олардың сана-сезіміне ендірген. Халқымыздың қаһарманы Бауыржан батыр «Отаның үшін отқа түс-күймейсің,-дейді.Отанның, егеменді елдің иесі-адалжүректі адамдар ата-ана, аға-іні, апа-қарындас, бауырластар мен ағайындар, достар мен жолдастар, көршілер мен жерлестер, айналадағы асыл адамдар.Халық дәстүрінде міне осыларды сүюге жас ұрпақты жалындата тәрбиелеу борыш болып саналады.Қазақ халқында «Басқа елде сұлтан болғанша,өз елінде ұлтан бол», «Ит тойған жерінде,ер туған жерінде» деген тұжырымдар елді сүюге, оған қалтқысыз қызмет етіп, қастерлеуге шақырады. Еліміздің дербес ел болып, егеменді мемлекет болуы, халқымыздың ертеден бергі тәуелсіздік үшін, туған жері – Отаны үшін күресінің нәтижесі. Бүгінгі күні еліміздің әлемдік өркениеттен өзінің орнын алуға ұмтылып отырғаны заңды құбылыс болып табылады. Қазақстанның тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің 2014 жылғы халыққа жолдауында Қазақстанды «Мәңгі Ел» деп атады. Сондықтан бұл мұрат халқымызды жарқын болашаққа апаратынына кәміл сенеміз.Қазақстан халқы ерікті болуға, дамыған едермен терезесі тең болуға, берекелі,ынтымағы жарасқан халық болуға барлық күшін аямай еңбек

етуде. Мұндай халықтың жастары өз елінің нағыз патриоты болуға тиіс. Сөзімізді халқымыздың мыны бір мақалымен аяқтауды жөн көрдік: «Өскен ел тарихын таспен жазады, өшкен ел тарихын жаспен жазады». Жас ұрпақ туған жері мен елі туралы ғасырлар бойы мысқалдап жинаған тарихын қастерлеп, сол арқылы Отанын шексіз сүйетін азаматты қалыптастыру – бүгінгі күннің көкейтесті мәселелерінің бірі болып отыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә – «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттің саясатының басты мақсаты». – Қазақстан халқының жолдауы (2008 ж). – Астана, 2008, 6 ақпан.
2. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991.
3. Джанбаева Р.А. Қазақ ақын –жыраулары мұраларының патриоттық тәрбиедегі тәлім. – Білім берудегі менеджмент, 2006, №2.
4. Бұқар жырау . – Ай, Абылай, Абылай! – Толғаулар. – Алматы: Жалын, 1993.

ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫН ОҚЫТУ ӘДІСІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯСЫ.

Батыс Қазақстан
инженерлік-
гуманитарлық
университетінің
аға оқытушысы
Қуаныш Т.Т.

Орал қ., Қазақстан

(Слайд арқылы көрсетіледі)

Б1. Қазақтың жыраулары: Асан, Ақтамберді, Доспамбет, Қазтуған, Үмбетей, Шалкиіз, Бұқар, Жиёмбет, Көтеш, Тілеуке (Шал) т.б.

Б2. Тақырыптардың шығу тарихы: Ұлт-азаттық қозғалыс, саяси жорықтар; Қоғам, оның адамы; Өмір сырлары; Батырлар, даналар, ел қорғаушылар іс-әрекет; Туған жерге деген сүйіспеншілік.

Б3. Шығармашылық ерекиеліктері: Толғау мәні, ой тереңдігі; Шешендікке құрылуы; Даналық, пәлсапалық; Ақыл-нақылға толылығы; Бейнелі, образды тіл кестесі; Азаттық үні.

Б4. Толғаулар тақырыбы: Өмір жайлы; Ел жайлы; Адам жайлы; Туған жер жайлы; Азаттық жайлы; Адамгершілік жайлы; Достық т.б. жайлы.

Б5. Негізгі сипаты: Романтикалық шарықтау; Оптимистік рух; Тәтті мұң; Ащы шындық; Торығу, зарығу, түңілу; Айбарлы, асау үн; Үндеу, шақыру.

Б6. Маңызы. Мәні. Өткен тарихты білу; Ауыз әдебиетінің ұлылығын түсіну; Ауыз әдебиетінің даналық, шешендік, пәлсапалық сипатын түсіну.

Б7. Жырау кім? Белгілі хандардың ақылшысы, биі, сыншысы; Қоғам қайраткері; Қолбасшысы, әскербасы, батыр; Дидактикалық толғаулар авторлары; Афоризм, шешендік, даналық көздері; Толғап-толғап сөйлейтін шешен, данагөй.

Жырауларды таныту моделі.

Бұл құрылым жыраулар шығармашылығын өту кезеңінде де, қорытынды, коррекция сабақтарында да тиімді болып келетіндігі дәлелденген. Әсіресе оқушылардың білім деңгейін өз беттерімен анализ, синтез, баға беру сияқты танымдық іздендіру сатыларына жетелеуде қажетті құрал болып саналады.

Тапсырмалар үлгісі.

а) Мына кестелерді толтырып, «Жыраулар және толғауларының негізі» атты ойтүйін дайындату.

№1 ұсынба үлгісі: (Оқушылар өздері қалаған жырауды немесе жырауларды мысалға алуға болады)

Жырау(лар)	Толғаулардың тақырыбы, аты	Маңызы, мәні

Осы бағыт бойынша әр тақырыптағы жыраулар поэтикасына талдау жасау (өздері қалаған тақырып, жыраулар негізінде).

№2 ұсынба үлгісі:

Жырау-лар	Өмір жайлы толғаулары	Троптар	Фигуралар	Қосымша көркемдеуіштер

№3 ұсынба үлгісі:

Жырау толғауларындағы афоризм. Мына модельді толтыру, түсінік беру.

Афоризм анықтамасы	Афоризмдердің мағынасы, мәні, маңызы	Жыраулар афоризмі, өміршендігі	Бүгінгі қолданыстағы жыраулар афоризмі

№4 ұсынба үлгісі:

Жыраулар тілінің сөздігін құрастыру. Бұл тапсырманы топқа бөліне отырып орындап, соңынан қорытынды жасауға болады.

Жырау тілі	Мысалдар
- сөйлеу тілі	
- мақал-мәтел	
- даналық сөздер	
- шешендік сөздер	
- басқа тілдерден енген сөздер	
- тұрақты сөз тіркестері	
- поэтикалық тіл а) теңеу ә) эпитет б) метафора	
- ирония	
- сарказм	
- жырау жиі пайдаланылатын сөздер	

№5 ұсынба үлгісі

Жыраулар шығармашылықтарындағы үндестік пен басты ерекшеліктерді тауып, сараптама-талдау жазу.

Жыраулар	Үндестік	Жыраулық кезеңі, толғау тарихы	Қорытынды дәлел, себебі

№6 ұсынба үлгісі

Өздеріңе ұнаған жырау толғауларына әдеби талдау жасау.

Жыраулар	Толғаулары	Ұйқас түрлері	Поэтикалық тілі
Қазтуған	«Қайран да менің Еділім...»		

№7 ұсынба үлгісі

Жыраулар тарихы туралы аңыз бен шындықты саралау.

Жыраулар	Аңыз	Шындық	Қорытынды

1. «Жырау кім?» тақырыбы бойынша реферат жазу (әдебиеттің тізімі, мазмұны берілген).

Реферат жазу үлгісі:

- тақырыбы;
- мақсаты мен міндеті;
- болжам (гипотеза);
- жаңалық (рефераттағы өзіндік жаңалығы, ізденісі);
- қорытынды.

№8 ұсынба үлгісі

Мына кестені толтырып, жыраулар туралы мәлімет жинақтауды міндеттеу.

Жырау	Қай ханның тұсында өмір сүрген	Қандай қызмет атқарған	Басты шығармалары	Даналық, пәлсапалық ойлары

№ 9 ұсынба үлгісі

Жыраулар поэзиясы бағытындағы әр анықтаманы мысалмен дәлелдеу.

Жыраулар	Романтикалық шарықтау (қайшығармадан)	Оптимистік рух	Ащышындық	Мұң, зар, элегиялық сарын	Айбарлы үн, ерлік рух	Үндеу, ұрандау, өрлікке шақыру
Асан						
Қазтуған						

№10 ұсынба үлгісі

Қорытынды пікірлесу сұрақтарының үлгісі:

1. Жыраулар шығармашылығынан не алдың?
2. Менің сүйікті жырауым (неге ұнайды), т.с.с.
3. Жыраулар мұрасы және бүгінгі ұрпақ....
4. Мақсатым, оған жету шарттары т.б.

Шығармашылық дамыту:

- а) толғауларды мәнерлеп жатқа оқу;
- ә) аспаптар көмегімен мақамдап айта білу;
- б) инсценировка;
- в) арнау өлеңдер жазу (жырауларға арнау).

Толғау - қазақ, қарақалпақ, ноғай халықтарының ауызша поэзиясында кең тараған жанр. Толғау тектес сөз үлгілерін қырғыздар "санатна-сыятырлар", құмықтар "ойлу йырлар", башқұрттар "қобайыр" деп атайды. Ноғай мен құмық әдебиетінде ерлік толғауы мағынасында қолданылады. Негізгі бейнелеу тәсілі - дидактика. Толғауда кейде күрделі, көлемді лирикалық туынды, тіпті сюжетсіз поэма дерліктей сипат алады. Құрылысы тирада пішінді, буын саны аралас, кейінгі даму кезеңдерінде өзгеріске ұшырап, біртіндеп тұрақталған. Толғау ауызша дамып, біздің заманымызға ауызша жетті. Бір мақам мен музыкалық аспаптың сүйемелдеуінде орындалады. [« Қазақ әдебиеті». Энциклопедиялық анықтамалық. - Алматы]

Жыраудың жанры – толғау. Толғау – импровизаторлық дәстүрдің дара шығармашылық үлгісі. Сөз өнерінің толғау түрі ежелгі жазба ескерткіштерде аракідік бар болса да, оның жанр ретінде қалыптасуы – XV-XVIII ғасырларға сәйкес келеді. Осы кезеңде ол ерекше өркендеп, биік сатыға көтерілген. Толғау әуел баста магиялық, тотемдік сипатта, табиғат құбылыстарын адамға түсіндіру, бағындыру қажеттігіне байланысты дүниеге келсе де, сөз өнері күрделене, жетіле түсуіне сәйкес қоғамдық, әлеуметтік, этикалық, эстетикалық маңыз алып, жанр ретінде қалыптасып дамуы жыраулық поэзияға тікелей қатысты.

«Толғау» сөзі – толғану, толғаныс деген ұғымды білдіреді. Бұл сөздің ойға да, сезімге де қатысы бар. Сондықтан да толғаудың өзін мазмұнына, тақырыбына қарай ойға құрылған толғау (ой толғау), сезімге құрылған толғау (сыр толғау) деп жіктеуге болады.

Ойға құрылған толғауларда жырау – ең алдымен философ. Мұндай толғаулар нақыл, афоризм түрінде келеді. Атақты жыраулардың толғауларында кездесетін афористік сөздің көбі мақал-мәтелге айналып кеткен. Сонымен бірге жырау өзінің замана жайындағы түйгендерін, мораль, этика қақындағы ойларын баяндайды, қоғамдық мәселелерді көтереді.

Толғау халық нақылдарының афористік стиліне жақын және жұтынған, жарқын афоризмдерге бай.

Толғау деген атынан көрініп тұрғанындай-ақ шығарманың ойлану, толғану түрінде туатындығын байқатады. Сөздің әлеуметтік, азаматтық әуенінің артуы толғау ерекшеліктерінің бірі. Толғау үшін айтылмақ жайдың өзара байланысты болуы шарт емес, шығарманың тұтастығы мұнда суреттелмек құбылысқа автор қатынасының бүтіндігі арқылы, сондай-ақ тұрақты композициялы тәсілдерді қолдану нәтижесінде қамтамасыз етіледі.

Толғауларға сабақ үлгісі. (Автордың толғауы мысалға ұсынылады)

Сабақтың технологиялық картасы.

I БЛОК «Мақсаттылық»

Сабақтың тақырыбы: *«Ұлыдан алдым ұлағат»* (Т.Таймасұлы) толғауы, тәрбиелік мәні.

Сабақтың типі: Толғау туралы білімді бекіту.

Сабақтың түрі: Практикалық

Сабақтың мақсаты:

Білімділік:

Оқушыларға қазақ әдебиеті әлеміндегі өзіндік орны бар жырау толғаулары туралы жан - жақты мәлімет беру, жырау шығармаларының қазақ әдебиетіндегі орнының ерекшелігін көрсету, көркемдік әлемін таныту, шығармаларын талдап, көркемдік ерекшеліктерін танып оқи білуге үйрету; жырларының шығу тарихы мен шығарма мазмұнына әдеби талдау жасау;

Тәрбиелік:

Практикалық тапсырмалар орындату барысында ізгілік қатынасқа үйрету, адамды сүюге, өзін қадірлеуге, табиғатты сүюге, қорғауға, ерлікке, отансүйгіштікке, еңбексүйгіштікке, мейірімділікке, елін, жерін сүюге тәрбиелеу, гумандық, патриоттық тәрбие беру;

Дамытушылық:

Оқушылардың ой еркіндігін, эстетикалық сезімін ояту, өздігінен білім алып дами алатын тұлға қалыптастыру, шығармалардағы көркем сөз айшықтарын талдап, жүйелі мазмұндау арқылы тіл дамыту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру; өздігінен білім алуға баулу,

Кәсібилік:

Болашақ өз мамандықтарына сәйкес тәжірибеде көркем шығарма компоненттерін тиімді оқыта білуін, өз ойын жүйелі жеткізе білуін дамыту; жыр құрылысына толық әдеби талдаулар жасап, зерттеу жолдарын біліп, сабақ барысындағы әдіс - тәсілдерді тиімді қолдана білуге үйренеді

Күтілетін нәтижелер:

Базалық: - Толғаулардың нұсқалары, зерттелуі, көркемдігі туралы мәліметтерді біледі;

- Шығарманың ерекшеліктерін ұғынып әдеби - теориялық талдау жасай алады

Кәсіптік:

Тәжірибе жинақтау кезінде жыраулық поэзия әдебиеті үлгілерін, жыр мен терме ақын шығармалары, эпостық жырларын, жыраулық дәстүрдегі шығармаларды тиімді әдіс - тәсілдер арқылы меңгерту тәсілдеріне қанығады, өз білгенін түсіндіру әдісі арқылы баяндауға үйренеді.

Пәнаралық байланыс: Қазақ тілі, Қазақстан тарихы, әдебиеттануға кіріспе, музыка, география.

II БЛОК «Сабақтың жабдықталуы»

Көрнекі құралдар:

Тірек – сызбалар, үлестірмелі таратпа материалдар, деңгейлік тапсырмалар, бағалау ведомості, бағалау мониторингі, ОӘК, тест тапсырмалары, оқулықтар, магнитофон, интерактивті тақта, электронды оқулықтар, компьютерлер, ноутбуктер. Таратпа материалдар, деңгейлік тапсырмалар, жұмыс дәптерлері (электронды және қағаз нұсқалары)

Оқытудың техникалық құралдары: Магниттік тақта, видеопроектор, компьютерлер, интерактивті тақта, ноутбуктер т. б. «Қазақ әдебиеті» 9 - сынып. Электронды оқулық, БАПТО, 2009 жыл

Негізгі терминдер мен ұғымдар Ақын, жыршы, жырау, аударма, жазба әдебиет, көпнұсқалылық, эпостық жырлар, сөздік, хандық дәуір әдебиеті, көнерген сөздер түсіндірмелері

Сабақтың технологиясы мен әдістері: Дамыта оқыту, проблемалық оқыту технологиясы, тірек - сызбалар, сұрақ - жауап әдісі, баяндау әдісі, СТО әдістерін пайдалану, ақпарат құралдарынан жинақталған мәліметтер, интерактивті әдістер: түсіндіре - баяндау, миға шабуыл, ой қозғау, салыстыру, талдау, ақпарат беру, сөздік әдістері;

Жаңа сабақты меңгерту стратегиясы:

1-слайд: **Толғау мәтінін таныстыру:**

- Толғау мазмұнымен танысу;
- Мәтінді нақышына келтіре оқыту;
- Бөлімдік құрылымын анықтау;
- Толғауды сазымен тыңдау, құлаққа сіңіру.

2-слайд: **Толғау туралы түсінік беру.**

Анықтамалық таным:

«Толғау» сөзі – толғану, толғаныс деген ұғымды білдіреді. Бұл сөздің ойға да, сезімге де қатысы бар. Сондықтан да толғаудың өзін мазмұнына, тақырыбына қарай ойға құрылған толғау (ой толғау), сезімге құрылған толғау (сыр толғау) деп жіктеуге болады. Толғауда терең азаматтық әуен, ірі қоғамдық, әлеуметтік, саяси философиялық тақырып ерекше орын алады. Негізгі бейнелеу тәсілі - дидактика.

Танымды кеңейтуге деңгейлік тапсырмалар: (Үлгілер, ұсынбалар)

I деңгей тапсырмасының үлгісі:

- 1.Жыраулардан қалған әдеби мұраның нұсқалары, негізгі зерттеушілері туралы не білесің?
2. Жыраулар шығармашылығы, түркі халықтарына ортақтығы, негізгі себептері қандай?
3. Жырау шығармаларының тарихи негіздері туралы қандай деректер білесің?
4. Танысқан мәтіндегі ақынның жыры арқылы кейіпкер ретінде сипаттама жасаңыз.
(Автор жырында көрініс тапқан жеке тұлғалық қасиеттерін ғана атап көрсетіңіз.)
5. Ақын толғауларының өзіндік ерекшеліктері.

II деңгей тапсырмасының үлгісі:

- 1.Толғауда кездесетін афоризмдік тіркестерді таптырып, мағынасын аштыруға жұмытану керек. *(Әрине, бағдарламалық сабақтарда. Ол әр пән мұғалімінің әдістемелік шеберлігіне байланысты).*

Ойтолғам.

Интерактивтік тақтадағы тірек белгілері:

Толғау құрамындағы нақылдық тіркестер:

...Жақсы болса, қадамың,

«Мақсат болса, талпынған,

Шыққаның биік шың болар.

Мұратың ерсе артыңнан,

Ер жігітке көп болмас,

Қырының қырық болғаны,

Қанағатсыз тоқ болмас,

Жігіттіктің нарлығы-

Ақыл – ойдың болғаны,

Арулардың бар құны-

Көкіректің тарлығы- Сыйластықтың солғаны. Адал достың барлығы-
Көкіректің тарлығы- Сыйластықтың солғаны. Адал достың барлығы-
Болашағын ойлайтын- Ақылды өскен жас болар. Тек құлқынын ойлайтын-
Ата салтын ойлайтын- Жамандыққа қас болар! Ата сөзін жоймайтын- Ақылы асқан бас болар!

2. А
сөз
қан
қайыр,

3. Келесі кезекте ақынның сөз қолданысы, әдеби - көркемдегіш тәсілдерге талдау жасатыңыз. Адам образын жасауда жыршы, жырау қандай көркемдік үлгілер қолданады, оқиғаны дамыту ерекшелігі қандай т.б?

5. Халық тәуелсіздігі, ел бостандығы, сөз бостандығы, жеке тұлға жайлы өзіндік пікіріңіз айтқызығанның кемшілігі болмайды..
(5 - 6 сөйлеммен, нақты түрде ғана)

III деңгей тапсырмасы:

Тест сұрақтары арқылы танымдарын бақылау, тексеру, жүйелеу бағытында жүргізуге болады.

Қорытынды:

«Ұлыдан алдым ұлағат» толғауында қолданылған көркемдік тәсілдерді мысал келтіре отырып талдап көрсетіңіз:

- арнау түрі;
- афоризмдер;
- өсиет;
- бата;
- риторикалық сұрау;
- теңеу;
- астарлау;
- эпитет;
- метафора т.б.

Олардың ақын туындыларын көркемдеудегі маңызы неде?

(Негізгі оқулықтар бойынша зерттеушілер пікірлерін салыстыра отырып, өзіндік ізденіс жұмысын жүргізу)

Автор толғауларына қатыстырып «XXI ғасыр жырауларының негізгі тақырыбы не болар еді?» тақырыбына байланысты өзіндік ой - пікіріңізді білдіріңіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі (Құрастырушылар: З. Ахметов, Т.Шаңбаев) Алматы: «Ана тілі», 1778. – 384 б.
2. Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы: Жазушы, 1784.
3. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы, 1773, 212-бет. Қабдолов З. Жанр сыры. – Алматы: ҚМКӘБ. – 1764. – 171 б.
4. Қабдықайырұлы Қ. Оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы: Оқу құралы. – Алматы: РБК, 1999.
5. Мусаева Ж. Поэзиялық шығармалар арқылы оқушылардың өзіндік ұстанымын қалыптастыру. Голос и видение. – 2006.- №4 18-22-б.
6. Бітібева Қ. Қазіргі кезең әдебиетін тереңдетіп оқыту.- Семей «Үш биік», 2007.

АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.М. Бимашева-магистрант
Ғылыми жетекші-ф.ғ.д., проф. М.Б.Сабыр
Батыс Қазақстан Инженерлік Гуманитарлық Университеті
Орал қ., Қазақстан

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық құбылыс. Бір тіл – бір ұлт. Кез-келген халықтық ойлау ерекшелігі оның ұлттық тілінде көрініс табады, халық даналығы, дүниетаным көзқарасы тілінде түйінделеді. Тіл қазынасына жататын көкейге қонымды, бейнелі, алуан түрлі тұрақты тіркестер. Олардың тілдік табиғаты, заңдылықтары, құрылымдық ерекшеліктері әлемдік тілдердің көпшілігінде зерттеліп келе жатқаны белгілі. Себебі, олардың шығу төркіні, көнеленуі, мағыналық құрылымы, тұлғасы жағынан және стильдік тұрғыдан өзіндік ерекшеліктері бар. Осы көркем, мазмұны терең, көлемі шағын-қабат тіркес, тізбектердің танымдық мәні ерекше. Уақыт өте келе ықшамдалып, өңделіп, халықтық ортақ мұраға айналған сан-саналы тізбектерді жинақтап, бір ізге түсіру, олардың мазмұн межесіндегі кодқа салынған әр түрлі ақпараттарды айқындау тіл мамандарын ерекше қызықтырып отыр.

Әлемдегі тіршіліктің бар саласын қамтитын әр ұлттың өзіне ғана тән көркем сөз орамдары – фразеологизмдерді молынан табуға болады. Фразеологизм тілдің айшықты да, мәнерлі, бай саласының бірі. Бұлар өзінің бейнелік, әсерлік, экспрессивті – эмоциялық, суреттеме қасиетімен көзге түседі. Осындай көркем, пәрменді бояуы қанық алуан түрлі фразеологизмдерді халық орынды пайдаланып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Халықтың талай ғасыр сомдап шығарған тұрақты тіркестері – фразеологизмдер тіл қазынасының бір бөлігі.

Тоқсан ауыз сөзді тобықтай түйінге сыйғыза отырып, халықтық сана-сезім, салт-дәстүр, мәдени тұрмыс тарихын бейнелейтін фразеологизмдерді оқып танымайынша, тіл байлығын, тіл ерекшелігін толық түсіну мүмкін емес. Халықаралық және тіларалық қатынастар

дамыған осы кезеңде шетел тілін ана тілімізбен салғастыра зерттеу тіл білімінің әрбір саласы оның ішінде фразеология, этнолингвистика, лингвомәдениеттану ғылымдары үшін маңызы зор.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің қалыптасуына ағылшын және қазақ ғұрыптарының тарихи, рухани және материалдық мәдени дәстүрлері негізгі себеп болған деп тұжырымдаймыз.

Қос тілдегі фразеологизмдердің қалыптасуының тағы басқа толып жатқан негіздері баршылық. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің құрылымдық сипатына тоқталмас бұрын, ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің сипатына тоқталып өтейік. Фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығын әрбір тіркестегі сөздердің грамматикалық сипатына қарап танып білуге болады. Алайда, фразеологизмдердегі негізгі сөздердің лексика-грамматикалық мағынасы мен фразеологизмдердің тудыратын мағыналары үнемі сәйкес келе бермейді. Сондықтан, фразеологизмдердің қай сөз табына қатыстылығын анықтау үшін фразеологизмдерден туатын фразеологиялық мағынаны салыстырып, бір жақты емес, жан-жақты талдап, қарастырдық.

Белгілі бір ұғымды бір сөзбен де, екі немесе одан да көп сөздердің жымдасып келіп, жанама мағынада айтылуы арқылы да білдіруге болады. Ал, фразеологизмдер ағылшын және қазақ тілдерінде де жеке сөздің қызметін атқарады. Қос тілдегі фразеологизмдерге ортақ қасиет, олардың құрамындағы сөздердің дараланбай, мағынасының тұтастығы мен бірлігіне бағынышты әрі тәуелді болып, бір сөздің орнында жүруі. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер белгілі бір сөз табына бағынышты болып келіп, мағына жағынан бір ұғымды білдіреді де, бір сөздің орнына жүреді, ал сөйлем ішінде бір ғана сөйлем мүшесінің қызметін атқарады [1, 74].

Фразеологизмдерді белгілі бір сөз табына жатқызу мәселесін қарастыруда компоненттер құрамының беретін мағынасына, морфологиялық табиғатына, синтаксистік қызметіне байланысты екенін айта келіп, ғалым Г. Смағұлова оларды 6 топқа бөлген: 1.Етістік мағыналы фразеологизмдер; 2.Есім мағыналы фразеологизмдер; 3.Үстеу мағыналы фразеологизмдер; 4.Одағай тұлғалы фразеологизмдер; 5.Әр тарапты (модаль) сөздерден жасалған

фразеологизмдер; 6.Сөйлеу дағдысына (речевой штамп) қолданылатын фразеологизмдер.

Фразеологизмдерді сөз таптарына байланысты жүйелеу жайлы пікірлер көптің қасы. Мысалы: І. Кеңесбаев, Э. Айдаров, Р. Жайсакова сынды зерттеуші ғалымдар фразеологизмдердің сөз табына қатысын жан-жақты қарастырған.

Фразеологизмдердің сөз табына қатыстылығын олардың басқа сөздермен байланысса, сөйлем мүшесі болатындығын Х. Қожахметова мақұлдап, “сөйлем мүшесі белгілі бір сөз табына қатысты” деп түйіндейді [2, 55]. Фразеологизмдер мен сөздер бірінің орнына бірі жүре тұра білдіретін мән-мағыналары тепе-тең болады деп айта алмаймыз. Себебі, фразеологизмнен туатын ұғым жеке сөзбен салыстырғанда анағұрлым күшті, әсіре мағынада айтылады, сонымен қатар жағымды-жағымсыз экспрессивтік мәні болады. Жеке сөз белгілі бір нақты ұғымды білдірсе, фразеологизмдер дара ұғымды күрделендіріп, бейнелеп суреттейді, Осыған орай Э. Болғанбаев: «сөз табына қатыстылығын анықтау үшін негізгі сөз бен жалпы тіркестен туатын фразеологиялық мағынаны салыстыра отырып шешу керек», — дейді [3, 62].

Кейбір фразеологизмдердің құрамындағы етістік тек қана Passive Voice формасында қолданылады. Мысалы: *be gathered to one's father* - қайтыс болу; *be thrown on one's beam / end* - халі мүшкіл болу. Ал, кейбір фразеологизмнің құрамындағы етістік Passive Voice формасында мүлдем қолданылмайды: *make bricks without straw* / құр босқа әбігерлену; *steal a march on smb.* / үмітін үзу; *take the wrong turning* / жолдан таю т.б.

Кейбір фразеологизмдегі іс -әрекеттің бірнеше адамның орындауына қарамастан, фразеологизмдер жекеше және көпше түрде де қолданысқа түседі. Мысалы: *cut off one's nose to spite one's face* / қолын кесу — *cutting off their noses to spite their faces*- *cut off their nose to spite their face*.

Сонда да, көптеген фразеологизмдердің құрамындағы компоненттер нолдік парадигмада, яғни тек қатаң сақталған өзгертуге келмейтін сөздік формада тұрады немесе толық емес парадигмада қолданылады да, басқа шактық формаларда қолданысқа түспейді.

Сонымен қатар ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің болымды, болымсыз және сұраулы түрде қолданылуы әрдайым емес, шектеулі болады.

Фразеологизмдердің құрамындағы етістік альтернант есімдіктермен (one, one's, oneself, smb, smb's, smth.) қолданылады. Альтернанттардың орнына басқа есімдіктер, зат есім немесе басқадай фразалар қолданылуы мүмкін. Мысалы: One есімдігі — өздік есімдігімен, one's — тәуелдік есімдігімен, oneself — тәуелдік есімдігімен, smb's — өздік есімдігімен не зат есіммен, one's — тәуелдік есімдігімен немесе ілік септігінде тұрған зат есіммен, smth. — зат есіммен алмастырылады.

Ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің синтаксистік ерекшелігі — олардың құрамындағы етістіктің басқа сөз таптарымен байланысу жолдары болып табылады. Мысалы зат есім етістікпен белгісіз және белгілі артикльмен қолданылады. Мысалы: bear a cross /ауыртпашылық кешу/; drop a break /орескелдік көрсету/; miss the bus, take the blunge /тәуекел кылу/.

Сонымен қатар зат есім анықтауышпен келіп, етістікпен байланысады. Мысалы: draw the lond low /асыра айту/; have a free hand /тәуелсіз болу/; foul one's own nest /біреуді каралау/ т.б.

Кейбір фразеологизмдер тек қана болымсыз түрде қолданылады. Мысалы: not to budge an inch /айтқанынан қайтпау/; not to touch hair of smb's head /көзінен таса қылмау/; not to see the wood for the trees /ештеңе елемей/ т.б.

Сонымен қатар фразеологизмдердің құрамындағы болымсыз шылау по етістіктен кейін беріледі. Мысалы: think no small beag of oneself /өркөкірек болу/; see no further than one's nose /көз алдындағыны көрмей/ т.б.

Ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің көпшілігі шылаумен қолданылады. Мысалы: have a mills tone about (round) one's neck /жүгі ауыр болу/; beat one's head against a brick wall /айғайға салу/; cut the ground from under smb's feet /аяғынан шалу/; hit the nail on the head /дөп түсу/ т.б. Ал, фразеологизмдердің шылаусыз келуі сирек кездеседі. Мысалы: hold one's head high /өзін жоғары ұстау/; put one's foot down /айтқанында тұру/, т.б.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің грамматикалық ерекшелігіне олардың парадигмалық жартылай және толық түрленетіні жатады. Фразеологизмдердің құрылым құрылысы әр түрлі болуына байланысты, олар етістікке тән категорияларды қабылдайды. Бірақ парадигмалық жартылай түрленетін фразеологизмдер етістікке тән категориялар мен формаларды толық қабылдай алмайды, Мысалы,

етістіктің салт және сабақтылық категориясы фразеологизмдерге де тән. Бұл олардың жұмсалудың тікелей объектіге қатысын көрсетеді. Мысалы, “сыйғызбау”, “құлағына қыстырмау”, “қырық сақа жүгірту” т.б. Салт күйінде жұмсалуды: түймедейді түйедей ету, тіл қата алмау, қытығына тию. Сонымен қатар болымдылық пен болымсыздық категориясы да фразеологизмге тән құбылыс болып табылады. Мысалы: дүниеден қайту, түрпідей тию, төбесін ою — болымды формада қолданылған, болымсыз формада қолданылуына мысалдар келтірейік: тірі жанды жолатпау, үш ұйықтаса түсіне кірмеу, қуанышы қойнына сыймау — бұл фразеологизмдер болымсыз түрде жұмсала тұра, болымдылықты білдіреді. Мысалы: “ерніне тимеу” (көп, тез сөйлеу); “сыймау” (ашулану), “жер-көкке сыйғызбау” (мақтау) т.б.

Парадигмалық толық түрленетін фраземдер — етістікке тән категорияларды толық қабылдап, етістікке жакындай түседі.

1) Жақ көрсеткіштерін қабылдайды:

“Қолға қарау” 1 жақ - қолға қарадым

II жақ - қолға қарадық

III жақ - қолға қарады т..

2) Шақ көрсеткіштерін қабылдайды:

Осы шақ - қолға қаратады, қолға қаратып отыр.

Келер шақ - қолға қараймыз, қолға қаратар, қолға қаратпақ.

Өткен шақ - қолға қаратты, қолға қаратқан (екен), қолға қарататын, қолға қаратып еді.

3) Фразеологизмдер рай категориясы бойынша түрленеді:

Ашық рай - қолға қаратты (қаратады, қаратпақ).

Бұйрық рай - қолға қарасын (қарата көрмесін).

Қалау рай - қолға қаратпаса игі еді (екен).

Шартты рай - қолға қаратса.

4) Фразеологизмдер етіс категориясы бойынша түрленеді, яғни ортақ, өздік, өзгелік, ырықсыз етіс формасында келеді: көзін ашып-жұмды, қабағынан қар жауды, сөздің майын ағызды.

5) Көптеген фразеологизмдер есімше, көсемше тұлғасында келеді. Есімше, көсемше формасын қабылдаған фразеологизмдер үш шақта айтылып, іс-әрекеттің өту, болу, мерзімін білдіреді, Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің көпшілігінің морфологиялық құрамында есім сыңарлар жиі кездеседі де, олар септік жалғауының бірінде тұрады.

Мысалы:

Барыс септігі - көзге шөп салу.

Табыс септігі - бармағын тістеу.

Жатыс септігі - ұзында өші, қысқада кегі кету.

Шығыс септігі - аузынан қағу.

Көмектес септігі - қабырғасымен кеңесу.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің құрылымдық сипатына назар аударғанымызда, олардың өзіндік ерекшеліктерін байқадық. Қос тілден жинақталған материалдар фразеологизмдердің сыртқы құрылымы жағынан екі, үш, төрт, одан да көп сыңарлы болатынын және сөйлемге ұқсас болып кездесетіндерін көрсетеді.

“Екі компонентті фразеологизмдер сөздіктегі басқа фразеологизмдерден басым” деп, Г. Нургазиева ҚТТС-де фразеологизмдер туралы айтса, А.В. Куниннің сөздігінде “Англо-русский фразеологический словарь” еңбегінде ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің компонент құрылымы сан қилы, сондықтан олардың құрылымына байланысты нақты деректер береміз деп айта алмаймыз. А.В.Кунин «Англо-русский фразеологический словарь» М., 1967ж.

Қос тілдегі фразеологизмдердің компоненттерінің орналасу тәртібіне, қолдану тәсіліне назар аудардық. Байқағанымыз, фразеологизмдердің сыңарларының санының аз-көптігі фразеологизмдердің мағынасына қатысы жоқ, мағына - компоненттер жиынтығынан туады. Тіл-тілдегі фразеологизмдер өздеріне ғана тән құрылымдық сипатқа ие болатындығын қос тілден жинастырған материалдардан көрдік. Өйткені, әр тіл — әр ұлт, осыған байланысты фразеологиялық бірліктердің қасиеттерін атауға болады. Олар: ерекше бейнелілік, бір тілден екінші бір тілге сөзбе-сөз аударуға келмеушілік, семантикалық қайталанбаушылық.

Ю.Ю.Авалиани фразеологизмдердің құрылымдық ұйымдастырылуын белгілі бір тілдің грамматикалық құрылымының спецификасы мен сөздердің дистрибутивті байланыстарының негізгі типтері мен олардың тілдердегі тіркесуіне байланысты екенін айтады.

Ш.У. Рахматуллаев, З.Г. Ураксин, Е.Л. Байрамов, М.Ф. Черновтар фразеологизмдердің құрылымын жан-жақты қарастырып, жеке тілдердің фразеологизмдері өздеріне ғана тән құрылымдық сипатқа ие екенін дәлелдеді.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің құрылымдық сипатын Кеңесбаев, Х.К. Қожахметова, Р.Е. Жайсақова еңбектерінде

қарастырса, ағылшын тіл білімінде И.В. Арнольд, О.С. Ахманова, В.Д. Аракин, А.В. Кунин т.б. зерттеушілер бұл салада теориялық тұжырымдар жасаған.

Осы теориялы еңбектерді негізге ала отырып, қос тілдегі фразеологизмдердің құрылымын сипаттауға тырыстық. Фразеологизмдердің басыңқы сыңары — етістіктер болса, құрамындағы басқа сыңарлары басқа сөз таптары етістікке бағынады да, онымен синтаксистік байланысқа түседі. Жинастырған материалдардан фразеологизмдердің әр түрлі синтаксистік, морфологиялық қарым-қатынаста тұрған құрылымдық бірлік екенін көрдік. Фразеологиялық бірліктерді құрылым-құрылыс жағынан жүйелеу барысында олардың құрылымдық ерекшеліктерінің құрамындағы сыңарларының сан килы болып сипатталатынын анықтадық.

Фразеологиялық ерекшеліктерді анықтау күрделі де, сатылы процесс болып есептеледі. Ағылшын және қазақ тіліндегі фразеологизмдердің қалыптасуы қос халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктері, тұрмыс салт, діни наным-сенімдерге байланысты пайда болып, әр халықтың рухани байлығына айналған және рухани өмірін суреттейді. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің қалыптасуын салыстыра қарастырып, осы деректерді жан-жақты сипаттау екі тілдің фразеологиялық қорының даму белгілерін ажыратуға мүмкіндік берді.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің салғастырмалы құрылымдық анализі қос тілдің типологиялық ерекшеліктерін, грамматикалық жүйедегі ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды [4, 26].

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің құрылымына байланысты төмендегідей топтарын анықтадық:

- екі сыңарлы фразеологизмдер;
- үш сыңарлы фразеологизмдер;
- төрт және одан да көп сыңарлы фразеологизмдер.

Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдер құрамындағы басқа сөз таптарымен тіркесе отырып, олармен морфологиялық және синтаксистік байланыстарға түсіп, белгілі қалыптар (модельдер) құрайды.

Қос тілдердегі фразеологизмдердің құрылымдық жағынан бір-біріне сәйкес келмеушілігі, ағылшын және қазақ тілдеріндегі

фразеологизмдердің құрамындағы сыңарларының орын тәртібінің бірдей болып келмеуімен, яғни қос тілдердің туыс емес тілдер екендігімен сипатталады. Әлемдегі әр түрлі тілдер тіршіліктің әрқилы саласын қамтитын әр ұлттың өзіне ғана тән бейнелік, әсерлілік, экспрессивті-эмоциялық суреттеме қасиетімен көзге түсетін фразеологизмдерге бай.

Бүгінгі таңда тіларалық қатынастың ұлғаюына байланысты қазақ тіл білімінде тілдер деректерін салыстыра зерттеу барысында салыстырмалы типологиялық әдісті қолдану генетикалық алыс тілдерді бір-бірімен салыстыру аса маңызға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Костомаров В.Г. Русский язык на газетной полосе. М., 1971, 268-б.
2. Х.Қожахметова «Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы» А.,1972ж. 110б.
3. Г.И. Исина. Фразеологические сравнения в современном английском языке. Алматы, 2000,124-б.
4. М.Сәбитова. Салыстырмалы фразеологизмнің кейбір мәселелері. Қазақ мектебі. Алматы-1987. №3. 67-71-бб

В статье приведен анализ грамматических особенностей фразеологизмов английского и казахского языков. Автор сопоставляет фразеологизмы двух языков, учитывая их грамматические сходства и различия, а также приводит примеры и доводы.

**«ЖАЛПЫ ФИЗИКА» КУРСЫНДА КӘСІПТІК
ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Сырым Ж.С. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры
Кажмуханова Г.Ш. – магистр, М.Өтемісов атындағы БҚМУ
оқытушысы
Мустакова Д.Ж. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ магистранты.
Орал қ., Қазақстан

Қазақстан Республикасында әлемдік білім кеңістігіне кіру үшін мемлекет тарапынан көп шаралар ендіріліп жатыр. Соның ішінде «Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы» ең маңызды орын алады. Бұл тұжырымдамада жоғары білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын жағдайларда алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл мақсатта алға қойылған міндеттер: студенттердің сапалы білім алуы, мұғалімдердің біліктілігі мен педагогикалық шеберлігін ұдайы арттыруы.

Құзіреттілік - жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес жеке тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген икемділігінің белсенділігінен көрінеді.

Кәсіби құзіреттілік термині көне заманнан бері қолданылып, әр кезеңде оның мазмұны толықтырылып отырған.

Кәсіби білімді маманның құзіреттілігі сол маманның жеке тұлға ретіндегі қасиеттерінің және ішкі психикалық жағдайларының күрделі жүйесі, оның кәсіби қызметі мен қабілетін іске асыру [1].

Қазіргі уақытта кәсіптік дайындық мазмұнын таңдау мәселерінің қатарына болашақ мұғалімдердің педагогикалық құралдарын анықтау мәселелері жатады. Кәсіптік дайындықтың дәстүрлі жүйесінің кемшіліктері пәндік және кәсіптік блоктардағы пәндерді оқыту үдерісінде ерекше айтылады.

Практика оқу жоспарлары мен бағдарламаларының оқу үдерісінің тиімділігін арттыруда әрдайым мүмкін бола бермейтіндігін көрсетті. Нақты практикалық іс-әрекет талаптарынан тәуелді оқыту, оқыту үдерісіне формальді тәсіл болашақ мұғалімдердің кәсіптік құзіреттілігін арттыруға әкеп соғады.

Осы аталған мәселелерді шешу үшін болашақ мұғалімдерді оқытудың кәсіптік бағдарлылығын арттыру жолдарын ұсындық:

- студенттердің болашақ кәсіптік іс-әрекет ерекшеліктерін тану үшін жағдай жасау;
- болашақ мамандығын сәтті меңгеруіне қажетті жеке сапалықтарын дамытуға көңіл бөлу;
- әрбір студенттің кәсіпті маңызды сапалықтарын арттыру деңгейлерін анықтау және жеке білімділік траекторияларын тұрғызу.

Пәндік дайындықтың кәсіптік бағыттылығын арттыру негізінде кәсіптік құзіреттілікті қалыптастыру міндеттерін нақтылау кәсіптік іс-әрекет элементтерін, оқытудың түрлерін және әдістерін оқу сабақтарына енгізу жолымен мүмкін болады.

«Жалпы физика» курсы білімді жалпылау және жүйелеуге, студенттерге әлемнің физикалық көрінісі туралы ғана емес, сонымен бірге өз болашақ мамандығы туралы, болашақ мамандықтарын меңгеру үшін білім, білік, дағды және мүмкіндіктерін құруға, кәсіптік міндеттерін орындауға бағытталған.

«Жалпы физика» курсының негізгі мақсаттары мыналар:

- мектеп физика курсында меңгерген білімдерін жүйелеу;
- қоршаған ортаның, әлемнің физикалық көрінісінің бейнесін қалыптастыру;
- қолданбалы ғылым ретінде физика негіздерін меңгеру;
- мамандықты меңгеруге қажетті оқу және кәсіптік іс-әрекет уаждерін қалыптастыру;
- кәсіптік қызметке танымдық шығармашылық қатынасты қалыптастыру;
- болашақ мұғалімнің жеке тәжірибесін байыту;
- интегративті кәсіптік жеке сапаларын қалыптастыру.

«Жалпы физика» курсының бағдарламасында негізгі дидактикалық ұстанымдар көрсетілген (1-кесте).

1-кесте. «Жалпы физика» курсының бағдарламасындағы негізгі дидактикалық ұстанымдар.

Дидактикалық ұстанымдар	Мазмұнына шолу	Мысалдар
Кешенді оқыту, тәрбиелеу, даму	Әлеуметтік тәжірибе элементтерінің мазмұнына, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесіне, эмоциональды-бағалылық қатынасқа қосылу. Білімді және іс әрекет тәсілдерін қолдану мысалдары.	Нақты сабақтардың жағдайын талдау, студенттердің тұлғалық табиғатына сүйену.
Ғылымилық	Ғылыми танымның жалпы әдістері, ғылым дамуының заңдылықтары.	Ғылым әдістемелігі, физиканың философиялық аспектілері, теория және концепция деңгейіндегі жалпылама.
Жүйелік, тізбектілік	Мазмұнды-логикалық байланыстар	Құрылымдық-логикалық сұлбалар. Тақырыптар мен бөлімдерді талдау.
Жүйелілік	Құрылымдық байланыстар, жалпы ғылыми терминдерді талдау. Білім құрылымы туралы, ғылыми таным әдістері туралы білімдер.	Ғылыми зерттеу теорияларын оқу. Ашылу тарихтарын оқу.
Пәнаралық байланыстар	Жаратылыстану пәндері үшін жалпы теорияларды, заңдарды, түсініктерді оқу.	Физиканың жеке бөлімдерінің басқа ғылым және оқу пәндерімен байланысын талдау.
Теорияның	Материалдық-	Физика пәнінің

практикамен байланысы, өмірмен оқыту	қолданбалы сипатының іс-әрекет түрлерінің мазмұнына, болашақ мұғалімдердің ой-өрісін дамытатын акпараттарға қосылу.	мұғаліміне қажетті кәсіптік мүмкіндіктерді оқу. Жеке сапалықты талдау. Жеке білім берушілік траекторияларын құру. Физика пәнінің мұғаліміне қажетті іскерліктер мен дағдыларды талдау және қалыптастыру.
Кәсіптік бағыттылық	Іс әрекеттің кәсіптік мағыналылық түрлерінің мазмұнына кіріспе.	Сабақтар, рөлдік ойындар, сабақтар дайындау, есептерді таңдау және оларды талдау, есептер құрастыру, оларды қысқарту және күрделендіру, хабарламалар дайындау, бірегей жұмыстар ұйымдастыру, оқу физикалық көрсетілімдер дайындау және өткізу.
Көрнекілік	Модельдермен жұмыс, ойша эксперимент. Оқытудың көрнекі құралдарын қолдану және жасау.	Негізгі модельдерді талдау: материалдық нүкте, идеал газ моделі, тербелмелі контур, атом моделі. Модельдермен жұмыс жасау іскерліктерін қалыптастыру.
Қол жетімділік	Көлемнің сәйкестігін	Студенттердің

	және дамудың күрделі облысын анықтау.	оқытушылық деңгейін талдау (тестілеу).
Дифференциация және индивидуализация	Қабілеттілік, қызығушылық, кәсіптік іс әрекеттер.	Жеке тапсырмалар, күрделілік деңгейлері әртүрлі тапсырмалар, тестілеу.
Оң қатынастар және уаж	Физика және техника тарихының мазмұны, ғылым саласындағы жаңа жетістіктер. Оқу және кәсіптік іс-әрекет уаждерін қалыптастыру.	Ғалымдардың өмірбаянын және физикалық жаңалықтар тарихын оқу, ғылыми және ғылыми-танымдық әдебиеттерді оқу және шолу, ойындық ситуациялар, уажді оқу, өмірлік жоспарларды талдау.

Оқытудың мақсаттары мен ұстанымдарына сәйкес меңгеруге қажетті оқу ақпараты физикалық білім жиынтығы болып табылады. «Жалпы физика курсы» оқу ақпаратын үш деңгейде меңгеруді талап етеді: базалық, тереңдетілген, кәсіптік бағдарланған. Әрбір деңгей оқу материалына терең еруге сәйкес қызметтер түрін қарастырады (2-кестелер).

2-кесте. «Жалпы физика» курсының негізгі құрылымдық компоненттері

	Базалық деңгей	Тереңдетілген деңгей	Кәсіби бағытталған деңгей
<i>Міндеттер</i>	Мектеп физика курсының білімдері	Физика курсының кеңейтілген және тереңдетілген білімдерін меңгеру	Өзі туралы білімді меңгеру, өз мүмкіндіктерін жүйелеу, оқу материалын құрылымдау
<i>Білім</i>	Негізгі мектеп деңгейі	Кеңейтілген және	Оқу пәні ретінде физика туралы

		тереңдетілген	мақсатты түсініктері болу
<i>Меңгерілетін қызмет түрі</i>	Репродуктивті	Репродуктивті, біркелкі продуктивті	Продуктивті, зерттеушілік
<i>Оқыту үдерісін басқару</i>	Толықтай немесе жекелеп бақыланатын	Толықтай немесе жекелеп бақыланатын	Өздік жұмыс
<i>Бағыттау кезеңі</i>	Орта мектептің негізгі деңгейдегі білімді жүйелеу	Жаңа ақпарат беру	Қажетті ақпаратты іздеуде дағдыларды қалыптастыру
<i>Орындау кезеңі</i>	Мектеп физика курсындағы білімдер	Жаңа білімдерді меңгеру, жаңа ақпаратты талдау	Оқу ақпараттарын танымдық және рациональдық меңгерудің дағдыларын қалыптастыру
<i>Бақылау кезеңі</i>	1 және 2 деңгейдегі тестілік тапсырмалар, 1,2 деңгейдегі есептер	1,2 және 3 деңгейдегі тестілік тапсырмалар, 2,3,4 деңгейдегі есептер	Хабарламалар, рефераттар, физикалық есептерді құру, қысқарту, күрделендіру, әртүрлі деңгейдегі есептерді тандау
<i>Оқытушы қызметі</i>	Модельдерді, алгоритмдерді көрсету	Шешу әдістерін көрсету, алгоритмдерді құру	Кеңес беру

«Жалпы физика» курсының мазмұны оқытудың бағыттылығын ғана қарастырмайды, сонымен бірге студенттің жеке дамуы үшін қол жетімді жағдай жасауға бағытталған, олар:

- оқудың және еңбектің уаждеріне, мақсаттарына, студенттің жеке тәжірибесіне көңіл бөлу;

- оның оқу және кәсіптік қызметтеріне тұлғалық мән беру;
- «дұрыс» дамуға оқыту емес, өзінің болашақ мамандығына деген көзқарасын бағыттау.

«Жалпы физика» курсын оқыту тәжірибесі кәсіптік құзіреттілікті және кәсіптік қызметке дайындықты қалыптастыру үшін оқытушы мен студенттің өзара қатынасына, тілдесуіне негізделген әртүрлі тәсілдердің үлкен мағына беретіндігін көрсетті. Осы тәсілдердің көмегімен сабақтың өзіндік эмоциялық жақтары, анықталған моральдық атмосфера құрылады, оқытушы мен студенттің өзара қатынасының ерекші стилі жасалады [2].

Кәсіптік қызметті меңгеру тәсілдеріне ішкі ұжымдық қатынастар әсер етеді:

- іс-әрекетті жоспарлау және орындалуы бойынша ұжымдық жұмысты ұйымдастыру;
- жұмыс қорытындысына ұжымдық талқылау өткізу;
- өзара бақылау және өзара көмек бойынша тапсырмалар;
- бірігіп жұмыстанудың әртүрлі формаларының сәйкестігін қолдану.

Кәсіптік құзіреттілікті және кәсіптік қызметке дайындықты қалыптастыруға қайшы келетіндері:

- берілетін оқу материалының эмоциялық кедейлігі;
- оқытушының құзіреттілігінің жоғары деңгейде еместігі, оның кәсіптік сұрақтарды айыра алмайтындығы, оның жұмысқа қызығушылығының жоқтығы;
- бірдей тәсілдердің артық қайталанатындығы;
- бір типті тапсырмалар,
- бағалаудың болмайтындығы [3].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бұлақбаева М.К. Педагог мамандығына кіріспе. А., 2005
2. Иродова И.А., Мазаева Л.Н. Формирование профессиональной компетентности в курсе «Элементарная физика» // Ярославский педагогический вестник. 2002. № 4 (33)
3. Коломин, В.И. Компетентностный подход к изучению курса общей физики // Фундаментальные и прикладные исследования в системе образования : материалы VI Междунар. науч.-практ. конф. / Тамб. гос. ун-т им. Г.Р. Державина. — Тамбов : Изд-во ТГУ, 2008. — С. 80—81.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТӘЖІРИБЕЛІК АСПЕКТІЛЕРІ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Тарих және құқық факультетінің «Құқықтық пәндер»
кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к. Серикова Л.С.
Орал қ., Қазақстан

Қазақстанның қазіргі даму кезеңі қоғам өмірінің барлық саласындағы терең өзгерістермен сипатталады. Осыған орай қазіргі заман адамға: өз іс-әрекетіне жауапты болу, әлеуметтік өзгерістер жағдайына тез бейімделе отырып, байыпты шешім қабылдай білу және т.с.с. жаңа талаптар қоюмен ерекшеленеді. Сондай елеулі өзгерістердің бірі – демократиялық-құқықтық мемлекет құру міндетін шешу. Мемлекеттік саяси-құқықтық қайта құрудың маңызды құрамдас бөлігі – адамның құқықтық мәдениеттің деңгейін көтеруге тікелей тәуелді. Өйткені, құқықтық мемлекетке азаматтардың жоғары саяси және құқықтық білімділігі, құқық бұзушылыққа қарсы тұра білу қабілеттілігі мен дайындығы тән.

Қазақстан Республикасының құқықтық мемлекет ретінде дамуы әрбір азамат бойына құқықтық құндылықтарды сіңіріп, құқықтық сананы қалыптастырудан көрініс береді. Өркениетті қоғам үшін қымбат қазына – адам, адамның бостандығы мен өмірі десек, бүгінгі жас ұрпақтың осы қымбат қазынаны бағалай білуі аса маңызды. Сол себептен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығы да осыдан басталады. Оны қалыптастыру үшін жүйелі де мазмұнды тәрбие қажет.

Мәдениет – адамзат жасайтын және адамдардың рухани қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған материалдық және рухани құндылықтардың жиынтығы [2;906].

Қоғамның мәдениеті бірнеше түрге бөлінеді: саяси, экономикалық, әлеуметтік, парасаттылық, инабаттылық, экологиялық құқықтық, т.б. мәдениет жүйе – салалары. Олар бір – бірімен тығыз байланыста қоғамның экономикалық саяси, әлеуметтік дамуына сәйкес дамиды. Сонымен қатар олар қоғамның әр саласындағы қарым – қатынастарды реттеп – басқарып отырады. Мәдениет салаларының арақатынасы бірлестікте және дербестікте дамып қоғамның экономикасын, әлеуметтік жағдайын жақсартып, нығайтып отырады.

Жақсы дамыған экономика мәдениеттің жан – жақты нығаюына мүмкіншілік жасайды. Мәдениеттің жақсы дамуына мемлекетпен бірге бірлестіктер, одақтар, ұжымдар зор үлес қосады. Жоғарғы деңгейі мәдениетке құқықтық мемлекет жол ашады.

Құқықтық мәдениет жеке тұлғалардың білімінің деңгейіне қарай үшке бөлінеді: күнделікті, профессионалдык, теоретикалық. Күнделікті мәдениет жалпы қоғамдық мәдениеттің көлеміндегі дәреже. Бұл дәреже еңбектенсе өсуі мүмкін. Профессионалдык мәдениеттің бір немесе бірнеше саласын игеру. Теоретикалық мәдениеттің теориясын жақсы білу. Құқықтық мәдениеттің функциялары: танымдық, реттеушілік, прогностикалық, нормативтік. Танымдық – құқықтық мәдениет теориясын дамыту; реттеушілік – мәдениетті реттеп – басқару; нормативтік – мәдениет бағытындағы нормативтік актілердің сапасын жақсарту, сол арқылы құқықтың рөлін көтеру, күшейту; прогностикалық – құқықтық мәдениеттің болашағын дұрыс болжау.

Заңи білім құқықтық сананы қалыптастыруда аса зор рөл атқарады, алайда ол құқықтық мәдениетке қатыстылығы жағынан оның деңгейін дамытудың алғышарты ғана. Кәсіби құқықтық мәдениет ішкі істер органдары қызметкерлерінің, олардың әрбір өкілінің құқықтық санасының айнасы іспеттес. Ол нормативтік кесім тілінде, тергеу хаттамасы тәсілінде және ішкі істер органдары қызметкерлерінің азаматтарымен пікір алысу нысанында көрініс табады. Демек, кәсіби құқықтық мәдениетті қалыптастыру үшін тәрбие мен білім беру жұмыстары аздық етеді. Бұл үшін ойластырылған, жан-жақты және мақсатты шаралардың тұтас кешені қажет.

Заңи әдебиеттерде қоғамның құқықтық мәдениетін көтеру жолдары ұсынылған: Оларға жататындар:

- құқық және заңдылық сезімін қалыптастыру;
- логикалық-құқықтық ойлау жетістіктерін игеру;
- заңдылықты, соның ішінде заң жобалары жұмыстары деңгейін көтеру жолымен жетілдіру;
- құқыққа құлақ аса білу, мінез-құлық деңгейін көтеру және сапалы түрде жетілдіру;

Қоғамның құқықтық мәдениетін көтеру – бұл проблеманың бір жағы ғана. Бұл міндетті жалпы, реттелетін көп қырлы әлеуметтік қатынастар, шаралар кешенін қолдана отырып, орындауға болады. Әрине, бұған ішкі істер органдары қызметкерлерінің кәсіби құқықтық мәдениетін көтерудің тиімді жолдарын іздестіру және жүзеге асыру

үдерісі өзгешелігі ерекше тән. Проблеманың осы аса маңызды қыры зерттеушілер назарынан қағаберіс қалып, шын мәнінде ғылым мұнымен мүлдем айналыспай келеді деп ашы болса да ашығын айтуға болады [7;370б]. Кәсіби құқықтық мәдениетті дамыту шаралары атүсті қамтылып, оның өзінде құқықтық тәрбие қызметінде ғана айтылып жүргені жасырын емес. Ұсынылып отырған шаралардың сөзсіз көкейкестілігіне мән берілуі, олардың өзара байланыстылығына, әмбебаптылығына және ауқымдылығына талдау жасау.

Тәуелсіз мемлекеттің тағдыры, оның болашағы сол елдің жастарының қолында. Ал осы мемлекетті дамыту үшін жастарымыздың санасы биік, мәдениеті жоғары болу керек. Жас ұрпақ – қоғамдағы болашағы мол, екпінді әлеуметтік топ. Жастар қандай болса, белгілі дәрежеде біздің бүгіміз де, ертеңіміз де, соған сәйкес болады. Сондықтан да бұл мәселені, яғни жастар мәселесін мемлекеттік деңгейде қолға алар шақ келді. Құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмыстарын жүргізу барысында мыналарға мән берілуі керек. Яғни, жастар демократия негіздерін оқып, үйренуі тиіс. Олар тек қана өз құқықтары мен бостандықтарымен, міндеттерімен танысып қана қоймай, бостандық, тұлға, құқықтық мемлекет деген ұғымдармен таныс болуы керек. Заңды білу – заман талабы. Өйткені, құқықтық тәрбие берудің маңыздылығы күн өткен сайын арта түсуде.

Жастарымызға қазіргі өмірдегі қоғамдық қарым – қатынас заңдылықтарын терең ажырататын құқықтық сана және құқықтық мәдениет қажет. Сондықтан жастарымызға әртүрлі құқықтық тәрбие беру жұмыстарын жүргізуіміз керек. Жас ерекшеліктерін ескере отырып олардың құқықтық жаңаруы мақсатында әр түрлі шығармашылық нысандарды қолдану қажет.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру құқық мемлекет негіздерін нығайту жолындағы алғашқы қадам. Бұл жұмыс жүйелі сипат алып, әдістемелік тұрғыдан нығайтылса, құба – құп. Ең бастысы құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмысы жүйелі түрде жүргізілуі керек.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру жұмыстары құқық бұзушылықтың алдын алып қана қоймайды, сонымен қатар Қазақстан Республикасында тұратын барлық халықтың берік моралдық қағидаларын қалыптастырады, қоғамдық нормаларды ұғынып, қабылдауға бейімдейді. Сондықтан да Қазақстандағы өзге ұлт өкілдері қазақтар мен қоян – қолтық бірлесіп, ынтымағы жарасып өмір сүре отырып, қазақтардың ұлттық өніп - өсуіне жағдай жасайтын тек

Қазақстан екенін, оның басқа отаны, елі жоқ екенін терең сезініп, оған түсіністікпен қарауы, бірлесіп ынтымақтасып өмір сүрудің нақты кепілі.

Қазақстандықтардың құқықтық санасы мен құқықтық сауаттылығын көтермей құқықтық мемлекет құру мүмкін емес. Осы бағытта заңмен бекітілген Әділет органдарының құқықтық насихат саласындағы функциялары құқықтық насихатты ұйымдастыруды ведомствоаралық үлестіру, заңдарға түсіндірме беруге қатысу, эталондық заң актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, ақпараттық және материалдарды, оның ішінде құқықтың ақпараттық автоматтандырылған жүйесін пайдалана отырып шарт негізінде ұсыну көрініс тапты. Сонымен ұсынылған шаралар жасөспірімдердің, жастардың құқықтық санасын жоғарғы деңгейге көтеруге, қоғамның ұмтыла бастаған моральдық құндылықтарын қайта қалпына келтіруге, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі комиссияның жұмысын жандандыруға, барлық мүдделі ұйымдардың жұмысын үйлестіруге көмектеседі [8;236]. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстылықтың алдын алу, оларды тәрбиелеу, құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру, сондай – ақ ата – аналардың бала тәрбиелеу ісіндегі жауапкершілігін жоғарлату, кәмелетке толмағандардың мүддесін қорғау сияқты мәселелерді комплексті түрде шешуге мүмкіндік береді. Қылмыстың адымының ашылмауына басты кедергі, ол – азаматтардың барлығына бірдей тән азаматтық жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Жан – жақты қалыптасқан құқықтық мәдениет азаматтың қоғамдағы мінез – құлқын өзінің мемлекетке байланысты құқығы мен міндеттерінің қатаң шегінде қалыптастыруына мүмкіндік береді. Айналадағы келеңсіздіктерге немкеттілікпен қарау, қоғамда өзінің тұлғалық, азаматтық тұғырнамасының болмауы салдарынан тұрғындар арасында қылмыстың кеңінен өрістеуі құқықтық мәдениет пен білімді тұрғындардың нақты бір тобына қарай мақсатты бағыттаудың стратегиясы мен тактикасын уақыт өткізбей тәжірибеге өткізуді талап етіп отыр. Қазақстан Республикасының Президенті «Қазақстан 2030» стратегиясында «заңның шексіз үстемдігін белгілеуге және заңды орындайтын азаматтарды қылмыстан қорғауға тиіспіз. Бұған, керсінше, билік пен заңның бар күшін заңсыз жолмен, шалқып өмір сүретіндерге қарсы қолдану керек» деген қағидаларынан құқықтық білімнің қандай дәрежеде және қай бағытта бағытталуы қажеттігін анық

аңғарамыз. Өзінің құқықтары мен міндеттері туралы заң білімдерінің қажетті деңгейінің болуы әрбір жеке тұлғаның дамуы үшін міндетті шарт болуы тиіс. Ал оларды иемденуге ұмтылу оның ішкі сеніміне сәйкес келуі керек. Сондай – ақ, заң нормаларын орындау жазадан қоркумен емес, белсенді азаматтық – құқықтық ұстаныммен айқындалуы тиіс. Халықтың құқықтық білімін және құқықтық сауаттылығын арттырумен қатар, мемлекеттік деңгейде құқықтық тәртіп пен қылмысқа қарсы күресті нығайту саласын жан – жақты және объективті түрде бағалау талап етіледі.

Қоғаммен байланыс жасауды кеңейту және тереңдету, бұл жұмысқа барлық құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдарды тарту, сондай – ақ облыстық және аудан орталықтары, ауыл тұрғындарымен, ұжымдармен, оқу орындары оқушыларымен мақсатты түрде жұмыстар жүргізуді мақсаттылыққа айналдыруды қажет етеді.

«Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» заңының талаптарына сәйкес, қаржы полициясы органдары экономика саласындағы және сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылықпен күрес ісіндегі мемлекеттік саясатты әзірлеп, іске асыруға тікелей атсалысуға міндетті. Міне, осы міндетті іске асыру барысында қаржы полициясы органдары өзіне берілген құзіреттерді пайдаланумен қатар, тұрғындар арасында құқықтық білім мен мәдениетті қалыптастыруға мүдделі десек қателеспейміз. Экономиканы қылмыссыздандыру мен сыбайлас жемқорлықтан қорғау шаралары жүйесін қалыптастыру және оны жүзеге асыру бұл ауқымды жұмысқа Қазақстан Республикасы Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа күрес жөніндегі агенттігінің үйлестіруімен барлық мемлекеттік органдарды жұмылдыруды талап етеді [4; 302 б].

Сот мемлекеттің тәуелсіз болатын және тек заңдарға бағынатын жалғыз органы. Тек осындай жағдайда ғана ол өзінің тікелей қызметін – қоғамда әділеттілікті орнатуды жүзеге асыра алады. Сәйкесінше тәуелсіз сотсыз құқықтық мемлекет орнату мүмкін емес. Шешуші рөлді кәсібилік және судьялардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының жоғары деңгейде болуы атқарады.

Судьялардың құқықтық мәдениеті келесі аспектілерден көрініс табады.

Кәсібилік аспект; мұнда біздер судьяның тәуелсіздігін қамтамасыз етуге назар аударуымыз керек.

Институционалды аспект; соттың қызметі бюрократизмсіз ұйымдастырылуына назар аударамыз.

Өнегелі аспект; мұнда басты назарды судьялардың жеке басының моральдық сапаларына көңіл аударамыз Судьялардың құқықтық мәдениетін қалыптастыратын компоненттерінің көрінісін сот процесінің әртүрлі бөлімдерінде көруге болады. Мысалға, сот процесіне қатысушыны құрметтеу, оның ар – намысын, жеке дара қызметтерін құрметтеу деген құқықтық мәдениеттің компонентін сот процесінің барлық бөлімдерінен көруге болады. Теориялық құқықтық әзірлікке негізделген құқықтық нормалар мен қағидаларын түсіну және білу, судьяның шешім шығаруда құқықтық норманы талдау бөлімінде ерекше маңызды әлеуметтік құқықтық белсенділік сияқты құқықтық мәдениеттің элементі судьяға ерекше маңызды. Әділеттілікті орнату кезінде судьяның әділеттік туралы ойы заң қабылдаушы және заң шығарушы органдардың әділеттілік ойларымен сәйкес болуы керек. Керсінше болуы мүмкін емес. Егер судья мен заң шығарушы органдардың әділеттілік туралы ойлары қарама – қайшы болатын болса, онда судья отставкаға кетуге міндетті. Егер судья заң бойынша шешім қабылдап, соңы әділетсіз болатынын көрсе, онда ол заң шығарушы орган судья кездескен жағдайларды қарастырмаған деп ойлауы керек. Онда ол өзін заң шығарушы органның орнына қойып, істі өзінің әділеттілік туралы ойларымен шешуі керек.

Жоғарғы Соттың судьясының құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасы жоғарғы деңгейде болуы керек. Өйткені ол үлкен кәсібилік тәжірбиеге ие және құқықтық мәдениет мен құқықтық сананың жоғарғы деңгейін игерген, жоғарғы мамандандырылған заңгер деп қарауымыз керек. Сот жүйесінің басты кемшілігінің бірі болып судьялық қызметке кадр таңдауда ерекше назар аудармау табылады. Нәтижесінде судьялық корпусқа өзінің кәсібилік және моральдық сапасың, мәдениет деңгейінің төмен болуынан жоғары судьялық атаққа ілікпей қалған тұлғалар көптеп кездеседі. Судья үшін адамгершілік пен қаталдық арасындағы деңгейді сақтап тұру маңызды, және мұнда судьяның өзінің парызын түсінуі, өзінің сенімі және өзін - өзі тәрбиелеуі басты рөл атқарады. Бұл жеке даралық және мемлекеттік жауапкершілік. Бұл сапаларға бірден жету мүмкін емес, ол судьялық қызметтің процесінде бірте – бірте тәрбиеленеді және қалыптасады. Адамгершілік пен қаталдық – мемлекеттік қызметші үшін бір – бірімен байланысты түсінік, ал судья үшін ерекше. Екеуін

бір – бірінен айыру формализмге, кәсібилік жетіспеушілікке, надандыққа алып келеді. Бұл әсіресе сот билігіне қауіпті [5; 30 б].

Заңды бұзумен байланысты судьяға тапсырылған талаптарды орындамау, кодексте көрсетілген судья этикасын орындамау сияқты судьялардың кез келген әрекеті, судьялар коллегиясында міндетті түрде тәртіпке саларлықтай қаралуы керек. Бұл туралы көбінесе Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында айтылады. Осыған байланысты судьяның құқықтық мәдениетін көтеру қажет екенін көреміз. Судьялар қатарынан дұрыс адамдармен толтыру керек. Олардың кәсіби дайындықтарын және оқу деңгейін жоғарлату керек. Заңдарды қабылдау ең алдымен азаматтар мен соттардың арасындағы қарым – қатынасынан пайда болады. Сондықтан құқықтық реформаларды соттан бастауы керек. Сот жүйесінің демократия жағынан өзгеруі – бұл өркендеу. Барлық өркениет әлемінде судьялар әділеттілік пен қайырымдылықтың ұштасуын көрсетеді. Бұл көзқарас Қазақстанда да болуы керек.

Бұның бәрі білімділік пен мәдениеттің арасында сәйкестілік бар екенін, білімділік индивидтің мәдениеті болып табылатынын дәлелдейді. Сонымен бірге табиғатқа, қоғамға, қоршаған ортаға, еңбекке, қарым-қатынасқа деген аялы көзқарас қалыптастыратынын көрсетеді.

Болашақ заңгерлердің еңбек ету мәдениеті жоқ болса, ол бұқара халықпен қарым-қатынас үрдісін қалыптастыра алмайды. Болашақ заңгерлердің оқу-тәрбие үдерісінде құқықтық мәдениетін қалыптастыру оқу мен тәрбиелеу үдерісінде қабылдау, ойлану, түсіну, есте сақтау, бекіту қабілеттерін дамыту арқылы шешімін табады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Ибраева А.С. Ибраев Н.С. Теория государства и право. Учеб. Пособие Алматы «Жеті Жарғы»; 2003 г

2 Тургараев Б. Проблемы правового воспитания // Заң және заман. – 1999. – №3. Батова С.А. Правовые сознание рабочей молодежи и основные факторы его формирования: Дис...канд. юрид. наук. – М., 1989.

3 Кулгожинов С.Т. Правовая культура работников органов внутренних дел и ее влияние на профессиональную деятельность. – Алматы, 2003.

4 Бурмистров В.А. Роль правовой культуры в формировании социалистического правового государства. – Харьков, 1990.

- 5 Ибраева А.С. Правовая культура: проблемы, теории и практики. – Алматы: Жеті Жарғы, 2002.
- 6 Сапарғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. – Алматы: Жеті жарғы, 2004.
- 7 Оксамытный В.В. Социально-правовые исследования уровня правосознания молодежи. – Киев: Знание, 1982.
- 8 Қазақстан Республикасы Үкіметі. Қазақстан жастары бағдарламасы туралы 2001 жылғы 17 ақпандағы № 249 қаулысы // Юрист – справочная правовая система. Юрист. 40
- 9 Құқықтық мәдениет ұғымының генезисі // «Ізденіс» «Поиск» журналы. №2 (1).- Алматы, 2009.
- 10 Оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру мәселелерінің зерттелу жайы // Ұлт тағылымы» журналы. №2.- Алматы.- 2009.
- 11 Венгеров А.Б. Теория государства и права: Учебник. – М., 1998.

Резюме

В данной статье рассматривается соотношение правовой культуры и правового нигилизма. Более подробно описывается проблемы воспитания и формирования молодежи, профессиональная правовая культура в правоохранительных органах. Внедрение в правоохранительных органах воспитание молодежи с помощью правового сознания и культуры.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті
Тарих және құқық факультетінің «Құқықтық пәндер» кафедрасының
оқытушысы Есенгазиева А.К., Орал қ., Қазақстан

Әрбір адам күн сайын қандай да бір сатып алу-сату мәмілесіне қатысады. Біреулер киім сатып алады, келесілері – автокөлік, тұрғын үй, ал енді біреулері сән салондарының қызметіне жүгінсе, біреулері күнделікті тамағын алу үшін дүкендерде сатып алу сату мәмілесіне түсіп жатады. Бұл құқықтық қатынастар қарапайым болғанымен адам құқықтарын тұтынушы ретінде қорғау барысында өте маңызды.

Алайда осы мәмілелер мен құқықтық қатынастардың көпшілігін, ерекше жағдайларды айтпағанда, бірыңғай құқық нормаларының реттемелейтінін әркім біле бермейді. Сатып алушының негізгі құқықтары мен сатушының міндеттері, бөлшек сауда мен қызмет көрсетудің қағидалары туралы маңызды ережелері «Тұтынушы құқығын қорғау туралы» Заңда, ал өзіне тән ерекшеліктері өзге нормативті-құқықтық дереккөздерде мазмұндалған тұтынушы құқығында айтылады. Тауарды тұтынушы ретіндегі өз құқықтарын білмеушілік кейде бөлшек сауданың алақол қатысушыларының сатып алушы құқықтарына немқұрайды қарауына ғана емес, кейде тіпті саналы түрде алдау арқылы қасақана бұзуына әкеп соқтырады.

Көптеген жылдар бойы тұтынушылар құқығын қорғау мәселесін 1991 жылғы маусым айында, Кеңес Одағы тұсында қабылданған Тұтынушылар құқығын қорғау туралы заң реттеп келді. Бірнеше жылдар бойы республика көлемінде тұтынушылардың құқықтарын қорғап, оларды қалпына келтіруде осы заңның алар орны ерекше еді. Бірақ нарықтық экономиканың даму қарқынына, экономикалық қатынастардағы кәсіпкерлік пен бизнес үлесінің артуына байланысты, осы қатынастарды экономиканың қазіргі қарқынына сай реттеуші, сонымен қатар тұтынушылар туралы мол түсінік беріп, олардың құқықтарын қорғап, қалпына келтірудің бірыңғай жолын көрсетуші және олардың қоғамда, күнделікті өмірде жасалаып отыратын мәмілелердің толықтай заңмен қорғалғанына сенім білдіруші заң қажеттілігі туындады. Осындай қажеттіліктердің негізінде 2010 жылы Қазақстан Республикасының қазіргі уақытта

қолданылып жүрген «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы қабылданды. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңнан басқа аталмыш құқықтық қатынасқа қатысушылардың әрекетіне тура немесе жанама түрде басқа заңнамалық нормалар да ықпал етеді. Олардың қатарына, ең әуелі, азаматтық және азаматтық-іс жүргізу құқығы салық құқығы нормалары, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, тауарды жарнамалауды монополияға қарсы реттеуді ұйымдастыру және көптеген басқа салалардағы нормалар жатады. Сондықтан құқығы бұзылған әрбір тұтынушының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңға ғана емес, өзге де нормативтік-құқықтық актілерге сүйенуі қажет.

Көбіне-көп бұл қандай да бір себептермен өзінің дұрыстығын тек қана жоғарыда аталған заңның нормаларына сүйену арқылы дәлелдеу мүмкін болмаған жағдайларда қажет боп жатады. Мәселен, тұтынушы ауладағы шағын дүкеннен азық-түлік сатып алды делік, ал сатушы оған фискалды чек берген жоқ әрі сатып алушының мәміле жасағанына куәгерлік ететін де ешкім жоқ. Азық-түлікті қарап шыққаннан кейін, олардың пайдалануға жарамсыздығы анықталады. Сатып алушы оларды қайта өткізбек болады, алайда сатушы бүлінген тауарды қабылдамағаны бұлай тұрсын, сатып алушының фискалды чегінің, сондай-ақ куәгерлерінің жоқтығына байланысты ол азық-түліктердің дәл сол дүкеннен сатып алынғандығын дәлелдеудің мүмкін еместігін алға тартады. Мұндай жағдайда сатып алушының не істеуі керек, не нәрсеге сүйеніп, кімнен көмек сұрауы, кімге жүгінуі және, ең бастысы, уақыт пен қаражат шығынына ұшырамастан қалайша ақшасын қайтарып, өз құқығын қорғап қалуы керек? Бұл мақала дәл осы сұрақтарға жауап беруге арналған.

Әрбір тұтынушының заңнамамен бекітілген құқықтары бар, олар оған адал қызмет көрсетілетініне кепілдік беріп қана қоймай, оны сапасыз тауарлар мен қызметтерден де қорғайды. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның 7-бабына сәйкес, тұтынушылар негізгі мынадай құқықтары бар: тауар, қызмет, сондай-ақ сатушы жөнінде ақпарат алуға (тауардың, қызметтің сәйкестілік сертификаттарын, лицензияланған және сертифицирталған қызметке рұқсат құжаттарын, санитарлық-эпидемиологиялық кітапшаны және т.б. талап ету мүмкіндігі), тауардың, қызметтің тиісті сапасына; сапалы және сапасы төмен тауарды ауыстыруға және қайтаруға; сатушыдан тауарды, қызметті алу дерегін растайтын құжаттарды алуға,

материалдық және моральдық зиянның өтелуіне, тауарды 14 күнтізбелік күн ішінде қайтару және ауыстыру [3;55].

Нарықтық қатынас жағдайында сапа әрқашан тұтынушы тұрғысынан қарастырылады. Тұтынушылардың мүддесі азаматтардың мүдделері мен сұраныстарын және өнімді алу саласындағы ұйымдастырушылықтан тұрады. Осындай қажеттіліктерді қанағаттандыру өнім дайындаушылардың тұтынушылармен өзара әрекеттесу үрдісінде ғана мүмкін болады. Берілген саладағы қоғамдық қатынастар өндіруші жағы бұзған жағдайда мүліктік міндеттемелерді реттеуге бағытталған, нақтырақ айтсақ, олар тұтынушының абсолютті құқығын бұзу нәтижесінде туындайды. Сатып алушы құқығының бұзылуының жиі кездесетін жағдайлардың бірі тауарды кері қайтару немесе ауыстыру кезінде. Мұндай жағдайда сапасыз тауарға қарағанда сапалы тауарды қайтару немесе ауыстыру көп қиындық тудырады. Көбіне сатып алушы өзіне жарамсыз немесе көңілінен шықпаған тауарды қайта өткізгісі келеді, ал сатушы тауардың затбелгісінің алынып тасталғанын, сөйтіп сатып алушының тауарды пайдаланған болуы мүмкін екенін алға тартады. Мұндай жағдайда әрбір сатып алушының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға сәйкес сатып алушының сауда жасалғаннан кейінгі 14 күнтізбелік күн ішінде азық-түлікке жатпайтын кез келген сапалы тауарды қайтаруға немесе ауыстыруға құқылы екендігін, ал сатушының оны қабылдауға міндетті екенін білгені жөн. Тауарды қайтару немесе ауыстыру кезінде сатып алушы тауардың барлық пломбалары мен затбелгілерін және тауардың сатып алынғанын растайтын құжатты қоса апаруы тиіс. Егер қандай да бір себептермен тауардың сатып алынғанын растайтын құжатты сатып алушы көрсете алмайтын болса, онда сатып алғанын растау үшін сатып алушы куәгерлер жауабына сүйене алады немесе басқадай тәсілдерге жүгінеді (мысалы, дүкендегі бейнебақылау камераларының жазбасын қарауды өтінуіне болады).

Әрі сатып алушының тауарды қайдан (әмбебап дүкеннен, ауладағы шағын дүкеннен, базардан немесе интернет-дүкеннен) алғаны мүлде маңызды емес. Заң нормалары бәріне бірдей қолданылады.

Көбінесе сатушылар дүкеннің кіреберісіне «Тауар қайтаруға немесе ауыстыруға жатпайды» деген хабарландыру іліп қояды. Бұл заңға қайшы, аталмыш хабарландырудың ешандай құқықтық сипаты жоқ. Сондай-ақ, сатушылардың акциямен немесе жеңілдікпен алынған

тауарды қайтаруға немесе ауыстыруға болмайтыны туралы ескертуі де заңсыз болып табылады. Мұндай жағдайларда сатып алушының жоғарыда айтылған заң нормалары арқылы наразылық танытуға әбден хақы бар, сөйтіп қажеттілігіне қарай тауарды қайтаруына немесе ауыстыруына болады. Егер сатып алушы сапасыз тауар (яғни ақауы айқын немесе жасырын) сатып алған болса, онда сатушы сатып алушының қалауына (тауарға төленген соманы толығымен қайтару, тауарды өз есебінен жөндеу немесе жарамды тауарға ауыстырып беру) байланысты тауарды кері қабылдауы тиіс. Сонымен қатар, сатушы сатып алушының сапасы кемшін тауарды жеткізуге немесе қайтаруға шыққан шығынын өтеуге міндетті.

Жарамдылық мерзімі ең маңызды сипаттама болып табылады. Бұл терминнің мағынасын өнім қауіпсіз және атқаратын қызметі бойынша қолдануға жарамды болып табылатын кезең деп ұғамыз. Қалыпты өмір сүруге қажетті тұтынушы талаптарының қанағаттандырылмауы (нәтижесінде-қоғамның) өнім сапасының төменділігімен жиі түсіндіріледі. Тұтынушы бағасынан гөрі сапасын алдыңғы кезекке қояды, өйткені жоғарғы сапа сатып алынған тауарды жөндеу және пайдалануға шығатын шығындарды төмендететінін түсінеді. Өнім сапасы сату көлемін ұлғайтуды, шығындарды төмендетуді қамтамасыз етеді, осыдан келіп кіріс артады. Шығарылатын өнім сапасы өндіріс экономикасының дамуының өзіндік нышаны болып табылады [3;186].

Жарамдылық мерзімі белгіленген тауарға қатысты тұтынушы тауардағы кемшіліктер туралы, егер олар тауардың жарамдылық мерзімі ішінде табылса, талаптар қоюға құқылы. Егер тауарға кепілді мерзім белгіленген болса, тауардағы кемшіліктер кепілді мерзім ішінде табылған жағдайда тұтынушы тауардағы кемшіліктермен байланысты талаптар қоюға құқылы.

Егер шартта өзгеше көзделмесе, кепілді мерзім тауар сатып алушыға берілген кезден бастап есептеледі. Егер тауарға кепілді мерзім немесе жарамдылық мерзімі белгіленбесе, сатылған тауардағы кемшіліктер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта бұдан да ұзақ мерзімдер белгіленбесе, тауар тұтынушыға берілген күннен бастап екі жыл шегінде табылған жағдайда тұтынушы тауардағы кемшіліктермен байланысты талаптар қоя алады. Шартта көзделген кепілді мерзім екі жылдан аз уақытты құрайтын және тұтынушы тауардағы кемшіліктерді кепілді мерзім өткеннен кейін,

бірақ тауар тұтынушыға берілген күннен бастап екі жыл ішінде тапқан жағдайларда, егер тұтынушы тауардағы кемшіліктердің тауар тұтынушыға берілгенге дейін немесе сол кезге дейін туындаған себептер бойынша туындағанын дәлелдесе, сатушы (дайындаушы) жауапты болады [7;115].

Шартта жиынтықтаушы бұйымдарға кепілді мерзімнің ұзақтығы негізгі бұйымға кепілді мерзімнің ұзақтығынан аз болып белгіленген жағдайда, тұтынушы жиынтықтаушы бұйымнан кемшіліктер тапқан кезде ол жөнінде негізгі бұйымға белгіленген кепілді мерзім ішінде талаптар қоюға құқылы.

Егер жиынтықтаушы бұйымдарға кепілді мерзімнің ұзақтығы негізгі бұйымға кепілді мерзімнің ұзақтығынан артық болып белгіленсе, тұтынушы, егер негізгі бұйымға белгіленген кепілді мерзімнің өтіп кетуіне қарамастан, жиынтықтаушы бұйымдағы кемшіліктер оған белгіленген кепілді мерзім ішінде табылса, тауардағы кемшіліктер туралы талаптар қоюға құқылы.

Тауарларды үлгілері бойынша, почта арқылы сату кезінде, сондай-ақ сатып алу-сату шартын жасасу кезі мен тауарды тұтынушыға беру кезі сәйкес келмейтін жағдайларда, кепілді мерзім не тауардың кемшіліктерін анықтауға арналған мерзім - тауардың тұтынушыға берілген (жеткізілген) күнінен бастап, ал егер тауар арнайы орнатуды (қосуды) немесе жинауды қажет ететін болса, оны орнату (қосу) немесе жинау күнінен бастап есептеледі [6;98].

Егер тұтынушы сатушыға (дайындаушыға) байланысты мән-жайлар бойынша тауарды пайдалану мүмкіндігінен айырылса, кепілді мерзім не тауардың кемшіліктерін анықтауға арналған мерзім сатушы (дайындаушы) осындай мән-жайларды жойғанға дейін есептелмейді. Егер тауарды беру (жеткізу), орнату (қосу) немесе жинау, соның салдарынан тұтынушы тауарды мақсаты бойынша пайдалана алмайтын, сатушыға байланысты мән-жайларды жою күнін анықтау мүмкін болмаса, бұл мерзім сатып алу-сату шартын жасасқан күннен бастап есептеледі.

Тұтынушының сатушыдан (дайындаушыдан, орындаушыдан) тауарды иелену (жұмысты орындау, қызмет көрсету) фактісін растайтын құжатты алуға құқығы бар. Тұтынушыда тауарды иелену фактісін растайтын құжаттың болмауы оны шарттың жасалу фактісін немесе оның талаптарын растауда куәлердің айғақтарына сілтеме жасау құқығынан айырмайды.

Егер ойын бастамашысы (ұйымдастырушысы) тауардағы (жұмыстағы, көрсетілетін қызметтегі) кемшіліктердің оларды тұтынушыға бергеннен (орындағаннан, көрсеткеннен) кейін тұтынушының тауарды пайдалану немесе сақтау ережелерін бұзуы не үшінші бір тұлғалардың іс-әрекеттері немесе еңсерілмейтін күш салдарынан туындағанын дәлелдей алмаса, тауардағы (жұмыстағы, көрсетілетін қызметтегі) кемшіліктерді жою жөнінде сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) жүгіну жолымен күнтізбелік жиырма күн ішінде тұтынушының талаптарын қанағаттандыруға тиіс. Заңда тиісті уәкілетті орган (ҚР Бәсекелестікті қорғау агенттігі) тұтынушылар құқықтарын қорғау саласындағы заңнаманы жетілдіру функцияларын атқарады [7;49]. Тұтынушылар құқықтарын қорғау жөніндегі негізгі функцияларды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген құзыреттері шегінде барлық мемлекеттік органдар, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады. Бұдан басқа, тауарларды сату (жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету) кезінде тұтынушылар мен дайындаушылар, орындаушылар, сатушылар арасында туындаған қатынастарды реттеудің басты мәселелері айқындалған, тұтынушылардың тиісті сападағы және тұтынушылардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға, тауарлар, жұмыстар, қызметтер мен оларды дайындаушылар (орындаушылар, сатушылар) туралы ақпарат алуға арналған құқықтары белгіленген.

«Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 42-бабына сәйкес тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, қауымдастықтар (одақтар) тұтынушының өтініші, шағымы бойынша құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтарды жою және осы бұзушылықтар арқылы келтірілген залалды (зиянды) тұтынушыға ерікті түрде өтеу туралы тауарды (жұмысты, көрсетілетін қызметті) сатушыға (дайындаушыға, орындаушыға) кінә қоя отырып жүгінуге құқылы [1;116]. Егер сатушы (дайындаушы, орындаушы) күнтізбелік он күн ішінде кінә қояуға жауап бермесе немесе бұзушылықтарды жоюдан және келтірілген залалды (зиянды) ерікті түрде өтеуден бас тартса, тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, қауымдастықтар (одақтар) сотқа жүгінуге құқылы. Тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, қауымдастықтар (одақтар) тұтынушылар мүддесіне орай сотта қарауға жіберетін талап-арыздарға мемлекеттік баж салынбайтындығын тағы бір айтқым келеді.

Қазіргі еліміздің экономикалық даму қарқына ере отырып, онымен бірге даму процесіндегі барлық нормативтік құқықтық актілермен қатарлас тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын заң актілерінің де кең ауқымға ие болып, қоғамдық қатынастарды реттеудегі орны ерекше екенін айта кету керек. Тұтынушы күнделікті өмірде өзінің тұтынушы ретіндегі құқықтарының заңмен қорғалып, кепілдік берілгендігіне толық сенімді болуы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Төлеуғалиев Ғ. Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы: Жоғары оқу орындарына арналған акад. курс. 1-том. Алматы, Жеті Жарғы, 2001
2. Жайлин Ғ.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. Оқулық. Жалпы бөлім. 1- том. – Алматы: Заң әдебиеті, 2003
3. Жайлин Ғ.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. Оқулық. Ерекше бөлім. 1- том. – Алматы: Заң әдебиеті, 2003
4. Жайлин Ғ.А. Қазақстан Республикасының Азаматтық құқығы. Оқулық. Ерекше бөлім. 2- том. – Алматы: Заң әдебиеті, 2003
5. Гражданское право Республики Казахстан. Учебное пособие (общая часть) 2-ое изд, доп и изм. – А.: Институт международного права и международного бизнеса “Данекер”, 1999 – 468 с.
6. Гражданское право. Сборник статей. Общая часть. Учебное пособие Алматы, 2003
7. Гражданское право Республики Казахстан. (Часть общая). Учебное пособие. Отв. ред. профессор Г.И. Тулеуғалиев Том 2 – Алматы: Гылым, 1998
8. Гражданское законодательство: Статьи. Комментарии. Практика. Вып. 16. – Алматы: Юрист, 2003. – 223 с.
9. Комментарий к Гражданскому кодексу Республики Казахстан (общая часть). Отв. ред. Сулейменов М.К., Басин Ю.Г. кн. 1и 2, Алматы,
10. Гражданское право: Под. ред. С.П. Гришаева – М., Юрист, 2000

PHRASAL VERBS IN DIFFERENT TEXT STYLES

Нугманова А.А.

Магистрант Западно-Казахстанский
инженерно-гуманитарный университет, г.Уральск, Казахстан

Today the English language is widely spoken throughout the world. It is the language of 21st century, and to understand English clearly one should know not only its standard vocabulary but also its different styles, dialects, proverbs, sayings, idioms and phrasal verbs, as they are used in any sphere: books, films, newspapers, formal speeches. One, looking through some papers, magazines and journals, will discover the same language to sound quite different, because he will find familiar words with unfamiliar meanings. He will face idioms and phrasal verbs etc.

The interest to the research of phrasal verbs has existed for many years. Even nowadays the endless disputes about the nature of phrasal verb and analysis of its meaning is take place in modern scientific society.

From scientific point of view when a verb is used with an adverb particle the combination is called a phrasal verb. There are a very large number of these in English. The meaning of a phrasal verb is often very different from the meanings of the two words taken separately. In order to understand the meaning of a phrasal verb, we may have to refer to the dictionary.

There is a difficult question of when it is appropriate to use phrasal verbs. The scientific point of view is that they should be used mainly in speaking rather than writing, and in informal rather than formal situations and texts. It is often said that, in formal contexts, single-word equivalents are more appropriate than phrasal verbs.


But for the majority of people phrasal verbs are used across all types of text, even where the writer or speaker has the option of choosing a single-word alternative. Although phrasal verbs tend to enter the language through casual speech, in most cases they progressively become accepted across a wider range of texts.

For defining the frequency of phrasal verb usage in different text styles we made a comparative analysis of phrasal verbs usage in different text styles: Belle – letter style, scientific style, newspaper style and style of official documents.

For analysis of phrasal verbs in Belle – letters style we took three novels of writers of 20th century – Daphne du Maurier, her novel “Rebecca”, “The catcher in the rye” written by Jerome David Salinger and Thomas Pynchon’s novel “The crying of Lot 49”.

We studied the amount of phrasal verbs used in Belle – letters style in comparison with all verbs in the texts in order to define the percentage of using phrasal verbs in this style. The total quantity of verbs used in three novels (in 9 chapters) is 3047. We investigated 457 phrasal verbs out of 3047 verbs. The percentage of phrasal verbs is 15%. The result is produced in the table 1.

Phrasal verbs in Belle – letters style (table 1)




As we know phrasal verbs are mostly used in everyday speech. It is considered that it is not appropriate to use them in scientific texts. Phrasal verbs are rather informal and better to use them in oral speech. But during our research we found out that the authors of scientific papers and articles do not avoid using phrasal verbs. There are not many phrasal verbs, but consequently there are used.

We have studied 3 articles of the scientific text style and compared the amount of phrasal verbs with all verbs used in 3 texts in order to define the percentage of usage phrasal verbs in this text style. Articles: “The ballooning brain: defective genes may explain uncontrolled brain growth in autism” written by Ferris Jabr, “How provenge laid the groundwork for developing and regulating cancer vaccines”, written by Patricia F. Dimond and article “The way the brain buys” was taken from the journal The Economist. The total quantity of verbs used in 3 texts is 841. We investigated 42 phrasal verbs out of 841. The percentage of phrasal verbs is

5%. The result is introduced in the table 2. It is possible to state that phrasal verbs are used, but the authors try to avoid their and choose a single – word equivalents.


Phrasal verbs in scientific style (table 2)



It is known that phrasal verbs are not wide-spread in style of official documents. It is not appropriate to use them. Many people try to avoid using them in official speech, documents, official letters, etc. Having analyzed we can state that phrasal verbs are used in such text style.

We have studied the amount of phrasal verbs used in official text style (official documents – the government response to the twelfth report from the science and technology committee session “Malware and cyber crime”, “Unclassified Summary from National Security Space Strategy from January 2011”, “The Government’s Alcohol Strategy from December 2011) in comparison with all verbs used in the texts in order to define the percentage of using phrasal verbs in this style. The total quantity of verbs used in three texts is 389. We investigated 35 phrasal verbs out of 389 verbs. The percentage of phrasal verbs is 9 %. The result introduced in the table 3


Phrasal verbs in style of official documents (table 3)



It is important to mention that there is a lot of phrasal verbs in newspaper article's because phrasal verbs are mostly used in our everyday speech. It is known that newspaper articles are made for the differently educated people and the authors use simple words, simple speech in order to make the text readable and understandable. As we know phrasal verbs tend to be rather informal and more appropriate to use them in our everyday life.


We have studied the amount of phrasal verbs used in newspaper text style (editorials from New York Times “Out the Door and Into 2012”, “Online Piracy and Political Overreach” and article “An Update On Some Columns From 2011” written by James B. Stewart) in comparison with all verbs used in the texts in order to define the percentage of using phrasal verbs in this style. The total quantity of verbs used in three articles is 250. We investigated 40 phrasal verbs out of 233. The percentage of phrasal verbs is 17 %. The result is introduced in the table 4.

Phrasal verbs in newspaper style (table 4)



To compare using phrasal verbs in different styles – Scientific style, Belles-lettres style, Newspaper style and style of official documents, it is evident the use of phrasal verbs prevailing in Newspaper style. It can be seen in the table 5.

Use of phrasal verbs in different text styles (table 5)



Belles-letters style – 456 phrasal verbs out of 3047 verbs;

Scientific style – 42 phrasal verbs out of 841 verbs;

Official style – 35 phrasal verbs out of 389 verbs;

Newspaper style – 40 phrasal verbs out of 233 verbs;

According a comparative analysis of the use of phrasal verbs in different text styles we can conclude that phrasal verbs are widely used in various styles of text and reflect specific features of a language.

References

1. Oxford Phrasal Verbs Dictionary for Learners of English. (2007). Oxford: Oxford University Press.
2. Palmer, Frank Robert. The English Verb. London, New York: Longman, 2001.
3. Кунин А.В. Фразеология современного английского языка. М. 1972.
4. Петрович Ю. В., Когнитивные основы образования новых фразовых глаголов в современном английском языке/ Калиноград 2004. -176 с.

М. СЕРАЛИННІҢ «АЙҚАП» ЖУРНАЛЫНДА КӨТЕРГЕН ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

Утепбергенова Д.М

Батыс Қазақстан инженерлік – гуманитарлық
университетінің 1 курс магистрі, Орал қ., Қазақстан

Қазақтардың рухани өмірі тарихына 1911 жыл тұңғыш ұлттық бейресми мерзімді басылымдар шыққан жыл ретінде енді. 1911 жылдың қаңтарынан бастап шыққан қазақ тіліндегі бірінші қоғамдық-саяси, әдеби журналы “Айқап” болды. “Айқап” оның әрі шығарушысы, әрі редакторы, әрі негізгі авторларының бірі Мұхаметжан Сералиннің ұзақ жылдарға созылған ізденістері туралы да айтуға тиіспіз. М. Сералиннің 1906 жылдан бастап газет шығармақ болған бірнеше әрекеттері сәтсіз аяқталды. Тек, 1911 жылдың басына қарай ғана журнал шығару мүмкін болды «М. Сералин журналдың төңірегіне өзімен ниеттес көрнекті ақын жазушыларды, қоғамдық қайраткерлерді топтастырады. Журналдың секретары болып 1911-12 жылдары Әкірам Ғалимов, 1913-14 жылдары Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Әр уақытта тілші, автор болып Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Дөнентаев, Спандияр Көбеев және осылар сияқты ақын-жазушылар қатысты [1]. “Алты миллиондай халықтың ортасында бір журналдың яки бір газеттің жоқтығы” М. Сералинді тәуекелге бел байлап, журнал шығаруды жалғыз бастауға итермелеген. Әрине, ол М. Сералинге журнал шығаруына және оны үзбей шығарып тұруына мүлдем ешкім көмектескен жоқ деген сөз емес. Жақсы істің басталуына, оның іске асуына әрдайым тілектестер мен мүмкіндігінше көмек көрсететіндер табылатындығы сияқты, М. Сералинге де тілектес болып, оған қол ұшын бергендер болды. Журнал шығысымен халық оны жылы қабылдаған болатын. Жан-жақты көмек көрсетті. Көптеген адамдар журналдың үзбей шығып тұруына өз үлестерін қосты. “Айқап” журналы М. Сералиннің бастамасымен соның ерлікке тең еңбегінің арқасында және соның қаражатына 1911 жылдың 10 қаңтарынан бастап Троицкі қаласында Х. Сосновскийдің “Энергия” баспаханасында шыға бастаған. Көлемі 4-5 баспа табақ, таралымы 900-1000 дана. 1915 жылдың қыркүйегіне дейін барлығы 88 саны жарық көрген. Кей жылдары 12-14, кей жылдары 24 нөмірге дейін шыққан [2]. Тұңғыш журналдың

неліктен “Айқап” атануы туралы М. Сералин: “Біздің қазақтың неше жерде “қап” деп қапы қалған істері көп. “Қап” дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге ылайықтап “Айқап” болды” — дейді. «Айқап» Ресей империясының отаршылдық қысымындағы қазақ халқының рухани оянуына, қоғамдық сана сілкінісінің серпілуіне бұла күш дарытты. «Қап дегізген қапияда өткен істеріміз көп болған соң журналымыз да өкінішімізге ылайық «Айқап» болған» басылым қазақтардың тарихи атақоныс мекеніне түпкілікті ие болып қалуында заман рухына сай дәстүрлі көшпелі өмір салтымен орайластыра отырып, отырықшылық тұрмыстың тізгініне берік болу талаптарын ұлт ілгерлеуінің басым саяси бағыты ретінде басты орынға шығарды. «Қазақша ойлауға, ойлаған ойын қазақша жазуға бірсыпыра адамды үйретті. Заманымыздағы халық басында тұрған ең керекті болған мәселеміз жер әңгімесі хұсысында (турасында) азды, көпті жұрттың ойын қозғауға себеп болған» «Айқап» редакторы Мұхамеджан Сералин «Басқармадан» (1915) атты мақаласында журнал шығарудағы елдік мұраттан туындайтын басты мақсатын «...Мақсатымыз дүние жиып, байымақ, пайдаланбақ емес, тек қана жұрттың көзі, құлағы болмақ еді...Журнал шығарғандағы мақсатымыз – халыққа жол көрсетпек еді» деп жазды. «...Алты Алаштың баласына егін шаруасына қолайлы жерлерге қала салуды қуаттап, халыққа шамасы келгенше түсіндіру» мақсатын ұстанған «Айқап» халықтың рухани даму өзегін құрайтын оқу-ағарту ісін дұрыс жолға қою сынды маңызды мәселелерді өткір көтерді. Журналдың шығуына бір жыл толуына арналған мақаласында М. Сералин : «Сөз соңында жыл бойынша журналдың тоқтамай шығуына себеп болған мырзаларға «Алла риза болсын» айтпай қала алмадық. Әуелі, мәтбуға қожасы Сосновскийге арзан бағамен журналымызды басып Һәм білген мәслихаттарын айтып жәрдемдескеніне. Екіншіден, Тәңірберген Тұрысбеков, Сәдуақас Шорманов, Ғабділрахман Жүсіпов жәрдем еткен үміт иелеріне. Үшінші, бір жылдан бері тынбай сөз жазып келе жатқан шәкірттерге», - деп жазды. Бұл жолдардан М. Сералиннің “Айқап” журналын шығарып тұруға көмектескендердің ішінен бірінші етіп Сосновскийді атағандығын көреміз. 1907 жылы шыққан “Қазақ газетін” шығарушы да Х. Сосновский болғандығы белгілі. Қазақ тілінде шыққан тұңғыш бейресми газет пен журналдың шығуына көмектескен Сосновский туралы сөз кезегінде

атап өткен болатын, Хаим Шулевич Сосновский ұлты еврей. Троицкі қаласының мешаны. Алты жылдан астам Троицкіде шығып тұрған “Степь” газетінің редакторы болған. Сол қаладағы “Энергия” баспаханасының иесі. Кеңестік тарихнамада айтылғандай, журналдың өзімен қатар шығып тұрған “Қазақ” газетінен басты айырмашылығы таптық идеялық позицияларында емес, олардың қаржылық негіздерінің екі түрлі құрылуында, қаржы көздерін екі түрлі іздестірілуінде болды [3]. Басылымдарды қаржыландырудың уақыт талабына сай нарықтық негізде жүргізілуінде, немесе, керісінше уақыт талабына сай жүргізе алмауында болды. XX ғасыр басындағы ұлт алдында тұрған мәселелерді ұлттық деңгейде көтеріп, ұлттық көлемде қоя білген, сондықтан ұлттық басылым деген ұғымға толық сай келетін екі басылымның бірінің әлемдік соғыстың басталуына байланысты туындаған қиыншылық қыспағына шыдай алмай өз шығуын тоқтатуы, екіншісінің, сол қиыншылыққа қарамастан шығуын жалғастыруы қайсысының дұрыс жол таңдай білгендігін көрсетіп берді. М. Сералин «Шәһар Троицкі, март, 1912 жыл» мақаласында Алаштың арда азаматы «...Біздің ілгері келешек күніміз де, бұл дүниеде күн көріп, жұрт қатарлы тұруымыз да жалғыз-ақ нәрсеге тірелген. «Айқаптың» төңірегіне жиналып, қазақ халқының қоғамдық ой –пікірінің қалыптасуына елеулі үлес қосқан әдебиеті мен мәдениетті жайында байсалды талғамдар айтқан журналдың редакторы М. Сералиннің «Айқап» журналының басқармасында қызмет еткен жазушылардың еңбектері ерекше. «Айқап» журналының бетінде қазақ совет поэзиясының алыбы -

С. Сейфуллиннің алғашқы өлеңдері, Б. Майлиннің тұңғыш мақалалары басылды және С. Дөнентаевтың бірнеше өлеңдері жарияланды. Журнал оқу, жас буындарды тәрбиелеу және мәдени-ағарту ісіне шын мәнісінде прогрестік және демократиялық тұрғыдан көңіл бөлді. Бұл іске Сералин өзі сияқты мұғалім, жазушыларды публицистерді тартты. «Айқап» отырықшы болуды мәдениет мәселелерімен байланыстыра үгіттеді. М. Сералин орыс халқының ғылымын, өнерін, тілін үйрену керек дей келіп, бұларды білу үшін школа мектеп ашу қажет. Бұл 4-5 үйдің қолынан келетін іс емес, кедейлердің баласын алыс жерге жіберіп оқытуға қалі келмейді. Сондықтан «бір жерге қала болып жиналудан басқа ем жоқ». Ал «50-60 үй бір жерде, жиналып отырса, оларға орталарынан молда (мұғалім) ұстап бала оқыту оңай. Сонда

өкімет тарапынан орыс –қазақ школын аштыруды талап етуге болатынын» айтты. М. Сералин XX ғасырдағы қазақ ағартушыларының дәстүрін жалғастыра отырып, мектеп ашу, бала оқыту жөнінде нақтылы ұсыныстар жасады. «Біздің ілгері келешек күнімізде, бұл дүниеде күн көріп, жұрт қатарлы тұруымыз да жалғыз-ақ нәрсеге тірелген. Ол...оқу. Мұнан былайғы заманда оқып, өнер білмесек, өнерлі жұртқа жалшы болудан басқа бізге ешбір де орын қалмайды. Біз жұртшылық қылып, оқушы талапкерлерімізге жәрдем бермесек, оқығандарымыз көбейе алмайды» [4],- деп жазды. Қалам қайраткері «Аштық хақында», «Келешек заманымыздың қамы», «Қазақ халқының мұң-мұқтажы», «Қазақ жастары», «Отырықшы болған қазақтар туралы», «Шәһар Троицкі, март, 1912 жыл», «Жер әңгімесі» т.б. мақалаларында қазақ қауымының жоғын жоқтап, жер, оқу-ағарту секілді басты мәселелердегі келелі ой-толғамдарын талқыға салды. Әсіресе отырықшы болып шұрайлы жерлерге ие болу, қала салып мәдениет көшіне ілігу сынды көкейкесті мәселелерді үнемі насихаттаумен болды. Көсемсөз шебері «Қазақ халқының мұқтажы» мақаласында «Ау, жұрт! Ойланайық. Келешек заманымыз қалай болады? Заманға муапық іс істейік. Заманның соңынан біз қумасақ, заман бізді күтпейді» деп арпалыстағы алмағайып заманда қазақтың өз жеріне ие болып қалуы үшін отырықшы болу керектігін қоғамдық деңгейдегі талқыға салып, әлеуметтік ой-санаға сіңірумен болды. «Айқап» отаршылдық қысымдағы қазақтың ұлттық санасын оятуға ықпал етіп, халқымыздың саяси және рухани ілгерлеуіне мейлінше қажетті ділгір мәселелерді өткір көтерді. Журналға келіп түскен хаттарға қарағанда ол қазіргі Қазақстан, Қырғызстан территориясына түгел дерлік және Ресейдің біраз бөлігіне тараған. Отаншыл рухтағы Алаш санаткерлерінің қажыр-қайраты, ар-ождан биігіндегі елдік намысы ерен азаматтардың қаржылай демеушілігімен жарық көрген «Айқап» Ресей империясының отаршылдық қысымындағы қазақ халқының рухани оянуына, қоғамдық сана сілкінісінің серпілуіне бұла күш дарытты. Журналда Алаш ақылманы Шәкәрім Құдайбердіұлының «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын» (1912.№5), «Сөз таласы» (1915.№6), «Біздің мұқтаждарымыз». «Басқармаға келген хаттар» (1912.№4.) мақала, хабарлары жарияланды. Оларда ұлт ұстазының философиялық ой-толғамдары, қоғамдық өмірдің өзекті мәселелеріне қатысты көзқарасы көрініс тапқан.«Білімділерден бес

түрлі сөздің шешуін сұраймын» (1912. №5) сауалнамасында Ш.Құдайбердіұлының «Айқап» журналы арқылы оқырмандардан бес түрлі діни сұраққа жауап сұраған хаты берілген. «Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын. Әншейін жұмбақ емес, өз ойымша, адамның екі дүниесіне бірдей керек. Бұл сөздерге дін кітабынан дәлел көрсет деймін, тура ғана ақыл қабыл аларлық дәлел болса екен. Жауап беруші қазақ болсын, басқа жұрт болсын – бәрібір, бірақ жауап қазақ тіліменен жазылсын, не қазақша тәржіма етілсін. Жауап неғұрлым ұғымды, қысқарак сөзбен жазылса екен...» дей келіп, 1. Алланың адамды жаратқандағы мақсұты не? 2. Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін? 3. Адамға өлген соң мейлі не жөнмен болсын рахат-бейнет (сауап-азап) бар ма? 4. Ең жақсы адам не қылған кісі? 5. Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма?» деп барша адамзат баласын мәңгілік толғандыратын философиялық сауалдарын талқыға салады. Алаш қауымының қоғамдық жәйттерінен туындаған өмірлік маңызы зор келелі мәселелеріне сергек қараған ақын «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналына сөз жазушыларға» өлеңінде саяси көзқарас ұстанымындағы пікір қайшылығынан (көшпелі және отырықшы) екіге жарылған қазақ зиялылығын парасат пайымына жетелер азаматтық келісімге, саяси және рухани арнадағы ортақ мұрат-мақсаттағы елдік жолындағы кемел істерде береке-бірлікке шақырды. «Сөз таласы» мақаласында «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің арасындағы мұсылман құрылтайы мәселесіне қатысты өрбіген кезекті таластарды ақыл таразысына салып, сын көзімен қарады. Ақын орынсыз кекету, жөнсіз мұқату, қисынсыз мінеу сынды ар өлшемімен еш үйлеспейтін жағымсыз қылықтар тұтас Алаш баласын әлеуметтік келеңсіздіктерге ұрындырып отырғанын айта отырып, имани қасиеттерге жүгіну керектігін түйеді. Шәкірім қажы «Айқапқа» жазғандар да, «Қазаққа» жазған Ғалихан да талас сынды көптің сынына салып отыр, ол жақсы-ақ. Бірақ кекеп, кекетіп сөзін жазған жарай ма? Менің ойымша, кекеу, сөгіс – тіл қаруы. Оның жарасы тез жазыла қоймас. Жауап қайырып, қарсыласарлық үлкен кісі түгіл, жас баланы да ұрып, кекеп-зекіріп тыю зиян шығармай ма?» деп қандайда болмасын адамның дәрежесі мен лауазымына қарамастан әділдік жолында ақиқат өлшемін ұстануы керектігін ескертеді. Өз толғамын нақты мысалмен нығырлап, өзекжарды толғанысын «кекеу кек шықырып, кек партия шақырып, партия елдің елдігін жоғалтады» деп саяси ұстанымды ар-ождан

қасиеттерімен сабақтастырып, азаматтық кемелділікке шақырады.

«Айқап» журналында қазақ әйелдерінің қоғамдағы орнына да жан-жақты тоқталады. «Адам баласының тәлім-тәрбиесі анадан ауысады, бүкіл адамзатты тәрбиелеуші – ана» деп, олардың үйдегі, семьядағы атқаратын рөлін өте жоғары бағалады. Журнал осы мәселені көтере отырып езілген қазақ әйелдері қатарынан жұмысқа тілшілер тартты. Тілеубайқызы Сахыпжамал (1911, №7, 11-12 бет) қазақтың ер балаларын оқытып, қыз балаға онша көңіл бөлмейтінін, олардың қалың малға сатылып, сүймеген адамына еріксіз ұзатылатынын халық алдында әшкерелейді. Осы орайда Тілеубайқызы Сахыпжамалдың «Қазақ қыздарының аталарына «атты мақаласын атап өткен жөн. «Ер баланы оқытасыз да, бізді оқытпайсыз, қыздар оқыса бұзылады дейсіз. Бұзылған әйелдер оқығаннан бұзыла ма екен. Оқу адамды бұзама екен? Біле білсең қыз баланы көбірек оқыту керек. Қыз бала түбінде бала шағаның анасы болады. Ана надан болса, балаға жақсы өнеге бере алар ма ?! Қыздарыңызды көбіне жәбірге ұстап бересіз, ұстап бергеніңіз сол, 14-15 жастағы қыздарыңызды 50-60 жастағы шалға бересіз. Екеуі тең бе, тең емес пе оған қарамайсыз. Шырылдатып ұстап бересіз. Егер де тең болса 14-15жастағы ұлдарыңызға 50-60 жастағы кемпірді неге алып бермейсіз ?» [5], - деп тоқтайды Сахыпжамал. Бұдан артық жеткізіп, бұдан артық ашынып жазу мүмкін емес сияқты. Бұл мақала сол кезде миллиондаған қазақ қыздарының намысының жанып, ар-ұятын оятқан, қазақ даласын дүркіреткен, ұлы жаңалық болды. Журналдың көп көңіл бөлген мәселерінің бірі -әдет-ғұрып, салт-сана мәселесі еді. Журнал қазақ тіршілігіндегі әдет-ғұрыптың кемшілік, кері кеткен жақтарын сынай отырып, елді жақсылыққа, озық ойға, болашаққа шақырды. «Қазақтың қазіргі халі» деген мақалада елді кері тартатын кесепаттың алыстан келмейтінін, оның өз арамыздағы кәдімгі дау-жанжал, ұрлық, өтірік-өсек сөзден тарайтынын, бұл кемшіліктердің кәсіпсіздік білімсіздіктен туатынын жұрт алдына алақандағыдай жайып салады. Б. Майлин журналдың 1913 жылғы 15-санындағы (335-336 б.б.) мақаласында қыз ұзату тойында, өлімге ас беріп, еске алуда елдің үлкен шығынға бататынын айтып оның орына халықты пайдалы іске оқу-ағарту жұмысын дұрыс жолға қоюға, мектеп медресе салуға қаражат шығаруға шақырады. Жалпы алғанда журнал қазақ елін білімге, өнерге шақырды, оқыту сапасын жақсарту мен білім беруді белгілі программаға сүйене жүргізу керектігін сөз етті: «Біздің қазақ баласына

не қылса да басқа жұрттарға теңелу хақында біраз кеңес» деген мақалада (1911, №5, 4-6 беттер) оқыту ісін дұрыс жолға қою үшін көптеген шараларды жүзеге асыру керектігі айтылады «Ынтымақ» атты бүркеншік атпен жазған автордың «Тұңғыш ұлы «Айқапты» сүйген қазақ «Қазақты» да сүйе бастады. «Айқап» ұлт тарихы мен мәдениеті тақырыбын да біршама зерделеген. Алайда журнал XX ғасыр басында қазақтың саяси, мәдени деңгейінің өсуіне айрықша ықпал еткен. Басылым атына келсек, қазақтың «әй, қап!» деген өкінішке толы сөзінен туған. Яғни, мақсаты – өкініштің орнын толтыру болған.

Қорыта айтқанда, «Айқап» журналы небары 4 жыл ғұмір кешті. 4 жылда оның 88 нөмірі жарық көрді. Осыған қарамастан Алаштың тарихында өшпес із қалдырды. Қазақ баспасөзінің қарлығаштарының бірі болған «Айқап» XX ғасырдың басындағы Алаштың көгіне күн болмаққа ұмтылған ұлылардың тұрақты мінберіне айналған және байтақ даладағы қалың елдің қоғамдық санасын оятып, қалыптастыруда сол заманда ерекше мәнге ие болған басылым.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Атабаев Қ. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі(1870-1918). Алматы: “Қазақ университеті” 2000. 58 б.
2. Ирмуханов Б.Б. Прошлое Казахстана в письменных источниках. Алматы: Өлке, 1998. 370 с.
3. Атабаев Қ. Мерзімді басылым XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде. Алматы: “Қазақ университеті”, 1998. 195 б.
4. Нұрпейісов К. Алаш ьәм Алашорда. Алматы, 1995. 22 б.
5. Субханбердина Ү. Қазақ баспасөзі тарихынан // “Айқап” . Жинақ. – Алматы , 1995. Б.6.

ДИСКРЕТНЫЕ ДИНАМИЧЕСКИЕ СИСТЕМЫ

Умарова Б.Ж. магистрант Западно-Казахстан
инженерно-гуманитарный университет имени
М.Утемисова, г.Уральск, Казахстан

Решение многих задач анализа и синтеза динамических систем различного назначения таких, как системы управления и регулирования, телекоммуникационные и вычислительные системы, системы энерго и теплоснабжения, требует использование различных моделей динамических систем. Поэтому надо рассматривать преобразования математических моделей, а также полноту и корректность представления ими свойств движений динамических систем.

Система – это совокупность взаимодействующих, взаимосвязанных элементов. Главное, чем интересуется теория систем, это движение системы. При этом под движениями системы понимаются любые изменения её состояния.

Состояние системы – это совокупность факторов, координат или переменных, характеризующих однозначно и полно все движения системы. Под состоянием системы можно понимать также память системы, то есть способность системы хранить информацию о собственном поведении. В дальнейшем состояние системы, ее движения будут характеризоваться совокупностью переменных состояния. Число переменных состояния, необходимых для полного и однозначного описания состояния системы на всем временном интервале ее существования, называется порядком системы. Таким образом, система – это элементы, связи между ними и ее состояние, отражающее движения системы. Элементы и связи между ними часто называются структурой системы. [1]

В дискретной системе переменные определены лишь в некоторые моменты времени и принимают определенные дискретные значения.

Суть системного подхода заключается в том, что вместо изучения реальных систем, во всем их разнообразии, изучаются математические модели этих систем. Главным обоснованием целесообразности

применения системного подхода является тот факт, что мир, в котором мы живем, устроен так, что движения реальных систем могут быть описаны (с приемлемой для практики точностью) решениями некоторых математических уравнений. Эти уравнения образуют математическую модель системы. В системном подходе реальной динамической системе ставится в соответствие, её математическая модель, как эквивалент данной системы. При этом численные значения и характер решений уравнений математической модели соответствуют, в некотором масштабе, характеру движений исследуемой системы. Поэтому характеристики решений, такие как амплитуда и частота колебаний, время затухания и т.п. соответствуют аналогичным характеристикам движений реальной динамической системы.

В процессе изучения и создания систем на основе системного подхода возникают следующие задачи:

1. Изучение системы и формирование её математической модели (задача моделирования или идентификации).
2. Изучение характера решений уравнений модели и зависимости их свойств от ее параметров и структуры системы (задача анализа).
3. Выбор структуры и параметров математической модели создаваемой системы так, чтобы ее качество удовлетворяло заданным требованиям (задача синтеза).
4. Переход от математической модели системы к реальным устройствам, которые бы описывались синтезированной моделью (задача реализации).

В целом можно сказать, что в основе системного подхода лежат понятия математической модели и информации, так как математические модели и решения их уравнений, фактически, учитывают и описывают лишь информационную сторону процессов, протекающих в исследуемых системах, т. е. информацию лишь о характере движений (изменениях тех или иных переменных). Природу же этих переменных, конструктивные, энергетические и другие особенности элементов системы, эти модели обычно учитывают лишь опосредованно, в той мере, в какой они влияют на характер движений системы. [2]

Уравнения дискретных систем являются разностными, так как обычно описывают соотношения только между дискретными значениями входного воздействия $g(kT)$, рассогласования $\varepsilon(kT)$,

выходного сигнала $y(kT)$ и дискретными значениями переменных состояния $x[kT]$ непрерывной части. Перейдем к этим уравнениям в случае, когда уравнения непрерывной системы имеют вид:

$$\dot{x} = A_H x + b_H u_H \quad (1)$$

$$y = C_H^T x \quad (2)$$

Выражения

$$x[k+1] = Ax[k] + bg[k] \quad (3)$$

$$y[k] = C^T x[k] \quad (4)$$

являются математической моделью дискретной системы. Как видно, эти уравнения включают лишь дискретные значения переменных. Поэтому они являются разностными. Равенство (3) называется разностным уравнением состояния, а $x[k]$ - вектором состояния дискретной динамической системы. Алгебраическое равенство (4) называется уравнением выходов.

Решения $x[k]$, $y[k]$ этих уравнений являются решетчатыми функциями и определяют лишь дискретные значения переменных рассматриваемой динамической системы, обусловленные дискретными значениями $g[k]$ внешнего воздействия.

Уравнения в переменных состояния дискретных динамических систем по форме совпадают с уравнениями непрерывных систем. Однако они являются, в общем случае, системой разностных уравнений. Как и в непрерывном случае, по уравнениям в переменных состояния дискретных систем можно найти соответствующие уравнения вход-выход. Для исследования свойств дискретных динамических систем необходим анализ решений уравнений дискретных систем.

На примере одномерной системы было показано, что математические модели дискретных динамических систем в переменных состояния представляют собой системы разностных линейных уравнений типа (3), (4). В многомерном случае эти уравнения имеют следующий вид

$$x[k+1] = Ax[k] + Bg[k] \quad (5)$$

$$\dot{y}[k] = Cx[k] \quad (6)$$

Здесь $x[k] = [x_1[k] \ x_2[k] \dots \ x_n[k]]^T$ вектор-столбец размерности n , описывающий состояние системы; $g[k]$ и $y[k]$ – векторы входных воздействий и выходных величин; A , B , C – матрицы коэффициентов, соответствующих размерностей.

Каждое решение системы (5), (6) определяется вектором $g[k]$ и вектором начальных значений $x[0] = [x_1[0] \ x_2[0] \dots x_n[0]]^T$

Предположим, векторы $g[k]$ и $x[0]$ заданы. Тогда согласно (5) имеем

$$x[1] = Ax[0] + Bg[0],$$

$$x[2] = Ax[1] + Bg[1] = A^2x[0] + ABg[0] + Bg[1],$$

$$x[3] = Ax[2] + Bg[2] = A^3x[0] + A^2Bg[0] + ABg[1] + Bg[2]$$

·
·
·

Аналогично

$$x[k] = A^k x[0] + \sum_{i=0}^{k-1} A^{k-i-1} Bg[i] \quad (7)$$

или

$$x[k] = A^k x[0] + \sum_{i=0}^{k-1} A^i Bg[k-i-1] \quad (8)$$

Если в уравнении (5) функция $g[k] \equiv 0$, то его решение

$$x_{ce}[k] = A^k x[0] \quad (9)$$

описывает движение свободной системы под влиянием ее начальных условий. При этом матрица A^k описывает изменение состояния дискретной системы (5) на интервале времени $[0, kT]$, поэтому она называется переходной матрицей дискретных систем. [3]

В процессе создания динамических систем любого назначения важное место занимают вопросы реализации, построения технических устройств (элементов систем), способных осуществить требуемые временные зависимости и соотношения между переменными создаваемой системы. В традиционном подходе считалось, что связи между параметрами системы, заданной части системы и добавляемой подсистемы описываются сложными нелинейными уравнениями. Это позволяет значительно упростить решение многих проблем анализа и синтеза динамических систем.

ЛИТЕРАТУРА

1. Гайдук А.Р. Математические основы теории систем автоматического управления. Москва: Испо-Сервис, 2002.
2. Гайдук А.Р. Непрерывные и дискретные динамические системы. Москва: Учебная литература, 2004.
3. Болтянский В.Г. Оптимальное управление дискретными системами. Москва: Наука, 1973.
4. Калман Р., Фалб П., Арбиб М. Очерки по математической теории систем. Москва: Наука, 1971.
5. Квакуернаак Х., Сиван Р. Линейные оптимальные системы. Москва: Мир, 1977.
6. Иванов В. А. и др. Математические основы теории автоматического регулирования. Учебное пособие для вузов. Под ред. Б.К. Чемоданова. Москва: Высшая школа, 1971

СЫЗЫҚТЫҚ ТЕНДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІН ШЕШУДЕГІ MS EXCEL ГРАФИКТІК РЕДАКТОРЫНЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

А.Ж.Нариманова
«Жаратылыстану ғылыми пәндер» кафедрасының
аға оқытушысы, Орал қ., Қазақстан

Excel таблицалық процессорында тендеулер жүйесін шешудің 2 нұсқасы бар: таблицалық процессордың негізгі әдісінің көмегімен электрондық таблицада алгоритмнің жүзеге асуы және арнайы әдістерді қолдану.


Сызықтық тендеулер жүйесін «Поиск решения» құралының көмегімен де шешуге болады.

«Поиск решения» құралының қолданылу әдісіне мысал келтірейік.


«Поиск решения» құралы Сервис менюінде орналасқан.

1. Әр ұяшыққа айнымалыларды енгіземіз.
2. Тендеулер жүйесінің оң жақ бөлігін есептеу үшін қажет формула енгіземіз.

Бұдан соң «Поиск решения» құралын жібереміз. Төмендегі суретте экран көрінісі экран көрінісі көрсетілген. Бұл суретте айнымалылар үшін A2:D2 ұяшықтар, ал формулалар үшін A4, A6, A8 және A10 ұяшықтары бөлінген.




1-сурет - «Поиск решения» опциясы коменгімен теңдеулер жүйесін шешуге дайындау.



2-сурет - Шектеулерді қосу формасы.

Сызықтық теңдеулер жүйесін шешу барысында A2:D2 ұяшығына қандай сандық мәнді айнымалылардың енгізілуі керектігі маңызды емес.

Таблицандағы тағы бір элемент – бүтін функция. Ол бұл жағдайда маңызды роль ойнамайды, бірақ қандайда бір формула енгізу қажет, әйтпесе «Поиск решения» құралы жұмыс жасай алмайды. Дәл осы сияқты жалаушаның қалай орнатылғаны да маңызды емес: «максималды мән» әйтпесе «минималды мән».



3- сурет - «Поиск решения» нәтижесі: $x_1 = 9.5$; $x_2 = -2.5$;
 $x_3 = 5$; $x_4 = -1$.

Добавить батырмасын басу арқылы келесі форманы аламыз.

2 суретіндегі формаға 4 шарт енгізу қажет (теңдеулер жүйесінің санына байланысты). Суретте соңғы шарт бейнеленген. А10 ұяшығына жасалған сілтеме.

4 – ші теңдеуге арналған формуладағы «=» белгісі менюден таңдалған, ал (-13) саны пернетақтамен енгізілген (4 – ші теңдеудің оң жақ бөлігі). Соңғы шектеулерді енгізгеннен кейін ОК батырмасын басу керек және негізгі форма «Поиск решенияға» қайта оралу керек. «Выполнить» батырмасын басу арқылы нәтиже аламыз.

Бұл шешім қандай әдіспен алынғанын «Параметры» батырмасын басу арқылы білуге болады. Поиск решенияны сондай – ақ сызықтық емес теңдеулер жүйесіне қолдануға да тырысып көруге болады. Бұл жағдайда бастапқы жуықтауды таңдау өте маңызды, оған байланысты түрлі шешімдер алынуы мүмкін.

Сызықтық теңдеулер жүйесін МОБР() функциясын қолданып шешуге де болады. Осы мысалды қайта қарастырайық.

$$x_1 + x_2 + 2x_4 = 5$$

$$2x_1 + 4x_2 - x_3 + 5x_4 = -1$$

$$x_1 + 3x_2 + 5x_4 = -3$$

$$3x_1 + 7x_2 - 3x_3 + 9x_4 = -13$$


1. Алдымен А матрицасын енгізіп алайық, біздің жағдайымызда бұл 4x4 матрицасы, оны А1:Д4 диапазонына енгіземіз. Ал В вектор бағанын Е1:Е4 диапазонына енгіземіз, ол бізде бос мүшелер.

2. Алдымен кері матрицаны табамыз. Ол үшін:

Стандартная парағынан Вставка функции құралын таңдаймыз

Пайда болған «Мастер функции» терезесінің «Категория» жолынан «Математические», ал Функция жұмыс алаңына МОБР() функциясын таңдаймыз. ОК батырмасын шертеміз

Пайда болған МОБР() диалогтық терезесінің Массив жолына тышқанмен жылжыта отырып А1:В4 ағымдық матрицасын енгіземіз де CTRL+SHIFT+ENTER пернелерін басамыз.



4- сурет - МОБР() функциясын қолданып кері матрицаны табу.

Нәтижесінде А7:В10 диапазонына кері матрица шығады.


Табылған кері матрицаны В векторына көбейтеміз. Ол үшін:

Кері матрицасының астыңғы жағынан А13:А16 блогын белгілеп аламыз.

«Стандартная» парағынан «Вставка функции» құралын таңдаймыз

- Пайда болған «Мастер функции» терезесінің «Категория» жолынан Математические, ал Функция жұмыс алаңына МУМНОЖ() функциясын таңдаймыз. ОК батырмасын шертеміз

Пайда болған МУМНОЖ() диалогтық терезесінің Массив1 жолына тышқанмен жылжыта отырып A7:D10 ағымдық матрицасын, ал Массив2 жолына E матрицасын, E1:E4 диапазонын енгіземіз де CTRL+SHIFT+ENTER пернелерін басамыз.



5- сурет - Массивтерді енгізу.
Нәтижесі E13:E16 диапазонына шығады.

	A	B	C	D	E
1	1	1	0	2	5
2	2	4	-1	5	-1
3	1	3	0	5	-3
4	3	7	-3	9	-13
5					
6					
7	1,166667	0,5	-0,66667	-0,16667	
8	-1,5	1,5	4,16E-17	-0,5	
9	-0,333333	1	0,333333	-0,66667	
10	0,666667	-1	0,333333	0,333333	
11					
12					
13	9,5 x1				
14	-2,5 x2				
15	5 x3				
16	-1 x4				
17					

6- сурет - Жүйенің шешімі.

MS Excel кестелік процессорында тендеуді шешу Сервис менюіндегі «Подбор параметра» құралының көмегімен де жүзеге асады.

Оның алгоритмі қолданушыға көрінбейді, жасырын түрде орындалады.

$x^2 - \sin x = 0$ тендеуін шешу төмендегі 2 суретте көрсетілген. Тендеудің сол жақ бөлігі A1 ұяшығында, бастапқы мәні – B1 ұяшығында жазылған. Нәтиже B1 ұяшығында көрсетілген.

	A	B	C	D	E
1	=B1*B1-sin(B1)	1,2			
2					
3					
4					
5					
6					
7					
8					
9					
10					
11					

Подбор параметра


Установить в ячейке: \$A\$1

Значение: 0

Изменяя значение ячейки: \$B\$1

ОК Отмена

7- сурет - Excel кестерілі процессорында тендеулерді жазу.



8- сурет - Excel кестеріл процессорында тендеулерді шешу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Б.П.Демидович, И.А.Марон.

“Основы вычислительной математики. М. “Наука” ,
1966 г.

2. Т.П.Иванова , Г.В.Пухова “Программирование и
вычислительная математика”. М. “Просвещение”,
1978г.

3. Н.С.Бахвалов,Н.П.Жидков, Г.М.Кобельков “Численные
методы”.М. ”Наука”, 1987г.

УДК: 159.923.

ТҰЛҒАЛЫҚ ӘЛЕУЕТ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ РЕТІНДЕ

Артигалиева А.Т.- М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университеті, «Педагогика және психология»
мамандығының 1 курс магистранты, Орал қ., Қазақстан

Қазіргі таңда білім беру аясындағы жағдайлар болашақ
мұғалімдердің жеке тұлға болып қалыптасуында маңызды рөл
атқарады. Тұлғалық қалыптасу қандай жолмен жүзеге асатынын түсіну
үшін, ішкі ресурстардың ашылуы бағыттылықты және ерекше
жағдайлар құруды қажет етеді.

Сәйкесінше, қазіргі педагогикалық білім беру жүйесінің даму стратегиясын анықтауға және мұғалімдердің тұлғалық әлеует дамуының өзекті мәселелерін тәжірибелік тұрғыдан шешуге міндетті болашақ мұғалімдердің бейнесін қалыптастыру – қазіргі педагогикалық міндеттердің аса маңыздыларының бірі болып табылады.

Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде адам әлеуетін және тұлғалық әлеует ұғымдарын кең қарастырады.

Б.Ф. Ломов ойынша, адам әлеуеті оның қабілеттерімен, білім жүйесімен, білік, дағдыларымен көрінеді. Б.Г. Ананьев түсінігінде әлеует адам дамуын тұлға, іс-әрекет субъектісі ретінде және адам әлеуетін әртүрлі ұйымдар деңгейінде өзара қасиеттер жүйесінде анықтап қарастырады [2,406-б.].

Бүгінгі таңда тұлғалық әлеует ұғымы психологиядағы толықтай зерттелген мәселе болып есептелмейді, зерттеумен әртүрлі ғалымдар айналысуда. Д.А. Леонтьев тұлғалық әлеует ұғымын тұлғаның негізін қалаушы сипат ретінде енгізді.

Тұлғалық әлеует ұғымының астарында тұлғаның тұлғалық – психологиялық ерекшеліктерінің жүйесі, тұлғалық қабілеттер негізіне жататын тұрақты ішкі өлшемдер мен өзінің өмірлік қызметіне бағыттылық және қызметтегі тұрақтылықты сақтаумен анықталады. Бұл ұғым адамның өзінің іс – әрекетіне, қылықтарына саналы түрде жауап бере алуы, үздіксіз тұлғалық өсуге талпынысы және адамның өзінің жеке мінез – құлқын анықтау қабілеті негізіне жатады және «тұлғалықты тұлғада» түсіндіреді [3, 259-260 б.].

Д.А. Леонтьев ойынша, тұлғалық әлеует ұғымын С. Мадди ұсынған «өмірге төзімділік» түсінігімен қатысты қолдануға болады. Ол өмірге төзімділікті тұлғалық сапа ретінде анықтап емес, оны құрылымдар жүйесі немесе сенімдер ретінде, белгілі бір шамада қалыптасуға және дамуға икемді деп көрсетті. Өмірге төзімділік өз кезегінде өзіне түрлі тұлғалық – психологиялық қасиеттерді жатқызады, оны өмірлік міндеттермен күресуге мүмкіндік беретін тұлғалық ресурстар ретінде бағалауға мүмкіндік береді [4, 406-б.]. Яғни әлеует адамның тұлғасын құраушы ішкі негіз болып табылады.

Н.А. Коваль әлеуетті жеке немесе ұсынылатын жағдайларда жүзеге асатын тұлғалық ресурс ретінде түсінеді. Мазмұнды жоспарларда әлеует автормен адамгершілік, эстетикалық, интеллектуалдық құндылықтар сипаты арқылы ашылады және осы

негізде оның (әлеуеттің) құрылымдық компоненттері анықталады: танымдық (шындықты іздеу аясы ретінде), адамгершілік (жақсылықты іздеу аясы ретінде) және эстетикалық (сұлулықты іздеу аясы ретінде). Н.А. Коваль әлеуеттің негізгі қасиеттеріне:

- адам әлеуетін байытатын маңызды құндылықтар санының толықтығы ретінде;
- адам күшін өз әлеуетін тарататын қуат ретінде;
- ішкі жағымсыз әсерлерге тұрақтылық, бірқалыптылық және қарсылық ретінде;
- нәтижелілік адамның алға қойған мақсаттарға қол жеткізу белсенділігі ретінде;
- индивидуалдылық индивидтің өзін – өзі жүзеге асыра алу білігі және өзінің әлеуетін жетілдірудің адекватты тәсілдерін табуын жатқызды [2, 406-б.].

Осындай ғылыми ұсыныс тұлғаның жеке өмірлік тәжірибесіне сүйенеді. Адам басынан өткен жағдайларды қандай жолмен жеңсе, онда келесі әрекеттің құрылуы үшін тұлғалық негіз пайдаланылады.

Тұлғалық әлеует - тұлғадан бөлінбейтін, тұлғаны құраушы. Ол дамуға бағытталған негізгі вектор болып табылады. Күнделікті тәжірибе бұған біздің көзімізді жеткізеді. Тұлғалық әлеует белгілі бір жағдайларда ғана жүзеге асатын жасырын мүмкіндік ретінде өмір сүреді.

Тұлғаның көріну формасының бірі бұл – тұлғаның даму барысында кездесетін сәтсіз жағдайларды жеңе алу мәселесі. Тұлғаның қалыптасуы үшін сәтсіз жағдайлар кездеседі, олар нақты түрде дамуға әсер етеді, бірақ олардың әсерін еңсеруге болады.

Бұл тек өмірлік ресурстар мен белсенділіктің мейлінше жинақталған бір формасының көріну қасиеті. Мұғалімге жағымды жағдайлар құра отырып, тұлға әлеуетін тану және арттыру жиі ұшырасады.

Оқушының тұлғалық әлеуетінің дамуы оқытуда жекелену және өзін – өзі ұйымдастыру тәсілдері мен формаларын анықтауды талап етеді. Бұл бағыттағы педагогикалық үрдісті ұйымдастыру келесідей ұстанымарға жүгінуі тиіс: әрбір оқушы өзінің қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес және қажетті деп есептейтін жеке білім алу орнын, арнайы курстар мен белгіленген курстарды оқуда таңдауға құқылы [1, 406-б.].

Тұлғалық әлеует мәселесі дамытушы ортаны құруда оңтайлы шешім табуды, сонымен қатар әрбір оқушының жеке бабын табуды қажет етеді. Адамзат мүмкіндіктерінің ашылуына тұлғаға – бағдарлы оқыту технологиясы әсер етеді.

Психолог бұл жағдайда келесідей қызметтерді жүзеге асырады: өзара әрекеттестікті жобалау; өзара әрекеттестік жүрісін диагностикалау; ақпараттық – кеңес беру қызметі; дамытушы қызмет; өзара әрекеттестік тәсілін түзету; бақылау - бағалаушылық; өзара әрекеттестік дамуын болжау; өздік даму [1, 406-б.].

Мұғалім тұлғасы оқушы дүниетанымының қалыптасуына ерекше әсер етеді, сондықтан болашақ мұғалімдердің бойындағы жеке мүмкіндіктері мен әлеуеттерін дамыту қажет.

«Тұлғалық әлеует» категориясын психологиялық тұрғыдан қарастыру мейлінше қиын болып табылады, себебі «әлеует» ұғымы алғашқыда физикалық ұғым ретінде, ал «тұлға» категориясы психологияда бірнеше анықтамаға ие. Бірақ, біздің көзқарасымыз бойынша, адамның тұлғалық әлеуетін психологиялық білім аймағында қарастыру қажет, әлеует физиктер көзқарасы тұрғысынан – күш, қандай да бір нәрсені жүзеге асыру үшін қолдануға болады деп анықталды. Ал психология өз кезегінде адамда бұл күш қалай пайда болатынын және неліктен бұл ұғым тұлға ұғымында жиі қарастырылатынына жауап бере алады. Жоғарыда айтылғандай психологияда тұлға ұғымы жан – жақты ұғым болып саналады. Осыған байланысты адамның тұлғалық әлеуетін анықтауда әр түрлі мәселелер кездеседі.

Д.А. Леонтьев ойынша, тұлғалық әлеует мәселесін Л.С. Выготский көзқарастары мен экзистенциональды психологияның тоғысқан жерінен іздеу қажет.

Тұлғалық әлеует мәселесінің шешілу жолы бір жағынан экзистенциональды психологияның бүгінгі таңда тұлғалық әлеует феноменологиясына назар аударып, оны тұжырымдау әрекеттерімен байланыста болса, екінші жағынан Л.С. Выготскийдің мәдени – тарихи теориясымен байланысты болып есептеледі [6].

Экзистенциональды психология тұрғысынан тұлғалық әлеует авторлардың көзқарастары бойынша «ерік», «Эго», «бақылау локусы», «өмірге тұрақтылық», «өзін – өзі реттеу» және т.б. ұғымдар төңірегінде қарастырылады. Тұлғалық әлеует мінез-құлық қырларымен ғана

байланысты болып келмейді, сонымен қатар тұлғаның маңызды қырларын анықтайды (сенім, құндылық, мағыналылық) [3, 259-260 б.].

Сонымен психологияда тұлғалық әлеует құрылымы кем дегенде адамзат өмірінің 4 аймағымен анықталады:

- психофизиологиялық (ЖЖҚ ерекшеліктері, физикалық заң, архетип);

- еңбектік (көшбасшылық қабілеттер, кәсіби білім, еңбексүйгіштік, еңбек әрекетіне деген мотивация);

- интеллектуальдық (шығармашылық ойлау, сезім, жалпы және арнайы білім, дарындылық, интеллектуальды қабілеттер);

- рухани (әдептілік, адалдық, адамгершілік принциптер, катарсис).

Л.С. Выготский тұлғалық әлеует дамуын оқыту процесі арқылы қарастырды. Ол: «Оқыту дамудың алдында жүрсе ғана тамаша болар еді», - деп жазды [5, 368-б.].

Л.С. Выготский енгізген жақын даму аймағы түсінігі (ЖДА), бала дамуының әлеуеттік мүмкіндіктері мен ішкі жағдайы туралы түсінік береді.

Бұл аспектіде жақын даму аймағы балалардың жеке даму ерекшеліктерінің көрсеткіші ретінде қолданылуы мүмкін. Сәйкесінше, классикалық емес психологияның ұлы өкілі ЖДА – ның феноменологиялық сипатын бала әлеуетінде бар болуын, оны басқа балалардан тек интеллектуальды қырынан емес, сонымен қатар тұлғалық жағынан ерекшелейтін көрсетті.

Сондықтан тұлғаның әлеуметтену үрдісі мен тәрбиелілік әсерлерге бағытталған нәтижелермен жүзеге асатын тұлға дамуындағы ілгерілеулер арасындағы айырмашылық анықталады.

С. Мадди экзистенциальды жеке тұлға идеясында тұлғаның психологиялық қажеттіліктерінің болуын биологиялық және әлеуметтік қажеттілікпен бірге көрсетті. Ол психологиялық қажеттіліктерге – қиял, ой-пікір, шартты белгімен білдірудегі қажеттіліктерді жатқызды. Бірақ бұған дейін танымдық үрдістерді қажеттіліктермен ешкім байланыстырмаған. Мадди биологиялық және әлеуметтік қажеттіліктер басыңқы болған жағдайда, адам өзін әлеуметтік рөлдер мен қажеттіліктерді іске асырушы ретінде қабылдайды да, «ағыс» бойынша жүзеді, яғни өмірді бейімделуге тырысады деп есептеді. Ал егер бірінші орынға психологиялық қажеттіліктер шықса, онда адам болашақтың бейнесін құрады және

өзінің өмірі үшін өмірлік құндылықтар тандайды, өмірдің мәні және т.б. оның іс – әрекетін реттеп отыратын қуатты тірегі пайда болады [6].

Сонымен тұлғалық әлеует адамның интегралды сипатын көрсетеді. Бүгінгі таңда психологияда бұл ұғымға біржақты анықтама беру қиындық тудырады. Алайда, психологиядағы түрлі тәсілдерді саралап, тұлғалық әлеует – бұл адамның көпшілік мақұлдаған шеңберден шыға алу мүмкіндігі, бұл мүмкіндіктер тек адамның санасында бейнеленіп қоймай, оның қалыптасқан мінез – құлық жүйесінде көрінуі деп қорытынды жасаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Белозерова В.Н. Психологические основы повышения личностного потенциала школьника / под ред. Л.С. Колмогоровой, Ю.В. Трофимовой /Материалы международной научно-практической конференции.– Барнаул: АлтГПА, 2009. – 406 с.
2. Ефанова М.И. Самореализационный потенциал и психологическая готовность психолога к осуществлению профессиональной деятельности / под ред. Л.С. Колмогоровой, Ю.В. Трофимовой /Материалы международной научно-практической конференции.– Барнаул : АлтГПА, 2009. – 406 с.
3. Леонтьев Д.А. Возможности эмпирического исследования личностного потенциала /Д.А. Леонтьев, Е.Ю. Мандрикова, Е. Осин, А.В. Плотникова, Е.И. Рассказова // Прикладная психология как ресурс социально-экономического развития современной России. Материалы межрегиональной научно-практической конференции. М.: 2005. -С. 259-260.
4. Шарапановская Е.В. Характеристики профессионально-личностного потенциала педагога-психолога / под ред. Л.С. Колмогоровой, Ю.В. Трофимовой /Материалы международной научно-практической конференции.– Барнаул: АлтГПА, 2009. – 406 с.
5. Выготский, Л. С. Собрание сочинений: В 6-ти т. Т.3 Проблемы развития психики /Под ред. А. М. Матюшкина. М.: Педагогика, 1983. - 368 с.
6. Леонтьев, Д. А. Личностное в личности. Личностный потенциал как основа самодетерминации / Д. А. Леонтьев [Электронный ресурс] // Режим доступа: psychology-online.net.

«КӘМІЛЕТ ЖАСҚА ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ӘРЕКЕТІ, ОНЫҢ ТУЫНДАУ СЕБЕПТЕРІ, КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ»

Талпақова С.А. оқытушы,
Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті,
Орал қ., Қазақстан

Резюме

В данной статье рассматривается проблема преступности среди несовершеннолетних, причины их появления, пути предотвращения и решения. Приводятся статьи Уголовного кодекса РК по данной проблеме.

Қылмыстық психологиядағы аса маңызды проблемаларының бірі -кәмелет жасқа толмағандар мәселесі. Қазақстанда кәмелеттік жасқа толмаған балалар қылмысы жөнінде жазылған белгілі ғалымдар Ө.С.Жекебаев, К.А.Бегалиев, М.С.Нарықбаев, С.А.Шапинованың еңбектері бар. Р.Орсаева кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығына - бос уақыттың көптігі, пайдалы іспен айналыспаушылық, ата-ана тарапынан бақылаудың өз дәрежесінде болмауы, құқықтық білімнің аздығы, сан-салалы жақсы істермен қызықтырып, өзіне тартатын аулалық клубтардың жабылуы басты себептер болып, мектептен бос уақытында не істерін білмей, еріккен баланың қандай іске болса да, еліктеушілік танытуына әкеліп соғуда деп көрсетеді[6;27].

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылығын жан-жақты ашуға талпынған Н.Трофимовтың пікірінше, құқық бұзушылықтан бастап, қылмыстық жолға түскен балалардың 70% ересектердің ықпалымен жасалып отыратындығы анықталды.

Белгілі психологтар Б.Г.Ананьев, В.В.Давыдов, Қ.Б.Жарықбаев, Ж.И.Намазбаева, М.М.Мұқанов, В.К.Шабельниковтардың зерттеулерінде, кәмелет жасқа толмаған балалардың әлеуметтік және жеке білімдері мен өмір тәжірибелерінде адамзат қоғамының жетістіктерін, рухани байлықтарын игеріп, оны мінез-құлықтарына, дүниетанымдарына қалыптастырып отыру қажеттігі айқындалған[4;50].

Осы зерттеу көздеріне сүйене отырып, кәмілет жасқа толмаған балалардың қылмыстық әрекетке баруына итермелейтін келесідей факторлар айқындалды:

Белгілер	Критерийлер
Жекелік - Мен	Өзіне деген көзқарасы, өзін қабылдау, тұла бойы, ой өрісі, өнеге ерекшеліктері, өзі және топтардың ұсынуының ұйымдастыру тәсілдері, ішкі бірлігі.
Әлеуметтік - Мен	Өзін әлеуметте сезіну, эмоциялық байланыстар, ережелерді қабылдау, құндылықтар, мағыналары, мінез-құлқының үлгілері, рөлдік ерекшеліктер және қабылдаулары.
Отбасылық жағдай	Моральдық психологиялық ахуал, ата-аналарымен қарым-қатынастың жетімсіздігі, қамқорлықтың және мейірімділіктің артықтығы немесе кемдігі, дау-дамайлар, қайырымдылыққа тәрбиелейтін жағдайлардың жоқтығы.
Тәрбиелеу кемшіліктері	Оқу-тәрбие үрдісінде баланың жеке ерекшеліктерін ескермеуі.

Алдын-ала жүргізілетін тергеуде кәмілетке толмаған тәртіп бұзушының жеке тұлғасы мына сызба бойынша зерттеледі:

1.Тұқым қуалайтын биологиялық факторлар, ата-анасының біреуінің жүйке

немесе психикалық ауруға бейімділігінің болуы, маскүнемдікке, наша шегу т.б. зиянды әдеттерге әуес болуы.

2.Жасөспірімнің ең жақын әлеуметтік ортасы,отбасы,ата-анасының әлеуметтік статусы, отбасындағы қарым-қатынастар, олардың қадірлейтін

құндылықтары, мектептегі оқуға көзқарасы, мұғалімдермен қарым-қатынасы, сыныптағы баланың алатын орны, достары, олардың әлеуметтік дәрежесі.

3.Жасөспірімнің заң саналылығы[6;30].

Кәмілетке толмағандар арасындағы қылмыстың сипатты белгісіне жататындар:

- Жоғары латенттілік (яғни қылмыстың толық болмауы), іс жүзінде жасалынған қылмыс деңгейі тіркелгенімен салыстырғанда 2-3 есе жоғары болуы.
- Осы жастағылардың өзге жас топтағылармен салыстырғанда криминалдық белсенділіктерінің жоғарлығы.
- Кәмілетке толмағандардың жасаған қылмыстарының топпен бірге жүзеге асуы.
- Педогогикалық қауымдастық тарапынан бақылау деңгейін, ескерту шараларын үйреншікті жағдай ретінде қабылдау.
- Қылмыстық әрекеттің өсу деңгейі кәмілет жасқа толмағандардың тарапынан маскүнемдік, нашақорлық, қаңғыбастық, жезөкшелік, қайыршылық девианттық мінез-құлықтың өсу динамикасымен тікелей байланыста артып келеді[3;50].

Қылмыс жасаған жасөспірімге психологиялық талдау жасасак:

1. Қоғамдық демографиялық жағдайлары - туған жері, білімі, туған жылы, ұлты, мамандығы, кәсібі, отбасы, материалдық жағдайы;
2. Қылмыстық құқық жағдайы – қандай баппен кесілген, қандай шешім шығарған, нешінші рет сотталып жатыр, қай жерде өтеген т.б;
3. Медициналық жағдайы, денелік және психологиялық денсаулығы – отбасы мүшелерінің психологиялық жағдайы т.б;
4. Сыртқы белгілері – беті, бойы, салмағы, дауысы, киімі, шашы т.б;
5. Өмірлік жағдайлары – достары, мектептегі жағдайлары, сүйіктілері, еңбек әрекеті т.б;
6. Өмір сүруі – қоршаған ортасында қандай әрекеттермен айналысады.
7. Мінез – құлқы
8. Жеке адам болып қалыптасуындағы жағдайы – қызығушылығы, хобби т.б;
9. Интеллектуалдық біліктілігі – білімі, ақыл – ойы т.б,
10. Темперамент

ҚР Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі №167 Кодексі) сәйкес, кәмілетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілік тартылу бағыттары:

- 78-бап. Кәмілетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы.
- 79-бап. Кәмілетке толмағандарға тағайындалатын жаза түрлері.
- 80-бап. Кәмілетке толмағандарға жаза тағайындау.

81-бап. Кәмілетке толмағандарды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату.

82-бап. Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шаралары.

83-бап. Тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларының мазмұны.

84-бап. Кәмілетке толмағандарды жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату.

85-бап. Ескеру мерзімі.

86-бап. Соттылықты жою мерзімдері[1;68].

Сот психологиясының сараптамасына сай, келесідей әдістер ұсынылады:

1. Бақылау әдісі
2. Анкеталық әдіс
3. Интервью әдісі
4. Эксперимент әдісі
5. Биографиялық әдіс
6. Тест әдісі (Кэттел сауалнамасы, Ф.Гальтон-жекелік ерекшеліктерді өлшеу тесті, А.Бине «Интеллект деңгейін анықтау» тесті, Роршахтың “Сия дағы” тесті, Розенцвейгтің «Фрустрациялық жағдайды анықтау тесті», М.Люшердің «Түрлі-түстерді таңдау» тесті, т.б.)

Кәмілетке толмағандардың құқық бұзушылығын алдын-алудағы компоненттері:

- “Ерекше назардағы” оқушыларды анықтау, мінез-құлық ауытқушылығына себептерін анықтау;
- Оқушының мінез-құлқындағы ауытқушылықтың себептерін болдырмау;
- Тәрбиеленушілердің құрдастарымен және үлкендермен жеке қарым – қатынастардың сипатын өзгерту;
- “Қиын” оқушыларды әр түрлі жағымды іс-әрекеттерге тарту;
- Отбасылық тәрбие жағдайын өзгерту;

Кәмілетке толмағандарды қайта тәрбиелеу жүйесінің кезеңдері:

Дайындық кезеңі	Қылмысқа ұшыраған баланың тәртібіне себепші болған жағдайларды анықтау.
Екінші кезең	Кәмілетке толмаған баланың көшедегі жора-жолдастарымен арасындағы байланыстардың дәрежесін, тереңдігін талдау.
Үшінші кезең	Өзгеріс кезеңі. “Ерекше назардағы” көптеген

	балалардың жан-дүниесінде өзгерістердің пайда болуы.
Бекіту кезеңі	“Ерекше назардағы” кәмілетке толмаған балалардың өзін-өзі тәрбиелеу әрекеттерін ынта-ықыластарымен ұштастыру.

Н.Ә. Назарбаевтың «Біз әрбір адамның ар-намысын, жағымды қасиеттері мен беделін, жоғары адамгершілік, этикалық стандарттары және рухани құндылықтарын бағалайтын қоғам құруымыз керек» деген ойын басшылыққа ала отырып, қазіргі кезде кәмілетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алудың нақты жалпы мемлекеттік жүйесі жасақталуы тиіс және бұл іске жұртшылық пен халықты кеңінен тарту керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. ҚР Қылмыстық кодексі (Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі №167 Кодексі)
2. Еникеев И.В. Основы судебной психологии в 2 частях. М.,1982
3. Васильев В.Л. Юридическая психология. Питер, 2000г.
4. А.Ә.Маханбетова., Р.С.Егізбаева Кәмілетке толмағандарды құқықтық мәдениетке тәрбиелеу. Алматы, 2010ж.
5. Образцов В.А., Богомолова С.Н. Криминалистическая психология. Юнити-Дана, Закон и права, 2002г.
6. Жангозиева М.С. Заң психологиясы. Әдістемелі құрал. Ақтау, 2011

ЗНАЧЕНИЕ СПЛОЧЕНИЯ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО КОЛЛЕКТИВА В РАБОТЕ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ

Жумагулова Г.А.
Западно-Казахстанский инженерно- гуманитарный
университет, г. Уральск, Казахстан

Потребность в индивидуальности педагога особенно остро стоит в современном обществе, т.к. от того насколько педагог может проявить себя, реализоваться в профессии зависит его психологическое самочувствие и результативность труда. Поэтому в общеобразовательных учреждениях необходимо создавать благоприятные психологические условия, в которых он мог бы реализовать свою личность. А благоприятный психологический климат зависит, прежде всего, от уровня сплоченности педагогического коллектива.

Сплоченность коллектива – это понятие, раскрывающее особенности межличностных отношений в коллективе, единство ценностных ориентаций, единство целей и мотивов деятельности в пределах совместной деятельности. Товарищеские контакты во время работы и по окончании ее, сотрудничество и взаимопомощь формируют хороший социально-психологический климат. [1]

Фактор, воздействующий на социально-психологический климат коллектива, обусловлен индивидуальными и психологическими особенностями каждого из его членов. Сквозь призму личностных особенностей человека преломляются все влияния на него как производственного, так и непроизводственного характера. Поэтому для формирования того или иного социально-психологического климата коллектива имеют значение не столько психологические качества членов, сколько эффект их сочетания.

При изучении проблемы коллектива широко используется понятие «сплоченность», которое рассматривается Л.А. Карпенко, В.В. Шпалинским, М.Г. Ярошевским - как результат ценностно-ориентационного единства членов групп; А.И. Донцовым, Ю.Е. Дуберманом, Ю.Л. Неймером - как единство действий (поведения) составляющих ее индивидов; П.И. Третьяковым, Т.И. Шамовой - как одна из важнейших характеристик деятельности школы.

В.А. Бодров и Н.Ф. Лукьянова исследовали сплоченность летных экипажей; А.И. Донцов, Ю.Е. Дуберман, А.С. Леоновичус, Ю.Л. Неймер, М.А. Фуэнтес — производственных коллективов; А.Г. Кирпичник, Р.С. Немов — ученических коллективов; СИ. Съедин - воинских подразделений; А.Н. Лутошкин, Л.И. Уманский - комсомольских организаций; А.В. Петровский, М.А. Туревский, В.В. Шпалинский - коллективов вообще как групп высокого уровня развития и т.д.

Однако вопросы сплочения педагогических коллективов учебных заведений среднего профессионального образования остаются до сих пор малоисследованными. Данная проблема рассматривалась Р.Х. Шакуровым с точки зрения определения специфики деятельности профессиональных училищ.

По мнению В.В. Шпалинского, сплоченность наиболее адекватно выражается в общности суждений и оценок группы, касающихся относительно значимых для нее объектов — лидеров (формального и неформального). А.И.Донцов отмечает, что такой единицей является предмет совместной общественно значимой деятельности. Исследователи предлагают выявлять сплоченность путем изучения единства мнений и ценностных отношений членов группы к значимым для них объектам. Ю.Л. Неймер предпринимает попытку описать сплоченность, давая характеристику поведения людей на работе: их отношение к труду, дисциплинированность (наличие или отсутствие опозданий, прогулов, употребление спиртных напитков в рабочее время и др.), инициативность (частота внесения рационализаторских предложений, творческий подход к работе), исполнительность (выполнение распоряжений руководителя, отсутствие конфликтных ситуаций при получении заданий) и т.д. С точки зрения В.С. Лазарева, сплоченность коллектива - это характеристика, отражающая его способность противостоять внутренним и внешним воздействиям, негативно влияющим на эффективность совместной деятельности. Понятие «сплоченность» по своему содержанию близко к понятию «организованность». Если организованность характеризует способность группы формировать рациональную структуру взаимодействия между педагогами, то сплоченность - способность сохранять эту структуру.

Достижению хороших межличностных отношений демократического уровня в коллективе, оптимального уровня психологической совместимости коллектива, раскрытию внутреннего творческого потенциала преподавателей является целью тренингов на сплочение педагогического коллектива. [2]

Таким образом, сплоченность рассматривается как свойство социально-психологической структуры коллектива, выражающее степень его внутренне-психологического единства и целостности.

Задачами тренинга можно обозначить формирование и усиление общего командного духа, путем сплочения группы людей;

развитие ответственности и вклада каждого участника в решении общих задач; получение эмоционального и физического удовольствия от результатов тренинга; осознание себя командой. Актуальность тренинга на сплочение состоит в том, что один человек не может сделать всю работу в одиночку, время от времени все равно приходится прибегать к помощи другого человека. В сплоченном коллективе взаимопомощь – это залог успеха, без поддержки будут достигнуты только маленькая цель, которую поставил каждый, но цель коллектива останется на нулевом уровне. [3]

Тренинг на сплочение состоит из нескольких упражнений. Например, первым может быть упражнение «Печатная машинка», целью которого является выработка навыков сплоченных действий. В ходе упражнения участники должны отгадать фразу. Буквы - ее составляющие, распределяются между всеми. Фраза должна быть произнесена как можно быстрее, причем каждый произносит свою букву, а в промежутках между словами все хлопают в ладоши. После упражнения обязательно необходимо провести обсуждение упражнения: что помогало справиться? Что поддерживало? Трудно ли было?

Следующим упражнением можно провести «Мы – команда!». Время проведения данного упражнения 15 минут. Целью упражнения можно выделить развитие навыков невербального общения. Необходимыми ресурсами можно взять цветные маркеры, ватман, заготовленные заранее индивидуальные задания. В ходе упражнения участники делятся на 2 команды. Каждому члену команды дается индивидуальное задание. Индивидуальные задания: кратко прописаны на отдельных листах, каждый лист является строго конфиденциальным для одного участника. Например, «Все буквы имеют синий контур!» – листок с такой надписью вручается одному участнику тренинга, он не имеет права никому его показывать, обязан сделать так, чтобы нарисованные совместно буквы имели именно синий контур! Второе задание: «На всех гласных буквах нарисовать звездочки!» – это задание для следующего участника. Участникам запрещено разговаривать и вообще как-нибудь использовать голос. Необходимо совместно написать надпись «Команда – это мы!». Время выполнения задания 5-7 минут. Упражнение имеет психологический смысл, так как в ходе упражнения участники учатся координировать свои действия, взаимодействовать в команде. Развиваются навыки невербального

общения. По окончании упражнения необходимо провести обсуждение: трудно ли было выполнять задание? Что показалось наиболее трудным? Успешно ли было взаимодействие в группах? Почему?

В конце тренинга необходимо провести рефлексию, которая длится 10 минут. Во время нее можно задать следующие вопросы: 1.Какие психологические качества у вас проявились при участия в тренинге? 2.Какие чувства испытывали? 3.Что нового узнали о себе, о группе? 4.Как будете использовать эти знания? 5.Чему научились? 6.Как это пригодиться в будущем? 7.Что было важным? 8.Над чем вы задумались? 9.Что происходило с вами? 10.Что нужно развивать на будущее?

Завершающим этапом тренинга можно сделать просмотр мультфильма «Команда – это сила!».

В условиях сплоченного педагогического коллектива у студентов повышается уровень познавательного интереса к специальным дисциплинам, формируется положительное отношение к профессиональной деятельности как общечеловеческой ценности. В результате сплочения педагогического коллектива, преподавателями переосмысливается их роль в организации учебно-воспитательной деятельности; отмечается новый уровень осознания профессиональных ценностей студентами, формируются и упрочиваются доверительные взаимоотношения между всеми членами педагогического коллектива; повышается престижность учебного заведения, создаются возможности для личностного и профессионального роста всех участников педагогического процесса. [4]

Литература:

1. Дьяченко, В. К. Сотрудничество в обучении Текст. / В. К. Дьяченко. М.: Просвещение, 1991. - 193 с.
2. Брендель, С., Шпиклис, Ю. Психологический тренинг коллектива Текст. / С. Брендель, Ю. Шпиклис. М.: Знание, 2005. - 215 с.
3. Макаров, Ю. В. Социально-психологический тренинг как средство формирования групповой сплоченности : Дис. . канд. психол. наук : 19.00.05 Текст. / Ю. В. Макаров. СПб., 1998. - 180 с.
4. Марисова, Л. И. Студенческий коллектив: основы формирования и деятельности / От ред. Б. И. Королев Текст. / Л. И. Марисова. Киев: Киев, 1985.- 113 с.

СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙ ЖӘНЕ МИФОЛОГИЯ ЖАЙЫНДА

Сулейменова Г.М.

Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық
университетінің магистранты, Орал қ., Қазақстан

Өмірлік құндылықтардың қайнар көзі кез келген халықтың рухани дүниесі ретінде жалпы адамзаттық мұралардың туу, даму заңдылықтарымен сабақтасады. Сол себепті қай халықтың болмасын рухани даму сатыларына баршаға ортақ типологиялық ұқсастықтар тән. Солардың бірі адам санасының өте ерекше қабаты болып табылатын, жан-жақты да ауқымды құбылыс - мифология.

Сол мифология саласын жан-жақты зерттеген дарында да, талантты, мифолог-ғалым Серікбол Қондыбай аз ғана өмірінде өзінің негізгі парызы ретінде, қазақтың мифологиялық келтірімдерін өзге халықтардың деңгейіне көтеріп, зерделеуге арнады. Қазақта миф бар ма, жоқ па деп жүрген таяз ойлы «ғалым-сымақтардың» солақай пікірінің жаңсақтығын «Арғықазақ мифологиясы» атты төрт томдық еңбегінде дәлелдеп, нағыз мифологиялық таным-түсініктердің біздің бүгінгі тіл қолданысымыздағы сайрап жатқан іздерін көрсетіп беріп кетті.

Ол жалпы дүниежүзілік мәдениеттегі ғаламның жасалуы туралы мифологиялық таным-түсініктердің қалыптасуындағы қазақтың үлесін, қазақтың есесін қайтаруды мансұқ етті, және соған жете алды да.

С.Қондыбайдың өзіне дейінгі осы қазақ мифологиясын зерттеуші ғалымдардан ерекшелігі – ол қазақ мифологиясын жеке тақырып етіп, жеке зерттеу нысанына айналдырды және оны ғасырлар бойы жинақталған жалпыадамзаттық және ұлттық таным-тәжірибеден (немесе жинақталған білім аясынан) аршып алып, жаратылыстану, гуманитарлық ғылымдарының ортақ межесі ретінде ұсынды. Бұл сөз жоқ, қазақ ғылымына қосылған өте үлкен үлес, ауқымды жаңалық.

Бұрын-соңды басы ашылмаған көптеген сұраулы мәселелерге мифологиялық пайым, филологиялық тереңдік тұрғысынан жауап іздеп, өзіндік амал-тәсілдері арқылы «Арғы Қазақты», әрбір қазақтың ішіндегі «Мәңгі Қазақты» сөйлетуге өзінің барша мүмкіндігін сарқа пайдаланды.

Олай болса, нақты алғанда, мифология дегеніміздің өзі не? Ең алдымен мифология (гр. mythos-аңыз және logos-ілім) - алғашқы

санадағы шындықтың ерте дүниедегі творчествоға тән қиял түрінде бейнеленуі. Философиялық тұрғыдан ол көне қоғамдағы дүниетаным көрінісінің өзгеше бір формасы деп сипатталады [1,279]. Миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте, саяси-әлеуметтік, мәдени, шаруашылық жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта, ғалам туралы, оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі-сыртқы күштер туралы түсініктерінің жиынтығы.

Соған сай таза мифологиялық ойлау-белгілі бір дәрежедегі абстракция. Сондықтан оның нақты түрде анықталмайтындығы оның адамзат мәдениеті тарихының, тіпті сананың өзінің дамуының көне, синкретті кезеңімен төркіндес екендігі де айқын [2,167]. Бұл кезеңде қай заттың болмасын мәні оның тегімен теңестіріледі: объективті дүние субъективтіден, ішкі форма сыртқыдан бөлінбейді; адам мен табиғат, аспан мен жер, жанды мен жансыз бір-бірінен ажырамайды. Яғни мифологиялық таным бойынша дүние, дүниедегі заттар мен құбылыстар бір-бірімен тығыз байланысқан тұтас бір бүтінді құрайды. Сонымен бірге ғалымдар миф тек таза түсінік күйінде я болмаса тек қана таза әңгіме түрінде ғана сақталып қалған архаикалық, реликтілік құбылыс емес, оның дүниені танудың алуан түрлі формаларында құбылып, өзгеріп отыратын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасатын сипатын да атап өтеді [3,22].

Миф - адамзат мәдениетінің базистік феномені, адам баласының ең ерте заманғы ұғым-түсініктерінің, дүниені танып білу ой-өрісінің өте ерте ескі көрінісі. Сондықтан да, ол қоғамдық сананың барлық түрлеріне ортақ, бәріне де қатысы бар [4,90]. Серікбол осы айтылғандарды ой елегінен өткізе отырып, осыған қарағанда, мифология - Адам мен табиғат туралы ғылымның қай-қайсысының да күрделі негіздерінің бірі. Миф туралы ілімнің философия, психология, лингвистика, әдебиеттану, археология, антропология, өнертану, теология, логика, мәдениеттану т.б. толып жатқан ғылымдармен тоғысып, шектесіп жататындығы да содан болса керек деп түйіндейді.

Мифке жеке ілім ретінде көңіл бөлу XVIII ғасырда өмір сүрген итальяндық философ Дж. Виконың 1725 жылы жарық көрген "Основания новой науки об общей природе нации" деген еңбегінен басталады. Мифтік шығармашылықты алғашқы қауым адамының болмыс жағдайларына бейімделуіне мүмкіндік беретін ерекше

тәсілдері көрсетілген мифтер "адамзаттың ақыл-ойы сөздігінің" бірінші басылымы деп көрсетеді ойшыл [5,377-379].

XIX ғасырдың екінші жартысында мифологияны қарастырудың негізгі екі бағытын атап өтуге болады. Оның біріншісі - Я.Гримм, А.Кун, В.Шварц, В.Манхардт, М.Мюллер, Ф.Буслаев, А.Афанасьев, А.Потебня т.б. ғалымдар бастаған мектеп. Ол – үнді-еуропалық салыстырмалы-тарихи тіл білімінің ғылыми жетістіктеріне және үндіеуропалық тілдердегі этимологиялық салыстырулар арқылы көне үндіеуропа мифологиясын жаңғыртуға (реконструкциялауға) негізделген. Екіншісі – «антропологиялық» және «эволюционистік» мектеп. Оның негізгі өкілдері - Э.Тейлор, Э.Ленг, Г.Спенсер сияқты ғалымдар болды. Бұл мектептің негізгі бағыты салыстырмалы-этнографиялық зерттеулердің алғашқы ғылыми нәтижелерімен тығыз байланыста дамуымен сипатталады.

XX ғасыр басында ағылшын этнографы Б.Малиновский этнографиядағы функционалдық мектептің негізін салды. Осымен байланысты ол мифті символдық, аллегориялық т.б. мағынаны білдіретін аңыз, әңгіме ғана емес, сонымен бірге әлем мен адам дүниесіне ұласатын ақиқат шындық ретінде қарастырады. Француздың социологиялық мектебі - Э.Дюркгейм, Л.Леви-Брюль т.б. ғалымдар мифті әлеуметтік психологиямен бірлікте қарап, тотемдік мифологияны рулық қауымдастықтың алғашқы моделін жасаушысы ретінде көрсетті [6,161-168].

Әр халықтың, мәдениеттің, діннің өз мифі бар. Тек осы мифтің танымал болу дәрежесі әр халықта әр түрлі. Біреулер оны дамыған күйінде сақтай алса, екіншілері оны сақтай алмаған, ал үшіншілері өздерінің тіліндегі, фольклорындағы мәдениеті мен өнеріндегі мифті танып, таба алмайды. Өйткені әр халықтың тарихи тағдыры әр түрлі болып шыққан, сондықтан мифтік мұраны түсінудің, оның жасырылған шифрларының кілттерін тауып ашудың нәтижелері түрліше болып шығады.

Мифологиялық теориялардың барлық түрінің тоғысатын жері-мифтің жасампаздық қасиеті. Неміс психологиялық мектебінің негізін салған ғалым В.Вундт мифтің осындай ерекше қасиетінің мәнін анықтауды ең алғашқылардың бірі болып басты мәселе етіп қойған болатын. [7,21].

Тіл мен мифологияны сабақтастықта қарауға ерекше көңіл бөлген, өзіндік із қалдырған орыстың көрнекті ғалымы - А.А.Потебня.

Ол тілдік құбылыстардың тарихи негіздерінде мифтік түсініктер мен образдардың трансформациясы жатыр, яғни мифтік семантика сөздердің "ішкі формасында" деп есептейді. Ғалымның пікірінше, мифтік танымда сөздердегі образ бен мағына әлі бөлінбеген заттың қасиеттері, одан бөлінгенде ғана мифтік образ тілдік метафораға айналады. [8,18].

Мифтің мәні неде, мифтік ойлаудың өзіндік ерекшелігі, логикасы қандай, жалпы мифтің өзіндік табиғаты қалай болады деген мәселелерді анықтау үшін, мифтің дүниежүзілік немесе универсалдық (эмбебап) сипатына тоқталмай кетуге болмайды.

Бұл орайда, ең алдымен, дүниежүзі халықтарының тарихи дамуындағы мифологиялық жүйелерде кездесетін бір-біріне өте ұқсас, ортақ принциптер мен ортақ заңдылықтарды атауға болады. Олар - мифтің универсалдық сипатын көрсететін мифтің құрылымындағы архетиптер мен ауыспалы сюжеттердің, сондай-ақ ортақ кейіпкерлердің «жасампаз қаһармандардың», ру көсемдері, ру иелерінің белгілі бір типологиясы. Мұндай ұқсастықтарды анықтаудың, түсіндірудің бірнеше жолдары бар: 1) жалпы мифтердің бір мәдени негізден шығуы; 2) мифтегі ұқсастықты мәдени байланыстардың нәтижесі деп қарау; 3) жалпы адамзат қоғамының алғашқы кезеңдерінің тарихи-мәдени жағынан бірдей дамуы.

Алғашқы екі әдіс бірін-бірі қайталап, бір-бірін толықтырып тұр. Біздің көңіл аударатынымыз - үшіншісі. Бұд әдіс бойынша миф - дүниежүзілік тарихи сипаттағы құбылыс, өйткені барлық халық өзінің тарихи дамуының алғашқы кезеңінде мифтік сана дәуірін басынан кешіреді. Осы арқылы біріншіден, мифтің универсалдық сипаты; екіншіден, сюжеттердің қайталанатындығы; үшіншіден, мифтік кейіпкерлердің ұқсастығы: төртіншіден, мифтік құндылықтар мен танымдық бірліктердің дүниеге қатысы түсіндіріледі.[9,23].

Бұл айтылғандардың бәрінен шығатын қорытынды алғашқы қауымдық адам өз қауымының, руының қойып отырған талаптарын (дәстүрін, әдет-ғұрпын) қабылдап, бұлжытпай орындап отырған. Яғни өзін айнала қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстардың барлығына қандық-туысқандық принципі деңгейінен қараған. Әрбір миф сакральды симбиозды тұтастық ретінде көріне отырып, когнитивтік-этикалық, рухани-эстетикалық үзінділерден құралады. Мұндай бастаулар әрбір мифте орын алады. Барлық халықтардың мифтерінде табиғат құбылыстарының космос, аспан денелері, жыл

мезгілдері, табиғат күштері, өлім, өмір және адамдық ақыл-парасаттың (антропологиялық және жасампаздық мифтер) көптеген элементтері бар.

Аталмыш құрылымдағы басты және шешуші мезеттер мыналар: 1) адам және әр түрлі табиғат құбылыстары; 2) олардың бір-бірімен өзара байланысы; 3) адамдардың табиғаттың тылсым күштеріне әсер етуі.

Көптеген архаикалық мифтер өздерінің мазмұны жағынан адамзат генезисі, адамдардың ақыл-ойы генезисі туралы болып келеді. Осындай мифтерді негізге ала отырып, Б.А.Старостин «гносеогониканы» танымның пайда болу, қалыптасуының алғашқы кезеңі ретінде ұсынады [10,32].

Серікбол Қондыбай осы дүниежүзілік мифологиялық мектептердің теориялық негіздерімен жіті таныса отырып, осындай мифологиялық таным-түсініктерді сұрыптау және оны тілдік жағынан түсіндірудің бүгінгі таңдағы маңызын терең ұғынған. Расында да, неге бізде мифтік таным-түсініктер бір жүйеге келтірілмеген, жинақталмаған, біртұтас ілімге айналмаған деп, сол олқылықтың қалайда орнын толтыруды, Абайша айтқанда, сол «кетікке кірпіш болып қалануды» өзінің азаматтық парызы деп санап, ар-намысының туы етіп көтере білген, нағыз өжет, қайсар рух Иесі.

Өзінің «Арғықазақ мифологиясы» төрт томдық еңбегінің бірінші кітабының кіріспе бөлімінде ол алдына қойған мақсаты мен міндеттерін айқындай отырып, жалпы миф мәселесіне, оның табиғатына байланысты былай деп жазады:

«Миф деген сөзді жұрт екі түрлі біріне-бірі кереғар келетін мағынада түсінеді. Баспасөз беттерінде осы миф деген сөздің ертегі сияқты, яғни өтірік, жалған, ойдан шығарылған қиял мағынасында берілгенін байқаймыз. Ал шындығында миф деген сөздің нақты мағынасы осы келтірілгендерге қарама-қарсы. Миф – нақты бір тарихи уақытта, нақты бір географиялық кеңістікте, нақты бір саяси-әлеуметтік, мәдени-шаруашылық жағдайында тірлік етіп жатқан адамзат қоғамының өзі өмір сүріп отырған орта (уақыт пен кеңістік) туралы, ғалам туралы оның қалай пайда болғандығы, адам туралы оның қалай пайда болғандығы, адамға ықпал ететін ішкі, сыртқы күштер туралы, өз қоғамының ғаламдағы орны, дәрежесі туралы түсініктерінің жиынтығы, дәлірек айтқанда – «түсіндім деген стереотиптері». Яғни бұл жағдайда миф – ойдан шығарылған өтірік,

жасанды дүние емес, нақты халықтың дүние мен өзі туралы шындығы, басқаша айтқанда – «шын» деп есептелінген, тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі Ақиқаты. Миф әрине, тарихи айғақ емес, бірақ нақты бір тарихи қоғамның танымы, рухани дамуымен байланысты қалыптасқан, тарихи негізі, қисыны бар, яғни бұл жағынан «ақиқат» деп есептеуге болатын дүние» [11,24].

Бұл анықтаманы өзінің мифтік ілімдер жүйесінен алған мол білімі негізінде түсіндіре келе С.Қондыбай осы кезге дейін миф, мифология деген ұғымдарды түсінудегі сыңаржақтылық, яғни мифті ауыз әдебиетінің бір жанры деп қарауды, сол көзқарас негізінде мифологияға әдеби тұрғыдан ғана бағам жасаудың орын алып келгендігін айтып өтеді. Ал шын мәнісінде, мифті ауыз әдебиеті ауқымынан шығып кететін, өз алдына дербес (әрине, гуманитарлық ғылымдардың барлығының тоғысар тұсында орналасып, сол ғылымдардың әдістемесіне сүйенетін) ғылыми пән деп қарастыру қажеттігін айтады. Ең бастысы, мифке тек ауыз әдебиетінің бір көрдемше жанры деп емес, кез келген сауалымызға жауап бере алатын аса маңызды негіздердің бірі деп қараудың орнығуы тиіс деп көрсетеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Философиялық сөздік. Алматы, 1996.
2. Мелитинский Е.М. Поэтика мифа. М.: Наука, 1976.
3. Миф-фольклор-литература. Сборник статей. М., 1978.
4. Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. Атматы: Ғылым, 1978.
5. Философский словарь. М.: Советская энциклопедия, 1983.

ФОРМЫ РЕАЛИЗАЦИИ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ СОБСТВЕННОСТИ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Кусепова С.М. магистрант Казахско-Русского Международного
Университета г.Актобе, Казахстан

Исходя из анализа норм, закрепленных в ГК РК и других нормативных правовых актах Республики Казахстан, можно сделать вывод, что в законодательстве Республики Казахстан, как и в международных соглашениях, под правами интеллектуальной собственности понимается совокупность прав как личного, так и имущественного характера на результаты интеллектуальной творческой деятельности, а также на некоторые приравненные к ним объекты, примерный перечень которых устанавливается национальным законодательством с учетом ратифицированных международных соглашений.

С другой стороны, анализируя ст. 125 ГК РК, а именно п. 2, видно, что в данной статье интеллектуальной собственностью признается лишь комплекс исключительных прав, т. е. имущественных, но не личных неимущественных: «использование результатов интеллектуальной творческой деятельности и средств индивидуализации, которые могут быть объектом исключительных прав (интеллектуальной собственности), может осуществляться третьими лицами только с согласия правообладателя».

Представляется, что все-таки нельзя ограничивать интеллектуальную собственность лишь совокупностью имущественных прав, тем более что и в разделе пятом ГК РК, и в других нормативных правовых актах, регламентирующих вопросы интеллектуальной собственности, рассматривается не только комплекс исключительных прав субъектов интеллектуальной деятельности, но и личные неимущественные права. Хотя, конечно, каждый автор, рассматривающий вопросы интеллектуальной собственности, вправе предлагать свое определение понятию «интеллектуальная собственность». Так, например, Петровский С. утверждает, что права интеллектуальной собственности «это комплекс имущественных прав на использование результата творчества в любой форме и любым способом» [4]; А.Г. Ступников говорит, что под правами

интеллектуальной собственности следует понимать «совокупность имущественных и личных неимущественных прав на материально выраженный результат творческой или интеллектуальной деятельности, а равно на приравненные к нему средства индивидуализации участников торгового оборота, обладающие ценностью для общества, признанные им и охраняемые государством» [5].

Таким образом, можно выделить следующие основные точки зрения (теории), объясняющие сущность и раскрывающие понятие права интеллектуальной собственности:

Теория совокупности прав, в соответствии с которой права интеллектуальной собственности рассматриваются как совокупность субъективных прав владельца результата интеллектуальной деятельности, состоящих в возможности использования любым, не запрещенным законом способом результата интеллектуальной деятельности (имущественные права), и определенных личных неимущественных прав, связанных с созданием данного результата.

Теория исключительного права, определяющая права интеллектуальной собственности как совокупность только имущественных прав субъекта интеллектуальной деятельности.

Теория интеллектуальных прав, называющая права на объекты права интеллектуальной собственности правами особого рода (*sui generis*), лежащими за пределами классического деления гражданских прав на вещные, обязательственные и личные [6].

Каждая из данных теоретических концепций имеет право на существование, тем более что подобное количество различных точек зрения благоприятно для более глубокого понимания права интеллектуальной собственности. Так, например, анализ этих и других характеристик права интеллектуальной собственности позволяет выделить ряд признаков, которым должен отвечать любой объект права интеллектуальной собственности и, в частности - все объекты права интеллектуальной собственности это результат деятельности прежде всего ума и интеллекта. Однако, например, в положении подп. 1) п. 1 ст. 961 ГК РК об объектах интеллектуальной собственности выделяются результаты интеллектуальной творческой деятельности. В этой связи следует рассмотреть отдельно понятия «интеллектуальная деятельность» и «творческая деятельность». Под интеллектом понимается способность мышления, рационального познания [7].

Поэтому интеллектуальную деятельность можно рассматривать как изменение и преобразование человеком окружающего его мира путем рационального познания, т. е. путем мышления, с помощью логических умозаключений. Творчество же определяется как деятельность, порождающая нечто качественно новое и отличающееся неповторимостью, оригинальностью, уникальностью [7]. Таким образом, термин «интеллектуальная деятельность» отражает использование человеком способностей рационального познания при осуществлении деятельности, тогда как понятие «творческая деятельность» отражает аспект качественной новизны ее форм и результата, получаемого в процессе такой деятельности. Конечно, использование термина «результаты интеллектуальной творческой деятельности» наиболее полно отражает специфику таких объектов интеллектуальной собственности, как произведения науки, литературы и искусства; изобретения, полезные модели, промышленные образцы; селекционные достижения; топологии интегральных микросхем и т.д.

Но можно ли говорить, что средства индивидуализации, к которым относятся фирменные наименования, товарные знаки, знаки обслуживания, наименования места происхождения товара и др., являются результатом не только интеллектуальной, но и творческой деятельности? Законодательство Республики Казахстан путем разделения объектов права интеллектуальной собственности, согласно п. 1 ст. 961 ГК РК, на две части - результаты интеллектуальной творческой деятельности и средства индивидуализации, отрицательно отвечает на данный вопрос. Представляется неправильным так категорично утверждать, что фирменное наименование, товарный знак, знак обслуживания не являются результатом именно творческой деятельности, т. е. они не могут претендовать на такие характеристики, как качественно новое и отличающееся неповторимостью, оригинальностью, уникальностью? Об обратном говорят товарные знаки таких фирм, как «Coca-cola», «Volkswagen», «Toyota» и многих других. Думается, что товарные знаки и знаки обслуживания, которые выражены в изобразительной форме, являются по-настоящему результатами творческой деятельности не одного человека, ведь для создания таких обозначений требуется не только логическое мышление (чтобы данный товарный знак соответствовал тому товару, для обозначения которого он создается: «3 корочки» для сухариков, «Алтын» для подсолнечного масла и т.д.), но и фантазия, выдумка

(чтобы обозначение получилось ярким, красочным, достаточно простым и, таким образом, легко запоминающимся для потребителя).

Представляется, что только наименование места происхождения товара не является результатом творческой деятельности, ведь в этом случае, во-первых, просто используется географическое название объекта, где производится (добывается) данный товар («Шампанское», «Боржом», «Тулский самовар» и т.д.); во-вторых, в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан данное обозначение может использоваться одновременно несколькими субъектами; и, в-третьих, самое основное, что имеет значение для наименования места происхождения товара – характерные и уникальные свойства товара должны определяться именно тем географическим объектом, на территории которого он производится (добывается). Кроме того, говоря о наименовании места происхождения товара, возникает вопрос, что в данном виде средства индивидуализации «интеллектуального»? Ничего. И действительно, единственным признаком, наличие которого повлияло на отнесение наименований мест происхождения товара к объектам права интеллектуальной собственности – исключительный характер прав на данный вид средств индивидуализации.

Таким образом, исходя из всего вышесказанного, можно сделать вывод, что товарные знаки (знаки обслуживания) в некоторых случаях могут быть объектами авторского права. Однако думается, что подобное суждение не должно явиться основанием для признания авторских прав на товарные знаки за их конкретными создателями в силу значительного отличия товарного знака как средства индивидуализации и обозначения как объекта авторского права [8].

Признак, которому должен отвечать любой объект права интеллектуальной собственности заключается в том, что субъектам прав на объекты права интеллектуальной собственности принадлежат в отношении указанных результатов исключительные права, в силу того, что указанные права защищаются «против всех, потому что нарушителем может быть каждый»; а также указанные права «обеспечивают субъектам их исключительную возможность совершения некоторых действий, запрещенных другим» [9] (например, право использовать объект интеллектуальной собственности любым способом по своему усмотрению, закрепленное в статье 964 ГК РК). Именно наличие указанной характеристики и позволяет отнести к

объектам права интеллектуальной собственности объекты, которые не всегда связаны с интеллектуальной деятельностью человека: например, фирменные наименования, которые не содержат фантазийных названий, наименования мест происхождения товара;

Еще один признак заключается в следующем: объекты права интеллектуальной собственности имеют и стоимостные оценки. Как и другие продукты человеческого труда, они могут быть включены в товарооборот, удовлетворять личные и общественные потребности. Так, например, права на объекты интеллектуальной собственности, согласно п. 1 ст. 59 ГК РК могут быть внесены в качестве вклада в уставный капитал хозяйственных товариществ, а также в качестве имущественных взносов в производственный кооператив; кроме того, субъект данных прав, в соответствии с п. 1 ст. 965 ГК РК, может передать свои исключительные права по договору другому лицу. Таким образом, субъект права интеллектуальной собственности осуществляет владение, пользование и распоряжение этими правами.

Также, одним из признаков является тот факт, что объекты прав интеллектуальной собственности имеют обьективированную форму (текст, символ, знак и т.д.).

И, наконец, еще одним признаком объектов права интеллектуальной собственности служит тот факт, что по поводу данных объектов возникают такие общественные отношения, которые являются предметом правового регулирования.

Учитывая вышеизложенное, представляется правильным, полным и учитывающим особенности рассматриваемых прав предложенное Т.Е. Каудыровым определение: «Правом интеллектуальной собственности называется охраняемый законодательными актами, принадлежащий субъекту гражданского права комплекс абсолютных, ограниченных по территории и времени действия личных неимущественных и имущественных прав исключительного характера на нематериальные (бестелесные и идеальные), определенным образом закрепленные, объекты интеллектуальной собственности - результаты интеллектуальной творческой деятельности и средства индивидуализации субъектов и объектов рыночных отношений» [10].

Список использованных источников:

1.Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть): Комментарий. 2-е изд., испр. и доп., с исп. судеб. практики / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы: Жеті жарғы, 2003. С. 637-720.

2. Гражданское право. Т. 3: Учеб. для вузов (академ. курс) / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы, 2004. С. 86-117, 151-273.

3 Каудыров Т.Е. Комментарий к Разделу V «Право интеллектуальной собственности» (за исключением комментариев к главам 50, 51) // Гражданский кодекс Республики Казахстан (Особенная часть): Комментарий (постатейный): В 2 кн. Кн. 2 / Отв. ред.: М.К. Сулейменов, Ю.Г. Басин. Алматы. 2006. С. 409- 424, 469-541.

4. Петровский С. Интеллектуальная собственность // Интеллектуальная собственность 1999. № 3. С. 58.

5. Ступников А.Г. Интеллектуальная собственность: понятие и признаки // Юрист. 2000. № 10. С. 44.

6. Петровский С.В. Интеллектуальная собственность и исключительное право // [http://www. riissianlaw.net/law/doc/al05.lilm](http://www.riissianlaw.net/law/doc/al05.lilm)

7.Советский энциклопедический словарь/ Гл. рел. А.М. Прохоров. М.: Советская энциклопедия, 1989. С. 500, 1325.

8. Рабец А.П. Правовая охрана товарных Знаков в России: современное состояние и перспективы. СПб.: Юрид. ЦентрПресс, 2003. С. 47, 120-121.

9. Шершеневич Г.Ф. Учебник русскою гражданского права: Т. I // http://civil.consultant.ru/elib/books/29/page_2.html

10. Каудыров Е.Т. Проблемы объектного состава результатов интеллектуальной творческой деятельности //Объекты гражданских прав: Мат-лы междунар. науч.-практ. конф. (в рамках ежегодных цивилистических чтений) Алматы. 25-26сентября 2003 г. /Отв. ред. М.К. Сулейменов Алматы: КазГЮУ, 2004. С. 382.

САБЫРХАН АСАНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖЫР ЖАУҒАРЛАРЫНЫҢ СЕЗІМ ӘЛЕМІ...

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі

Жиенқұлова А.Т.

Д. Байбосынов атындағы №13 ұлттық мектеп – гимназиясы

Атырау қ., Қазақстан

Ақын интеллектісі неғұрлым кемелденген сайын оның поэзиясындағы образдар әлемі, жалпы бейнелілік күрделене бермек. Лирик ақын не туралы жырласа да лирикасынан ақын эмоциясы мен қиялы көрініс береді. Бұл күнде өркендеген ұлттық поэзиямызда өлең-сөзді көріктендірудің сан алуан әдіс-тәсілі бар. Үнемі өрлеу, өсу, даму үстінде болған қазақ лирикасының поэтикалық мүмкіндігі құлашын кеңге жайды. Қазақ поэзиясының қайнар көздеріне көз салсақ, оның тарихи бастауын әріден іздеген жөн. Осы тұрғыдан келгенде, өткен ғасыр мен бүгінгі дәуір ақындарының туындыларындағы тропалық тіркестердің тізбегіне көз салалық: Мәселен, Бұқарда:

Сен – бұзау терісі шөншіксің,

Мен - өгіз терісі талыспын.

Шал ақын:

Мен бір шапқан жүйрік ат,

Бір желіксем басылман.

Ақтамберді:

Сыртым – құрыш, жүзім – болат,

Тасқа салсаң майырылман!

Абай:

Сен – жаралы жолбарыс ең,

Мен – киіктің лағы ем.

Махамбет:

Мен – тауда ойнаған қарт марал,

Табаным тасқа тиер деп,

Сақсынып шыққан қиядан.

Мағжан:

Мен ақынмын – ағынмын,
Сылдыраймын, сүйемін.
Мен ақынмын – жалынмын,
Шапшып көкке тиемін.
(«Жас сұлуға»)

Мұқағалида:

Мен – түн болсам, сен – таң болдың жаңа атқан,
Мені – қол, сені – шойын жаратқан.
Мен – ашу да, сен – ақылсың нәрі аққан,
Сен – Адамсың, мен – аждаһа зәр атқан.
(«Күрсінбеші»)

Міне, осы сынды қазақ лирикасын небір түрлі көркем кестелермен байытқан құбылтудың (троп) түрлері сан алуан. Оның барлығын атап шығу да мүмкін емес, міндет те емес. Поэзия жанрындағы көркемдік, шеберлік саздар мен ізденістердің сан қырлылығы, молдығы да уақыт ерекшелігі. Тілдік, стильдік, формалық ізденістер... Образ жасау, көркемдік ойлау ұстанымдары. Осындай толып жатқан өзекті, мәнді мәселелер қазақ поэзиясындағы сапалық өзгерістерді көрсетеді. Жоғарыда үлгісі берілген, шендестірумен байланысты келетін метафоралық троптар Сабырхан ақынды қандайлық, соған көз салайық:

Сен – гүлсің,
Мен – ақынмын,
иіскегім келіп тұрар.
[1, 167]

* * *

Мен бір жанмын жаны – күй,
жүрек қылын тап басам.
[2, 186].

Тағдыр – тентек келе салып,
құшақ жая өбісті,
аз өмірді бере салып,

талап етіп көп істі.

Көкірекке толып өлең,
жер – жап-жасыл
аспан – көк...
Жұрт не көрсе, соны көрем
деп,
мен-дағы сасқам жоқ.

[1, 201].

Ақын суреткерлік парызын ой таразысына салып, тебіренген тұста шын сырын шынайы елестетер айқын да, қарапайым ұғымдар мен заттарға балап, түсінігімізді тереңдете, молайта түседі, көз алдымызға көп суреттер әкеледі. Және кей жағдайда метафорамен қатар теңеу, эпитет қатар келіп отырады. Мысалы:

1. Құс сайраса қалғымас топ шынар үннен,
тиіп кетсең, жарқ етіп от шығар гүлден.
Жалындаған **жап-жарық** күндерде мынау,
қара ниет адамдар жоқ шығар мүлдем!
2. **Жарқырап жас көңілдей** өткенше айың,
Сарқырап саумал бұлақ төккен сайын...
3. **Жетісу** – менің ыстық **қайын жұртым**,
Әр көркі – **арқауындай** дайын жырдың.
4. **Көк** шындар **көктің төсін** сүйер барып...
Көп шырша бір-біріне сүйеу болып...
5. Үстінен **дауыл өткен ормандай** боп,
жатырмын сені алыстан ойлап бүгін.
6. **Қанаты талмай өткен қыран құсым**,
ойнақтап өткен ерке ақ тайлағым.
7. Достармен **тайдай** ойнап, тебісіп ек,
қасымда қазір соның көбісі жоқ.

8. Жүзімде – иба, тіл – сынық,
демеймін тауды құлатам.

9. Аққу күндер
күндер ару ақ білек,
көп қылаңдап көз алдымнан ақты кеп...
Өрттей ыстық өмірімді өткіздім,
бір-ақ жанның жанарынан бақ тілеп.

10. ...Алаулаған ақ жалынға айналып,
жарқырай бер, менің жанар – тірлігім!

11. Өмір - өзен,
Жалықпайды ол ағуға.

12. Тірлік – күрес,
өту керек қырқысып.

13. Сәлемімді айтқам көгілдір буды көтеріп,
таңдарда тамған,
жақұттай жанған шақтардан.

14. Жылт еткен бір жақсылықтан нәр алып,
жүрек жатты **жас сұңқардай** таранып.

Сабырханның лирикалық өлеңдерінде осыншалықты ой-образды, таным-түсінікті тереңдете түсетін ақын суреткерлігінің сұлулық өрнегі көзге ұрады. Бір ғана балама арқылы сол заттың немесе құбылыстың сыр-сипаты ашылып сала береді. Өлеңге көркемдік нәр береді. Лирикалық кейіпкер өмірлік құбылыстарды, тіршіліктің түрлі аспектілерін, өзінің түрлі сезімдерін, күдік-сенімдерін, қоршаған ортаға көзқарасын, эстетикалық нысанасын, мақсат-мұратын ішкі монолог түрінде білдіреді. Лирикалық өлеңнің құдіреті – қысқа бола тұра, оқырманға аз сөзбен талай сезімге сүңгітіп, сезім сиқырымен баурауында, шағын болса да көп құбылысты сол күйінде жеткізе білуінде. Ақынның көркемдік өрнектердің мұншалықты мол дәстүрін Абай поэзиясынан да үйренгенін аңғара аламыз. «Әдетте, метафора мен эпитет ғана емес, бір толғауда, яки толғаудың жеке шумақтарында

көркемдік тәсілдердің метафора, айқындау, теңеу, синекдоха, т.б. түрлері қат-қабат, бірге келе береді. Негұрлым құбылту, ажарлау әрлі келсе, көркемдік тәсілдердің алуан түрлері араласа келсе, шығарма мазмұны мәнді, анағұрлым айқын, көркемдігі құнарлана түседі. Әрине, бұдан көркемдік құралдарды орынды-орынсыз бытыстыру, рабайсыз үйіп-төгу деген ұғым тумасқа керек. Әр кезде айтар ойды, мәнді, мазмұнды әрлендіре, ажарлай таныта түсер орынды қолданылған көркемдік көріктеулер ғана жарасымды», - дейді әдебиетші ғалым Қ. Сыдиықов [3, 39]. Демек, Сабырхан поэзиясында да өмір құбылысын суреттеуде метафоралық айқындаулардың көркемдік сипаты мен танымдық қуатының мол екендігін аңғарамыз.

Ақын С. Асанов поэзиясындағы метафораның қолданылу аясы өте кең, аса мол екендігін байқадық. Екіншіден, ауыстырудың көптеген тәсілін қолданып, түрлендіріп образ жасауда көркемдік тәсіл-амалдың шығарма мазмұнын байытудағы маңызын автор жете пайымдаған. Үшіншіден, метафораның басқа да көркемдік-бейнелілік құралдармен қатар араласып келуі туынды ерекшелігін танытатыны және белгілі.

Оқырманды ұтымды шыққан бейнелер мен тосын ауыстырулар қызықтыратындығы жөнінде жоғарыда айтып кеттік. Мысалы:

Асқар таулар мені алаңсыз қоршаған,
Жазық жатыр адамдай-ақ шаршаған.
Сол алыптың төсіндегі көп жолдардың бірінде
Құрттай болып келе жатам...

Қорынамын мен саған.

Мен құрттаймын.

Аспан алыс.

Тау үлкен.

[2, 3]

немесе:

Қызық қуып, сырлар аңдып не түрлі,
Бұрсаң сайдың табанына бетінді.
Машиналар жүгіріп жүр құп-құрттай
Бала ойнайтын ойыншықтар секілді.

[2, 10]

болмаса:

Бойдақ күнгі лап етпе ұят қалып...
Көкіректен құбылтып күй ақтарып.
Балам жатыр жап-жайлы төсегінде,
Менің құрттай макетім сияктанып.

[2, 26]

Автор атынан айтылып отырған бұл өлең жолдарында «мен құрттаймын» деген ауыстыру қолданылған. Ақынның өзін кішкентайға балауы тосын, әрі езу тартқызады. Қаламгер шағын ғана өлең жолдарымен көл-көсір мағынаны ұтымды бере білген. Ақын «құрттай», «құп-құрттай» теңеуін қолдану арқылы, өлең жолдарының әсерлілігін арттырған. Көріп отырғанымыздай, өлең жолдарының өзінде қаншама терең ой мен сырлы сөздер тоғысқан. Бұл оның сыршыл поэзиясының тұғырнамасы іспетті.

Дала деген – мыңқ етпес төзім алып,
көтерген не дананың сөзі қалып.
Жалғыз билеп жалғанды жатамыз-ау:
жерде – мен,
көкте – күннің өзі қалып.

Ой-қиялға шала мас түк ілінбей,
бұлғаңдайды жерошақ түтініндей,
...Сары самалың сәскеде лүп-лүп соғар,
жүрегімнің жұп-жұмсақ лүпіліндей.

[1, 67]

Мұнда метафорамен қатар әсірелеу де қолданылған. Көз алдына тартымды, әсерлі суреттер елестейтіндігі анық. Бұл да сөз ұстасының шеберлігімен тікелей байланысты.

Қандай жақсы өмірді сыйға алғаның,
Қандай жаман өлмек боп жиналғаның.
Қандай жаман келуін келіп алып,
Кетерінде қимастан қиналғаның.

Қандай жақсы күлгенің, ойнағаның,
Қандай жаман бітерін ойлағаның.
Қандай жақсы сонда да қоймағаның,

Қандай жақсы сонда да тоймағаның.

Қандай жақсы жатқаның тірлік құрып,
Қандай жаман жүргенің біліп тұрып,
Қандай жаман көбіне жайнап жүріп,
Қалатының қайбір кез сұлық тұрып...

[2, 24]

Бұл ақынның жан-түкпіріндегі бұлқыныс – толқыныстарының бір жалт еткен сәулесі. Лирикалық нәзіктік, жан тебіренісі, ой-сезім тереңдігі – ақын жанының байлығы.

«Мәңгі қалар» деп аталатын бұл өлеңде лирикаға тән көркемдік «қасиет» ішкі монолог өлең өрнегінің көркем кестесін құрайды. Автор лирикалық толғаныспен тебірене отырып, кейіпкерлеріне өз жан толғанысын береді. Айтылған шынайы сыр оқушысының да жан-жүрегін, көңіл-күйін тербейді. Лириканың өзі сезімге құрылған психологиялық шығарма болғандықтан, ақын толғанысына құрылғандықтан да ішкі монолог ең бірінші лирикаға тән. Басқа жанрлармен салыстырғанда әсіресе лирика үшін ауадай қажетті көркемдік бейнелеу тәсілі болып табылады. Сонымен бірге лирикалық кейіпкердің ішкі рухани дүниесі лирик ақынның идеалын, ақын көзқарасы мен дүниетанымын байқатады. Кейіпкер психологиясын танымдық тұрғыдан тану өлең өмірін табиғи тұтастықта талдауда шеберліктің шынайылық сипатына саяды. Лирикадағы монолог – ақынның толғанысқа толы мөлдір жаны, ішкі тебіренісі мен тынысы, ішкі демінің дірілі. Осылайша өлең жолдарын оқи отырып, тура ақын жанын, мінезін танимыз. С. Асановтың «Элегия», « Қиналды-ау жаным», «Әлім бітті», «Нашарлады», « Алыстарды», «Өмірімнің шырағы», «Өкінемін», « Мен ауырсам, ауырармын», «Өмір – мәңгі», т.б. өлеңдерінде ішкі монологпен бірге психо – философиялық тұжырым жасайды.

Ақындық шабыт сырлы сөздің қуатты күшіне, терең ағысты толқынына айналған кезде өлеңдегі көркемдеуіш құралдар да бірінен соң бірі толықтыра түседі.

Сәтті шыққан бейнелі сөз ғана өз оқырманын қызықтырып, өз астарындағы терең мән-мағынамен қанықтырары сөзсіз. Сөз – тілдің негізгі бірлігі, лингвистикалық бірлік ретінде оның екі қыры бар: «мәнерлілік» және «бейнелілік». Демек, лирикалық өлеңдерде қолданылған ауыстырулардың (троптардың) астарында көркем

бедерленіп тұрған терең ой жатуы қажет. Сөйтіп қолданылған әр ауыстырудың (троптың) түрі кім-кімді болса да ойландырып, әсемдіктен ләззат алуға, ана тілінің құдіретті тұнығынан сусындауға баулығаны дұрыс. Халықтың бүкіл тыныс-тірлігінің, тарихи дамуының түпкі мақсаты – тіл, тілді дамыту. Ал, тілдің түпкі мақсаты – поэзия. Себебі, әр тілдің өз ішкі музыкасы, үндестік қатары (звукоряд) болады.

Көрікті ойдан көркем сөз шығады дегендей, С. Асановтың көрікті ойы ерекше кестелі де нақышты сөз әлемін тудырған. Ақынның халық қазынасы – сөзге қосқан үлесі мол және де қыры мен сыры шексіз. Сабырхан ақын сөздерді ойната, тапқырлықпен қолдана білген ақындардың бірі болып табылады. Себебі, Сабырхан ақынның әр сөзі, әр образы, өлеңінің мазмұны өлең ырғағымен, өлең ұйқасымен өзінше бір үйлесім табады. Сонымен қатар жоғарыда аталған өлеңнің үш шумағы дыбыс үндестігіне құрылған. Дыбыс үндестігі – ақындардың жиі қолданған көркемдік тәсілдердің бірі. Шумақтардағы «к» дыбысы ерекше үндестік тауып, Сабырхан поэзиясының мазмұнына мәнерлілік енгізеді. Ақын өлеңіндегі дауыссыз, әсіресе қатаң дауыссыз дыбыстардың үндесуі ерекше әсерге бөлейді. Бұл шумақтардағы өлең құрылысы өлең мазмұнымен өз үндестігін табады, ұйқас – ырғақтық құрылым өлең мазмұнымен қатар өріле шыққан тәрізді. Өлеңнің әр сөзінің көтерген жүгі бар: өз ойын астарлап жеткізуге Сабырханның сөз таңдауы, сөздерді өзіне қызмет еткізе білуі – осы.

С. Асанов шығармаларында «дала, теңіз, тау» образы әр өлеңде түрлі семантикалық жүк артады. Ол құбылады, өзгереді, ішіне көптеген сыр жасырады.

Ай-һай дала,
ай дала, шіркін дала!
Жылжып өтіп жатыр ғой бір күн дала.
Жарты әлем боп жатырсың,
Жата бер, сен,
Сен ұлыңнан сарқылмас сыр тыңда да.

Сары дала-ау, шет-шегі
көз көрместе жоғалған,
сен жатқанда есен-аман,
қазағыңда жоқ арман.

Теңіз деген-шалқасынан жатқан дәу,
Шегінбейді аяғымен жер теппей.

Таулар, таулар...
жетелеген бір-бірін.
Сақтасады, қорғасады тірлігін.

С. Асанов басқа қазақ ақындарының ішінде символизм рухында жазылған өлеңдерімен ерекшеленеді. Сабырхан өзіне ғана тән образдарды туғызған ақын. Оның өлеңдері өзінше бір қайталанбас дүниелер болып табылады. Ақын поэтикасы бейнелеу құралдарының әсерлілігімен ұлттық тіліміздің бар байлығын ұтымды қолдана отырып, ойын ұшқыр да көркем жеткізге білгендігімен көзге түседі...

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асанов С. Шолпан. Алматы: Жазушы, 1996. – 381 б.
2. Асанов С. Елу көктем. Алматы: Жазушы, 1990. – 205 б.
3. Сыдиықов Қ. Көркемдік өрнектер. Алматы: Рауан, 1992. – 80 б.
4. Пospelов Г.Н. Искусство и эстетика. Москва: Искусство, 1984.
5. Негимов С. Ақын – жыраулар поэзиясының бейнелілігі. Алматы: Білім, 1991.
6. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы, 1978. – 192 б.
7. Литературная энциклопедия терминов и понятий. Гл. редактор и составитель А.Н. Николюкин. – Москва, 2001. – 1600 с.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖЕТІЛДІРУ

Ержанова Ж.Қ., Нурсапина К.У.
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

Табиғи ортаны қорғау деп – табиғи ортаны сақтауға, оның байлығын молайтуға бағытталған заңдылық, шаруашылық, ұйымдастырушылық шаралар жүйесін айтамыз. Табиғат байлығын қорғау дегеніміз – оны тиімді пайдалану болып табылады. Табиғат

байлықтары 2 топқа бөлінеді: 1) сарқылатын; 2)
сарқылмайтын.

Сарқылмайтын табиғат байлықтарына: күн энергиясы, теңіз толқыны энергиясы, жел энергиясы, жер қойнауы энергиясы, атмосфера ауасы, мұхит суы жатады.

Табиғат пайдалануды басқаруды қолданылатын әдістері мыналар:

- құқықтық;
- техникалық-ұйымдастырушылық;
- ұйымдастырушылық;
- әлеуметтік-психологиялық;
- экономикалық.

Орман табиғи және халықаралық маңызына қарай 3 топқа бөлінеді:

I. Топырақты жел және су эрозиясынан қорғау, курорттар мен санаториялар орналасқан жерлердегі орман, парктер мен скверлердегі қолдан өсірілген орман алқаптары. Оларды кесуге болмайды, тек санитарлық тазалау жұмыстары жүргізіледі.

II. Жергілікті халықтарға ғана маңызы бар орман алқаптары. Оларды кесіп пайдаға асыруға болады. Олардың қорын табиғи түрде ағаш егіп көбейтіп отыру керек.

III. Өнеркәсіптік маңызы бар орман алқабы жатады.

Орман қорын тиімді пайдалану, қорғау басты мәселе. Адамдардың дұрыс қарамау нәтижесінде дүние жүзіндегі өсімдіктердің 30 мың түрі жоғалып кетті, қазір оның 25 мың түрі құрып кету дәрежесінде тұр.

Орманның өзі мемлекеттік қорықтар, су қорғайтын және ағаш өсетін ормандар болып бөлінеді.

Бағалы табиғат байлығы - орманды қорғау - еліміздің экономикасын нығайта берудің, экологияны жақсарту берудің басты шарты. [2]

Орман шаруашылығының міндеттері:

1. орманды ұдайы, жаңғыртып отыру, құнды ағаштар отырғызу;
2. орманды қышқылдықтан және өрттен сақтау;
3. ормандар өнімділігін молайту;
4. ағаштардың сапасын жақсарту;
5. өскен ағашты тиімді пайдалану;
6. ағаштардың денсаулық, табиғат қорғауда атқаратын рөлін сақтау.

Табиғат қорғауды тиімді пайдалануды, ынталандыру әдістері мен тетіктерін жетілдіру жағдайын 1 кесте мәліметтерінен көреміз.

1 кесте. Табиғат қорғауды тиімді пайдалануды, ынталандыру әдістері мен тетіктерін жетілдіру

Негізгі экономикалық әдістер	Жетілдіру бағыттары
1	2
Жоспарлау, бағдарламалар, жобалар	Кәсіпорындарды, өндіріс салаларын, аймақты нақты нәтижелерге ұмтылдыру. Болжау, жоспарлау және бағалау көрсеткіштерін анықта. Арнайы бағдарламалар әзірлеу.
Қаржыландыру	Шараларды бюджеттен, табиғат қорғау қорларынан қаржыландыру.
Несие	Табиғат қорғау мақсатында арнайы жеңілдетілген несиелер беруді ұйымдастыру
Амортизациялау	Табиғат қорғау құрылымдарына, негізгі қорларына амортизация нормаларын белгілеу
Төлемдер	Табиғатты пайдалану, қорғау, қалпына келтірутөлемдері белгіленеді
Баға	Ғылыми негізделген тиімді бағаларды қалыптастыру
Табиғат қорғау қорлары	Республикалық, аймақтық, жергілікті кәсіпорындардың табиғат қорғау экологиялық қорлары құрылады
Салық жеңілдіктері	Табиғат қорғау, тиімді пайдалану шараларынан түскен пайда салықтан босатылады немесе жеңілдіктер беріледі
Материалдық сыйлық (дотация)	Табиғат пайдалану механизмін жетілдіргені, экологиялық жаңа техника, технологияны қолданғаны үшін материалдық сыйлықтар беріледі
Айыптар	Қоршаған ортаға келтірген зияны үшін төлемдер
Ластаушы заттар шығару құқын сату	Ластаушы заттар шығару шамасыншектен төмендеткен кәсіпорындарға аймақтың норма шегінде ластау құқын сатуға рұқсат беріледі
Қоғамдық	Табиғат қорғау жөнінде ілім-тәрбие беру,

қатынастарға әсер ету	үздік нәтижелерді насихаттау
Жалпы экономикалық шаралар	Өндіріс құрылымын жақсарту, валюта курсы, шетелдік инвестиция саясаты, бюджет ақша саясаты, өсім, инфляция шамаларын реттеу

Жер бетіндегі өсімдіктер әлемінде ең маңыздыларының бірі - орман болып табылады. Ол жер шарының 7% территориясын құрайды, бірақ биологиялық активті оттегінің 60% береді. 1 га орман тәулігіне 220-280 көмірқышқыл газын сіңіріп алып, 180-200 оттегіні бөліп шығарады.

Орман ауданы сауықтырушы, тазартушы қызметін атқарады, топырақтың құнарлылығын сақтайды, жердің тозуын болдырмайды, су көздерін қорғау қызметін атқарады және ауыл шаруашылық жерлерін, қатынас жолдарын, жел, құм, шаң болудан қорғайды. Орман халық шаруашылығына құнды материал ағаш береді, орманда дәрілік, тағамдық, техникалық өсімдіктер, жеміс-жидектер өседі.

Қазақстан орман қорына бай емес, оның көлемі 21,2 млн. га. Ағаш өнімдерінің басым бөлігі шет елдерден әкелінеді.

2 кесте. БҚО бойынша орман шаруашылығындағы өнім (тауарлардың және қызметтердің) көлемі

мың теңге

	2010	2011	2012	2012 ж 2010жылғы көрсеткішпен % есебі
Батыс Қазақстан облысы	20 140	14 058	18 245	90
Зеленов	5 368	7 168	7 489	139
Орал қаласы	14 772	6 890	9 395	64

БҚО бойынша орман шаруашылығы 10% артқан. 2012 жылы 2010 жылға қарағанда негізгі үлес Зеленов ауданы мен Орал қаласына тиесілі.

Дүние жүзінде өсімдіктің 20 мың түрі болса, оның 5,6 мыңнан астамы Қазақстанда өседі. Оның 760 астам түрі республикамыздың жерінде ғана болатын, 1500 түрі пайдалы өсімдіктер қатарына жатады, ал 300 ден астамы «қызыл кітапқа» енгізілген.

Табиғатта жануарлар мен өсімдіктер бір – бірімен тығыз байланысты болады. Жануарлар тек өсімдіктермен қоректеніп қана

қоймайды, сонымен қатар оларға пайда да келтіреді. Олар атмосфераны көмірқышқыл газымен байытады, топырақты қилармен тыңайтады, өсімдіктерді тозандандырады және өсімдіктердің бір ауданнан екінші ауданға таралуына көмектеседі.

Қазақстанда балықтың 104 түрі, құстың 488 түрі және сүт – коректілердің 175 түрі өмір сүретіндігін айтсақ та жеткілікті. Елімізде осындай табиғат байлықтары қорғауға алынып, олардың қорының молаюына мүмкіндік жасау нәтижесінде аң-құстардың бірнеше түрінің саны айтарлықтай өсіп, халық шаруашылығында пайдаланып отыр.

Республикамызда тек соңғы бес жылда 16,5 миллион тенге аңдардың бағалы терілері дайындалып мемлекетке өткізілді. Соңғы 15 жыл ішінде Қазақстанда бір млн. 350 мыңға жуық ақбөкен ауланып, одан 25т ет, 35-40 тоннадай дәрі жасалатын мүйіз өндірілді. Тек ақбөкен аулаудан алынған өнімдерді өткізуден мемлекетке 23,5-24 млн. тенге ақша түсті.

Біздің өңірде дәмді еті және құнды терісі үшін аңдардың 60-тан астам түрі ауланды. Олардың ішінде бастылары – ақ тиін, бұлғын, суыр, дала күзені, түлкі, ақбөкен, елік.

3 кесте. БҚО терісі бағалы аңдардың саны

	2010	2011	2012	2012-2010ж % қатынаспен
Жалпы саны	54537	58537	19381	35.5
соның ішінде:				
Қояндар	34478	36097	10331	30
Қасқыр	1211	1662	1529	126.3
Түлкі	4911	7185	2460	50.1
Қарсақ	2791	4564	963	34.5
Ондатр	1052	1046	525	49.9
Сасық күзең	568	3395	713	125.3
Борсық	1682	1925	725	43.1
Ақкіс	50	50	35	70
Күзен	2868	288	215	7.5
Құндыз	1420	2029	988	69.6

Орман сусары	384	409	-	106.5
Сарышұнақтар	3 010	35	27	0.9
Қара күзең	35	77	-	220

БҚО бойынша терісі бағалы аңдар саны соның ішінде: қоян, қарсақ, құндыз, ондатр, борсық 2010 жылға қарағанда 2012 жылы күрт азайған. Ал, қара күзең 2 есеге артқан.

Мамандар жануарлар сиректеу қоныстанған ормандарға, жасыл кілем жамылған өзен – көлдерге аңдардың жаңа түрлерін жерсіндіру мәселесімен шұғылдана бастады. Америкадан әкелінген ондатра, су күзені сияқты аңдарды елімізге тарату үлкен табыспен аяқталды.

Табиғатта жануарлардың белгілі бір түрінің жойылып кетуі немесе екінші түрдің пайда болуы табиғи заңдылық. Мұның бәрі тарихи дамудың барысында аа-райы жағдайы, ландшафтың өзгеруінен және өзара тіршілік үшін күрестін нәтижесінде пайда болған құбылыс. Жер бетінде адамдар пайда болғанға дейін құстардың тіршілік ету ұзақтығы шамамен 2 млн. жыл, сүтқоректілердің өмірі-600 мың жыл болған. Әрине, адам көптеген түрлердің жойылып кетуіне себепкер болған. Бұл әсер бұдан 250 мың жыл бұрын басталған. Еуропада осыдан 100 мың жыл бұрын адамдар көптеген жануарлардың, орман пілінің, алып бұғының, жүнді мүйіз тұмсықтың және мамонттың құрып кетуіне тікелей қатынасты.

Адамдардың жануарларға тигізетін жанама әсері техникалық прогреске тікелей байланысты. Өзендерде тоғандардың салынуы, ағаштарды кесу, батпақты кептіру, қалаларды, жолдарды салу, ауаны, топырақты, суды ластау т.б.

Соңғы кездері республикамызда балық өнімдері азайып келеді, әсіресе Арал, Балқаш, Алакөл су бассейндерінде. Бұл да табиғатты дұрыс пайдаланбаудың бір көрнісі. Жылдық аулайтын балық шамасы 50 мың тоннаға кеміді. [3]

Аралдың балық өндірістік қоры таусылды деуге болады. Кезінде мұнда жылына 20 мың тонна балық өндірілген. Балқаш балығы 10 мың т, Бұқтырма су қоймасында – 6 мың т, Алакөлде – 3% кеміді. Басқа да су қоймаларында да осындай құбылыс байқалуда.

Осы жағдайларда балық өнімдерін өсірудің басты бағыттары мыналар:

- барлық су қоймаларын балықтандыру, балықтың құнды түрлерін өсіру;

- балық шаруашылығын жетілдіру, жас шабақтарды өсірумен айналысатын шаруашылықтар құру;
- балықты қорғау жұмыстарын жақсарту, мұнда әкімшілік шаралармен қоса экономикалық шараларды кеңінен қолдану;
- су қоймаларын, өзендерді пайдалануды реттеу.

Балық шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының болжамы бойынша осындай шаралар жүзеге асырылғанда таяу жылдарда жылдық өнеркәсіптік балық аулау деңгейін 46 мың т. арттыруға болады.

Халықаралық «Қызыл кітапқа» сүт қоректі жануарлардың 292 түрі, құстың 287 түрі, қосмекенділердің 36 түрі және бауырымен жорғалаушылардың 119 түрі енді.

Халықаралық «Қызыл кітапқа» ҚР территориясын мекендейтін аң-құстың 24 түрі (аңның 16 түрі мен құстың 8 түрі) еңгізілген. Олардың құрамында Қазақстан жерінде тіршілік ететін құлан, қарақұйрық, барыс, қызыл қасқыр, қарақал, гепард, көк суыр, кәмшат, ақ тырна мен реликті шағала сияқты жануарлар бар. Осы «Қызыл кітапқа» тізімі тіркелген хайуанаттарды қорғап, қорын молайтып отыру жауапкершілігі сол аң – құс мекендейтін елге жүктеледі. Сол себепті соңғы кезде әр елде осы тектес ұлттық «Қызыл кітаптар» шығарылуда. Мұндай кітап біздің елімізде бар.

Орман қорын экономикалық бағалау оның потенциалды өнімділігіне сүйенуі тиіс. Сонымен қатар, орман өсіру кезінде аралық кесімдерден алынатын тиімдер ескерілуі тиіс.

Орманның потенциалды өнімділігін нақты орман шаруашылық аудандары бойынша ондағы басым ағаш түрінің өсіп жетілу жасына сәйкес анықталды.

Орман қорының экономикалық бағасы деп оны тиімді, кешенді пайдаланғандағы алынатын барлық потенциалды экономикалық, экологиялық, әлеуметтік тиімдерді яғни орманның халық шаруашылығы құндылығының акшалай өлшемі деп ұғамыз. Орман қоры ретінде ондағы ағаш қоры, орман жері, қосымша және жанама өнімдер, орманның экологиялық қызметтер бағаланады. [1]

Орман ағаш қорының экономикалық бағалануы:

$$R_d = \sum_{t=1} M_a * \Gamma_a^{/(1+E)^T - t}$$

мұнда: M_a - кесілмеген жарамды ағаш;

Γ_a - кесілген ағаштан алынатын жылдық рента;

T - ағаштың кесілмеген жарамды жасы;

t - ағаш қорын бағалау жасы;

Негізгі кесімге дейін санитарлық тазарту, күтіп-баптау, сирету кесімдері жүргізіледі, осы мақсаттарда кесілген ағаштар да экономикалық бағалауға қосылады.

Орман жерін бағалағанда, оны тиімді пайдаланғанда үздіксіз өнім алуға болатыны ескеріледі. Сондықтан негізгі кесімдер бойынша орман жерінің экономикалық бағалауы:

$$R_3 = \sum_{t=1} M_b * \Gamma_b / (1+E)^T - 1$$

мұнда: M_b – 1 га орман жеріндегі жылдық ағаш өсімі;

Γ_b – 1га орман жерінен алынатын рента.

Егер бағаланатын орман алқабынан жылма-жыл бірдей ағаш дайындауға болады десек, ол жерді

$$P = R/E$$

формуласымен бағалауға болар еді. Мұнда R – 1га алқаптан шексіз алынатын тұрақты жылдық рента. $E=0,02$ - коэффициент;

Қазақстанның биологиялық ресурстары еліміздің құнды байлығы болып табылады және ол халықшаруашылығының маңызға ие, сондықтан оны қорғау мен тиімді пайдалану қоғам алдындағы маңызды қызмет болып табылады.

Резюме

В этой статье рассмотрены значимость и важность биологических ресурсов Казахстана, необходимость применения в народном хозяйстве, дается экономическая оценка и пути организации выгодного использования.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР-ның Орман кодексі 2007ж 09 қаңтар.
2. ҚР-ның «Арнайы қорғалатын табиғи территориялар туралы» Заңы 2006ж. 07 шілде.
3. Назарбаев Н.А. Қазақстан-2030./ Казахстанская правда. 1197ж. 11 қазан/

«ЭБИТА» ЕҚТА БИДАЙЫҚ АССОЦИАЦИЯСЫ ФЛОРАСЫНЫҢ ТАКСОНОМИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сарина А.Ж., магистрант
Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік
өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Биоалуантүрлілікті, соның ішінде флоралық әртүрлілікті зерттеу және сақтау қазіргі заманның басты әрі көкейкесті мәселелерінің бірі. Түрлерді сақтау мәселесі ең алдымен далалық аймаққа қатысты келеді. Бүгінде Еуразия даласы антропогендік әсерден аянышты халде. Табиғи орта генофондының сақталуы бойынша ерекше ілтипат аз зерттелген, интенсивті түрде меңгерілетін далалық аумақтарға лайық [1].

Осындай аймақтардың бірі ерекше қорғалатын табиғи аймақ «Эбита» бидайық ассоциациясы. Оның аумағын әрі теориялық, әрі практикалық тұрғыдан зерттеу өзекті, бұл Қазақстанға өзінің мол байлығын – қайталанбас табиғи әлемін, биоалуантүрлілігін сақтап қалуға және қалпына келтіруге мүмкіндік береді [2].

Кез келген табиғи жүйенің флоралық түрлік құрамы мен бүгінгі жайы анықталмайынша, оны қорғаудың ғылыми негіздерін жасау мүмкін емес. Ақтөбе облысындағы «Эбита» ерекше қорғалатын табиғи аймағы биологиялық алуан түрлілікке бай.

«Эбита» қаумалының флорасында Magnoliopyta бөлімі басымдық танытады. Зерттеліп отырған территорияда барлығы 32 тұқымдас, 89 туыс, 120 түр тіркелді. Қаумал территориясындағы флораның таксономиялық құрамында 19 тұқымдас 1 ғана туыстан, 15 тұқымдас 1 түрден тұрады. Флораның 14 тұқымдасы 2-10 түрге дейін, 3 тұқымдасы 11-26 түрге дейінгі құрамды болып келеді (1 кесте).

Кесте 1 - ЕҚТА «Эбита» қаумалы флорасының таксономиялық құрамы

№	Тұқымдастар	Туыстар саны	Түрлер саны	Жалпы түрден % үлесі
1	Ranunculaceae	2	2	1,7
2	Papaveraceae	1	1	0,8

3	Chenopodiaceae	3	3	2,5
4	Polygonaceae	2	4	3,4
5	Betulaceae	2	3	2,5
6	Clusiaceae	1	1	0,8
7	Salicaceae	2	4	3,4
8	Brassicaceae	4	4	3,4
9	Ulmaceae	1	2	1,7
10	Urticaceae	1	1	0,8
11	Euphorbiaceae	1	1	0,8
12	Grossulariaceae	1	1	0,8
13	Rosaceae	10	17	14,2
14	Lythraceae	1	2	0,8
15	Fabaceae	8	9	7,5
16	Geraniaceae	1	2	1,7
17	Rhamnaceae	2	2	1,7
18	Apiaceae	3	3	2,5
19	Caprifoliaceae	1	1	0,8
20	Viburnaceae	1	1	0,8
21	Rubiaceae	1	2	1,7
22	Boraginaceae	1	1	0,8
23	Scrophulariaceae	1	1	0,8
24	Plantaginaceae	1	1	0,8
25	Lamiaceae	4	4	3,4
26	Asteraceae	16	26	21,7
27	Butomaceae	1	1	0,8
28	Iridaceae	1	1	0,8
29	Cyperaceae	1	1	0,8
30	Poaceae	12	16	13,4
31	Ephedraceae	1	1	0,8
32	Equisetaceae	1	1	0,8
Барлығы		89	120	100


Жергілікті маңызы бар «Эбита» қаумалының флорасындағы туыстардың саны жағынан көп таралғандары Asteraceae (16 туыстан ол 21,7 %), Rosaceae (10 туыстан ол 14,2 %), Poaceae (12 туыстан ол 13,4 %), Fabaceae (8 туыстан ол 7,5 %) болып табылады.

Қарастырылып отырған территорияның жетекші тұқымдастарына мыналар жатады: Asteraceae (26 түр), Rosaceae (17 түр), Poaceae (16 түр), Fabaceae (9 түр). Қаумал флорасындағы 4 тұқымдас (68 түр) жалпы флораның 56,7 % құрайды, ал қалған тұқымдастар үлесіне 43,3 % (52 түр) тиеді (2 кесте).

Кесте 2 - Жетекші тұқымдастардың түрлер саны

Алатын орны	Тұқымдастар	Түр саны	Жалпы түрден % үлесі
1	Asteraceae	26	21,7
2	Rosaceae	17	14,2
3	Poaceae	16	13,4
4	Fabaceae	9	7,5
	Жиынтығы	68	56,7
	Қалған тұқымдастар үлесі	52	43,3
	Барлығы	120	100

Жетекші тұқымдастар түрлер санының пайыздық ара-қатынасы төмендегі суретте берілген (1 сурет). Жетекші 4 тұқымдас: Asteraceae – 16 туыстан, Rosaceae – 10 туыстан, Poaceae – 12 туыстан, Fabaceae – 8 туыстан тұрады.



Сурет 1. Жетекші тұқымдастар түрлер санының % көрсеткіші

Таксономиялық талдау толығырақ болуы үшін «Эбита» қаумалының флорасын Қобда өзен аңғары флорасының, Жайық өзені жайылмасы флорасының, Ойыл өзені жайылмасы флорасының, Ырғыз өзені жайылмасы флорасының жетекші тұқымдастар спектрімен салыстырылды [3, 4, 5].

Кесте 3 - «Эбита» қаумалы флорасының тұқымдастық спектрінің басқа өзен аңғары флораларының көрсеткіштерімен салыстырылуы

Орны	Тұқымдас тар	«Эбита» қаумалы		Қобда өзені аңғары (Базарғалиева, 2001)		Жайық өзені жайылмасы (Ағелеуов, 1987)		Ойыл өзені жайылмасы (Телеуов, 1990)		Ырғыз өзені жайылмасы (Қазкеев, 1997)	
		%	Спектрдегі орны	%	Спектрдегі орны	%	Спектрдегі орны	%	Спектрдегі орны	%	Спектрдегі орны
1	Asteraceae	21,7	1	17,4	1	15,8	1	18,1	1	16,7	1
2	Rosaceae	14,2	2	3,4	9	4,4	8	3,2	9	2,9	12
3	Poaceae	13,4	3	9,8	2	9,7	2	10,8	2	9,6	2
4	Fabaceae	7,5	4	6,7	3	6,0	4	7,8	3	8,3	3

«Эбита» қаумалы флорасының тұқымдастар спектрі құрамы жағынан Ойыл өзен аңғарларының спектрімен біршама ұқсас екендігі байқалады. Барлық өзендерде түрлердің саны жөнінен басты орында Asteraceae тұқымдасы. Rosaceae тұқымдасы қалған өзендер аңғарында ортаңғы орында болса, «Эбита» қаумалында екінші орынды иеленеді, бұл қаумал территориясы флорасының ерекшелігі. Fabaceae тұқымдасы Жайық өзені жайылмасы флорасының спектрдегі орнымен бірдей.

Зерттеу қорытындысы бойынша флоралық түр-тұқымдық құрылым анықталды. Аймақ флорасы бойынша автордың гербарийлік

қор мәліметтері және барлық әдебиеттер деректері есепке алына отырып, флора конспектісі түзілді.

Сонымен қатар, жетекші тұқымдастар және флораның түрлік құрамы бойынша «Эбита» ЕҚТА бидайық ассоциациясының флорасы салыстырып отырған өзен жайылымдарының флорасына жақын және оларға тән заңдылықтарға ие.

«Эбита» ЕҚТА бидайық ассоциациясы дала ландшафтысын, сирек кездесетін орман бұта-ағаштарын, өлкедегі экологиялық балансты сақтауда маңызды рөл атқарады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айпейсова С.А. Растительность Актюбинского флористического округа // Вестник Актюбинского государственного университета. – 2010. - № 1. – С. 42-48.
2. Назарчук М.К., Назарчук Л.Н. Проектирование сети ООПТ Актюбинской области (экопроект Алматы) //Степной бюллетень. Осень № 30. – Новосибирск, 2010. – С.10-16
3. Базарғалиева А.А. Список видов флоры долины реки Хобда // Поиск. Сер. естеств. и тех. наук, 2000. - № 6. – С. 60-67.
4. Агелеуов Е.А., Джакупова Н.У. К итогам изучения флоры и растительности Актюбинской области // Легкие нашей земли. Сборник материалов межвузовской конференции «Ботанические исследования Актюбинской области». – Актюбинск, 1992. – С. 9-14.
5. Телеуов А.Н. Флористическая характеристика поймы реки Уил // Легкие нашей земли: сборник материалов межвузовской конференции «Ботанические исследования Актюбинской области». – Актюбинск, 1992. – С. 45-46.

**АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНЫҢ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ӨНДІРІСТІК
АЙМАҒЫНЫҢ АТМОСФЕРАЛЫҚ АУА МОНИТОРИНГІ**

Аманқосова А.Ж.
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік
өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан

Ақтөбеде көп жылдардан бері АФҚЗ мен АХҚЗ жұмыс істеп келеді. Бұл зауыттар Ақтөбе қаласының солтүстік-батысында қала халқы көп шоғырланған аймақтан 1000 м, қала тұрғындарының бақша-саяжай усацкелерінен 700 м ғана қашықтықта орналасса, зауыттардың бір-бірінен орналасу ара қашықтығы 300-400 м.

Қазіргі уақытта кәсіпорын аймағының табиғаты алты валентті хром қосындыларымен, солтүстік-батыстан соғатын желдердің әсерінен кәсіпорындардан шығатын зиянды заттармен, оның құрамында шанды хром қосындылары және т.б. зиянды заттармен өте белсенді түрде ластануда. Бұлардың мұржаларынан улы заттар қоршаған ортаны бүлдіріп қана қоймай адамдар денсаулығына елеулі залалын тигізуде. Жергілікті сарапшылардың берген мәліметтеріне қарағанда тыныс-қолқа жолдарының ауруы қалада қалыпты деңгейден 3,5 есеге дейін жеткен. Сол сияқты жүрек-қан тамыры жүйесі мен коз аурулары 1,8 және 2 есеге шейін артқан. [1,2,3,4]

Кәсіпорынның атмосфералық ауаға әсер етуінің анағұрлым дәл бағалануы қандай да бір ластайтын заттардың концентрацияларын тікелей өлшеу негізіндегі бағасы болып табылады. Атмосфералық ауаның сынамасын таңдау негізгі ластаушы заттарға, бейорганикалық шаңға, азоттың диоксидіне, күкірт диоксидіне, күкірт сутегісіне, көмірегі оксидіне жүргізіледі. Ақтөбе қаласының солтүстік-батыс өндірістік ауданындағы желдің алты валентті хромы бірдей, яғни желдер раушаны шеңберлікке жақын, сондықтан кәсіпорынның қалдықтарынан шығатын, атмосферада коспалардың таралуын бақылау түрлі бағыттарда бірдей ақиқаттылықпен орындалуы мүмкін.

Сөйтіп, сынамаларды таңдаудың нүктелері келесі:

- Кәсіпорыннан 1000 м санитарлы қорғаныш зона шекарасы
- Негізгі бағыттан 300 м оңға, солға-шырақ астындағы санитарлық қорғаныс зона шекарасы
- 1000 м фокдық нүкте
- Кәсіпорыннан 500 м, шламдық тоғандар аймағы
- Кәсіпорыннан 3000 м
- Кәсіпорыннан 9000 м

«АХҚЗ» АҚ-ның қоршаған ортаны қорғауды басқарудың негізгі функцияларына мыналар кіреді:

- кәсіпорынның экологиялық саясаты мен қоршаған ортаны қорғау облысындағы стратегиялық мақсаттарды жүзеге асыруға қатысу;

- кәсіпорынның экологиялық аспектілерінің маңыздылығын төмендетуге бағытталған, табиғатты қорғаушы шараларды өндірумен бірге қоршаған ортаның компоненттерінің мониторингін жүргізуді ұйымдастыру;

- қоршаған ортаны қорғау облысында заңды және нормативті талаптарды сақтауға қатысты өндірістік объектілердің құрылыс, қайта құрастыру және пайдалану жобаларының техникалық регламенттерін қарастыру және мақұлдау;

that asked respected people. To opinion, said that on It that, Kazakh street feature of labour legal state structure not be, obviously applying suggestions knew.

ХАН ЖӘНГІР - БӨКЕЙ ОРДАСЫНЫҢ РЕФОРМАТОРЫ

Муталова Д.С., аға оқытушы
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университеті, Орал қ., Қазақстан

Жәңгір хан – XIX ғасырдың I жартысында өмір сүрген Бөкей Ордасындағы білім беру жүйесінің дамуына зор ықпал еткен ағартушы, атақты мемлекет қайраткері және реформаторы, өз заманының заңғар, әрі күрделі тарихи тұлғасы. Өткен ғасырдың 90-жылдарының басында Жәңгір ханның қоғамдық-саяси қызметі мен тарихи тұлғасына қатысты екі жақты пікірлердің орын алғаны белгілі жәйт. Дегенмен ақырында кенестік идеологияның салдарынан қалыптасып қалған таптық сананың бұғауы бұзылып, қазақтың соңғы ханына қатысты көзқарастар да түбірімен өзгерді. Бұған Жәңгір ханның реформаторлық рөлін айқындай түскен мақалалар мен кітаптардың жазылуы, Ордада тұңғыш ашқан мектебіне, Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне Жәңгір ханның атының берілуі және ескерткішінің орнатылуы, Орал қаласында даңғыл көшенің, кітап дүкенінің сол кісінің құрметіне аталуы дәлел болады. Сонымен бірге жақында Жәңгір ханның Қазан университетімен тығыз байланыс жасап отырған еңбегіне орай Татарстан Республикасының астанасы Қазан қаласында аталмыш университетінің кіреберіс жақтауына Жәңгір ханға арналған мүсін тақтаның орнатылғанын да оның білім мен ғылым саласына қосқан үлесі үшін берілген лайықты баға деп түсінгеніміз жөн.[1]

1801 жылдың 11 наурызында император I Павелдің жарлығымен Кіші жүз қазақтарының Жайық пен Еділ аралығында көшіп–қонуы заңдастырылып, Бөкей хандығы (Ішкі Орда) құрылды. Бөкей сұлтан, соңынан ілескен 5000 түтінмен Жайықтың оң жақ бетіне

1801 жылдың қара күзінде өтіп, Нарынның, Айғыркұмына бас тіреді. Бөкей Нұралыұлы алғашқыда елін сұлтандық дәрежеде басқарды, 1812 жылдан хан атанды. Бөкей сұлтанның екі әйелі болған. Бәйбішеден Тәуке мен Әділ туған. Кіші әйелі Атан, 1804 жылы жазда босанды. Жаңа қоныста дүниеге келген сәбиге ақсақалдар Жиһангер деп азан шақырып ат қойды. (Тұрмыста «Жәңгір» делінді). Жасы кәмелетке толғанға дейін Жиһангер Астраханның азаматтық істер жөніндегі губернаторы С.С.Андреевскийдің үйінде болып, тәлім-тәрбиеден өтті. С.С.Андреевский-мамандығы бойынша дәрігер, сонымен қатар осы салада ғылым қуалаған, медицина ісінің белгілі қайраткері танылған болса, әйелі ірі мүлік иесі-неміс баронының қызы еді. Еуропаша тұрмыс құрған бұл жанұя ханзада Жәңгірге дүниеге жаңа көзқарас қалыптастыруда тиімді, әсерлі ықпал жасады.

Мінез-құлқы, сыртқы пішіні тартымды қара көз қазақ баласы губернатордың балаларымен бірге өсіп-жетіліп әртүрлі пәндерден сабақ алды, неміс, француз тілдерін үйренді. Сонымен қатар ол кеңсе жұмысы, қағаз ісіне үйреніп, орыс мемлекетінің заңдарынан мағлұмат алды. Қоғамдық қарым-қатынастар, адамзат тарихынан да түсінік алуына үй иесінің бай кітапханасы Жәңгір үшін пайдасын тигізді. Бөкей сұлтан баласының өзге халықтың әдет-ғұрпының, салтының, мәдениетінің әсерімен өсіп-жетілуіне көнгенмен, оның өз ұлтының дінінен, тілінен, тұрмыстық қағидаларынан қол үзіп кетпеуін, ұмытпауын әдейі қадағалап, бақылауға алды. Бұны дұрыс түсінген Андреевский Бөкейдің өтінішін қабылдап әдейі Стамбулдан келген діндар, шығыс тарихы жөнінен білгер ұстазды Ханзадаға араб, парсы тілдерінен сабақ бергізуге жалдады. Жәңгірдің каникул кездерінде елге оралып, ауыл аралап, ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыптарды білуі әкесі, ағалары тарапынан әдейі қадағаланды. Әсіресе үлкен ағасы Тәуке Жәңгірге ата-баба тарихын, шежіре туралы құлағына құйып әңгіме айтып: Төрелер тегі оның арғы атасы Шыңғыс хан, Алтын Орда, Ақ Орда, Жошы ұлысы туралы, Дешті-Қыпшақ жұртының хандары, әсіресе, қазақ хандары - Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан туралы деректерді айтып билік құрудың, ел басқарудың сан-қырлы жайттарын әңгімелейтін. [2]

Бөкей хандығының негізін қалаған Бөкей хан 1815 жылы 21 мамырда қайтыс болды. Оның өсиеті бойынша, хан тағы ұлы Жәңгірге қалдырылған болатын. Бірақ ол әлі небары 14 жаста еді. Сондықтан ол ер жетіп, кәмелеттік жасқа толғанша хандықты Шығай сұлтан

басқарды. Осы кезеңде жас Жәңгір Астрахань губернаторы Андреевскийдің үйінде тұрды, сол кездегі үлгілі саналатын білім мен тәрбие алды. Ол хан атағына тағайындалар кезге дейін жан – жақты толық әзірліктен өткен билеуші болып та үлгерді. Ал 1824 жылы 26 маусымда Жәңгір хан ресми түрде таққа отырды.

Жәңгір үшін таққа отыру оңайға түспеді. «Өтпелі хан» деп аталынған Шығай сұлтан: оны ел билеу ісіне әзірлігі жетіспейді деп түрлі себеп-сылтау іздеп, орыстардан өз билігін ұзартуды сұрады. Бірақ білімді, мемлекет басқару ісіне дайындықтан өткен, оңды-солды Шығай сұлтанның жетігірек білетін Жәңгір өз дегеніне жетіп, хан тағына қолы жетті. Бұл істе оған өзімен бірге туған бауырлары - Тәуке мен Әділ барынша көмегін аямады. Жәңгір хан ішкі Бөкей Ордада 1824 жылдан 1845 жылға дейін билік құрды. Жәңгір қазақтың ең соңғы ханы болды. Жәңгір ханның тұсында Бөкей Ордасы шаруашылық құрылымы, саяси-әлеуметтік дамуы жөнінен елеулі өзгерістермен толысты: қазақтар көшпенділіктен-отырықшылыққа ауысты, сауда-саттық істері мен әртүрлі кәсіптерді меңгерді, мәдени дамуда оқып-білім алуда, басқа да рухани байлықтарды игеруге түбегейлі ұмтылыс жасады. [3]

Ең алдымен хан тағына отыра сала Жәңгір қазақтың отырықшы тұрмысын қалпына келтіруге бағыт ұстады. Тірлігінің көбін аттың жалы, түйенің қомында өткізіп келе жатқан қазақтарды жас ел билеуші қыстау тұрғызып, қала салып, бір жерде тұрақтап шаруа түзеуге көндірді. 1826 жылы күзде хан ордасы астанасының алғашқы ірге тасы қаланып, қазығы қадалды. Көп кешікпей-ақ хан ордасы салтанат құрып, едәуір дәрежедегі саяси, мәдени және сауда саттық орталығына айналды. Жәңгір ханның басқа хандардан өзгешелігі – ол көшпенді халықпен бірге көшіп-қонбады. Хандық әкімшіліктің орталығын дүниеге әкелді. Мұнда басқарудың өзгеше жүйесі қалыптасты онда сұлтандардан құралған он хан депутаты болды. 1827 жылы 12 биден тұратын хан кеңесі құрылды. Олардың әрқайсысы бір-бір рудың басшысы болды. Сонымен қатар, Ханның кез-келген бұйрығын орындауға дайын тұратын 12 жасауылы және «базар сұлтандары» бар еді. Олар салық жинау, сауда орындарындағы келеңсіздікке жол бермеу және Ішкі ордадан тыс жердегі қазақтардың өмірінен тығыз мәліметтер алып тұруды мойындарына алды. Жәңгір хан Қазақ мемлекетінің институттарын қалыптастырды: билер мен старшындар кеңесін құрды, сот жүйесін, әлеуметтік-шаруашылық

зандарын реттеді, жергілікті ел басқару ісін бір орталыққа бағындыру әдістерін енгізді, қаржы-ақша қатынастарын тұрмыс қажетіне бағыттады. Жәңгір хан ел басқаруда игілікті істерді жүзеге асырып, қазақ халқының тарихи даму жолында өзіндік мұра-ескерткіштерді артында қалдырды. Ол негізін қалаған Орда саяси - экономикалық, мәдени-ағарту орталығы болып өсті, өркендеді.

Жастайынан зиялы қауымның арасында болып, білім-ғылымға сусындаған Жәңгір хандық билікке қолы тиген күннен бастап-ақ қазақ ордасында мектеп ашып, халқына білім беруді армандайды. Оған 1826 жылдың күзінде Қазан қаласына барған сапарында Қазан университетінің ректоры Карл Фукспен екі арада болған әңгімесі дәлел болады. Университетті аралай жүріп, оқытушы – профессорлар ұжымымен, дәрісханаларымен ғылыми орталықтарымен және бай кітапханасымен танысып, ғылым жетістігіне қаныққан Жәңгір Фукске өз ордасында мектеп ашып, ғылымға қазақ баласының да қол жеткізуге бастама жасау ниеті барын айтады. Жәңгірмен болған кездесуінен жақсы әсер алған К.Ф.Фукс ол туралы «Өзінің жас кезінде, хандығының бас кезінде, тіпті Ордада әлі бірде-бір үй тұрғызылмаған кезде оның білімнің пайдасы жөнінде осы бастан ойлануы қандай ғанибет», -деп өз пікірін «Казанский вестниктің» сол жылғы он сегізінші нөмірінде жазып қалдырған.

Мектеп ашу жөніндегі Жәңгірдің арманы он бес жылдан кейін барып іске асты. 1841 жылы қазан айының 10-шы жұлдызында ол сұлтан-правитель Шоқа Нұралиевке жазған хатында ғылым-білімнің пайдасын жан-жақты дәлелдей келіп, «...Биылғы жылы мен өз ордамда мектеп ашуды ойлап отырмын. Өз балаларын орташа ақымен оқуға беруге тілек білдіргендердің бәрі маған өтініш жасай алады. Қарауындағы халықты, әсіресе, сұлтандарды балаларын мектепке беруге үгіттейді деп сенемін», -деді. Сөйтіп, арада екі ай өткеннен кейін 1841 жылы 6 желтоқсанда қазақ даласында қазақ балалары үшін тұңғыш мектеп дүниеге келді. Мұнда діни дәрістермен қатар орыс тілі, арифметика, жағырапия, тарих, физика, т.б. пәндер оқытылған. Мектептің меңгерушісі, әрі мұғалімі болып Константин Петрович Ольдекоп тағайындалды. Дін оқуы және шығыс тілдері бойынша оқытушы болып молда Хакім Мұхаммед Аминов бекітілді. Оқуға қабылданған 25 баланың ең ересегі 22 жаста, ал ең кішісі 9 жас та еді. Шәкірттерге орыс мұғалімі сабақ беріп, орысша оқылатынын естіген қазақтар «шоқынып, орыс болып кетеді» деп, балаларын мектепке

беруге қарсы болғанда, Жәңгір өзінің екі бірдей баласын мектепке беріп, үлгі көрсетеді. Хан жылына үш рет мектепте болып, оқушылардың бағаларын қарап, сабақ үлгерімдерін бақылап отырған. Оқу жылы басталарда өзімен бірге сұлтандары мен билерін, оқушылардың ата-аналарын ертіп мектепке келіп, оқушы балалардың біліміне санақ жасайтын болған.

Жәңгір хан мектебінің тұңғыш түлегі, этнограф-ғылым Мұхамед-Салық Бабажанов былай дейді: «Жәңгір, шәкірттер мен оқушыларды қолдап, демеп отыру үшін ақшасын да, өзінің күш-жігерін де аямай, білімнің пайдасы туралы ордалықтардың құлағына күймен болып еді. Сонымен қатар ол Орынборда қазақ балалары үшін Неплюев кадет корпусының Азиялық бөліміне Ордадан 10 бала қабылдауға рұхсат алды. Хан ордалық шәкірттердің оқу үлгерімімен тікелей айналысып, емтихандарға өзі қатысып, оқу озаттарын мадақтап, ал үздік оқығандарын Қазан университетіне, Стамбул, Петербург қалаларына әрі қарай оқып мамандық алу үшін жолдамамен жіберіп отырды. Жәңгір ханның өзінің сарайында кадет корпусына баратын балаларды аса ілтипатпен қарсы алғаны және сол 1845 жылдың жазында Орынборға баратын шәкірттерді ханның бір топ адамымен бірге жарты күндік жолға дейін шығарып салып, қайыр – қош айтысқаны да оның қазақ балаларының қамын ойлаған ізгі ниетінен, қараңғылықтағы қазақ халқының болашағының жарқын болуын көздеген мақсат-мұратынан туындаған әрекеті еді. Ал сол қамқорлықтың арқасында 1851 жылы Орынбордағы Неплюев кадет корпусын Арсылангерей Бөкейханов, Сұлтанмахмұт Жантөрин, Зұлқарнай Нұралыханов, Мақаш Бекмұхамбетов, Сұлтан Шалабаев, Салық Бабажанов, Мырзағали Саңғырықов, Жүсіп Ниязов бітіріп шықты, көздері ашық, көкіректері ояу жастардың біразы кейін қазақ халқының белгілі зиялы азаматтарына айналды. [4]

Жәңгір хан қазақ жерінде білім мен ғылымды көркейту мақсатында Қазан университетімен байланыс жасап, сол білім ордасының оқытушы-ғалымдарының шығыстану бағытындағы ғылыми-ізденіс жұмыстарына қолдау көрсетіп отырған. Мәселен, университет ғалымдары К.Ф.Фукс, Н.И.Лобачевский, Ф.И.Эрдман, А.Казымбекпен арадағы 1826 жылдан бастау алған таныстық ұзақ уақыт сыйластыққа ұласқан болатын. Осы ғалымдармен араласа, хабарласа жүріп, Жәңгір шығыстану мәселелеріне, жазу үлгілеріне қатысты пікір айтатындай дәрежеге жетті және оларға өз көмегін

көрсете білді. Атап айтқанда, 1839 жылы Санкт-Петербургке барған сапарында Жәңгір Мұхаммед Хайдар Дулатидің парсы тілінде жазылған, қазақ мемлекеттігі бастауларының бірден-бір дереккөзі, моғол хандарының жылнамасы- «Тарихи-Рашиди» қолжазбасын Қазанға өз қолымен жеткізген. «Тарихи-Рашидиден» басқа Қазан университетіне Жәңгір «Медарюли-афазиль» парсы сөздігін, исфахандық Хамза бен әл-Қасан 931 жылы араб тілінде жазылған «Тариху-л-умами» халықтар шежіресін, 1662 жылы парсы тілінде жазылған Нефиздің «Китаб табиин-л-маакид» медициналық шығармасын, түрік тіліндегі «Китаб натаидж фунун» тарихи-философиялық пайымдарын, Мұхамед бен Ахмедтің парсы тілінде жазған алғашқы халифтер тарихын тапсырды. Ал Жәңгір қайтыс болғанда кітапханасында шығыс тілдеріндегі 212 кітап қалған. Жәңгірдің ұсынысы және қаржылай демеушілігі арқасында шығыстанушы Мирза Александр Қазымбектің «Мюхтесерюль-вигкает (Китаб мухтасару-л-уикаяти фи масаил-ыдаят) атты мұсылман құқығына арналған кітабы 1845 жылы 4350 дана болып жарық көрді.

Жәңгір ханның ағарту ісінің таралуына көрсеткен ынталы жәрдемі, шығыс тілдері жөнінен сіңірген ерен еңбегі және Қазан университетіне деген ерекше ілтипаты үшін Қазан университеті Ғылыми Кеңесі 1844 жылғы 29 мамырдағы отырысында оны бірауыздан өзінің құрметті мүшесі етіп сайлаған. Қазан университетінің Жәңгірге көрсеткен құрметі оның ағартушылық саласында сіңірген еңбегінің зор екендігінің тағы бір айғағы.

Жәңгір қоғамдық өмірдің барлық салаларына көңіл бөліп, әсіресе ғылым мен мәдениетке де қамқорлық жасады. Ол өз заманының белгілі оқымысты адамдарымен байланыс жасап, олардың қазақ тұрмысы туралы дұрыс көзқарастарының қалыптасуына мүмкіндіктер туғызды. Бөкей ордасының географиялық, экономикалық жағдайын зерттеу мәселесін қолға алып, зерттеушілермен тығыз байланыс жасады. Мысалы: 1828 жылы дарынды орыс ғалымы Г.С.Карелин Жәңгірдің шақыруымен Ордаға келіп, 10 жыл бойы Бөкей даласын зерттеумен айналысты, Ішкі Орданың тұңғыш картасын жасады, ханның кеңесшісі болыпта жұмыс атқарды. Әсіресе, оның Нарынның табиғатын, өсімдік, жануарлар дүниесін зерттеудегі еңбегінің бағасы жоғары. Орынбор генерал-губернаторының төтенше мәселелері бойынша көмекшісі, белгілі лингвист Владимир Иванович Даль Ордада түрлі жұмыстарымен жиі болып, ол өңірдің жан-жақты

дамуына зор үлес қосты. Дальдің көмегімен Орда мектебінің шәкірттерінің оқуын Орынбор мен Петербургта жалғастыруына мүмкіндіктер туды. [5]

Бөкей Ордасы Астрахань, Саратов, Орынбор губерниялары мен Жайық бойындағы казак-әскери желісімен шектесті, шығыстан батысқа дейін 350 солтүстіктен оңтүстікке дейін 200 шақырым жерді алып жатты (яғни, қазіргі Атырау облысының біраз жері, Батыс Қазақстан облысының Бөкей Ордасы, Жәнібек, Казталовқа, Жаңақала, Жалпақтал аудандарының территориясы). Бөкей Ордасының басты байлығы-Нарын құмның ұзындығы 150 шақырым, ені 30 шақырым, тұщы су тайыздан шығады. Ұшықиырына көз жетпес сусыма құмдар: Айғырқұм, Баршақұм, Жаманқұм, Ырғызқұм, т.б. Осы бай табиғатты хан мал шаруашылығын дамыту үшін тиімді пайдалана білді. Мал тұқымын асылдандыруды хан өз қолына алды. Сол кезде Нарын он екі ай бойы мыңғыртып төрт түлік мал өсіретін өте қолайлы аймақ ретінде қалыптасты. Мал тамағын жазда дайындау қолға алынды. Шетелден хан шөп шабатын машина сатып алды. Шабындықтың мол жеріне қыстақтар тұрғызылды. Су құбырлары салынды. Осының нәтижесінде халық тамағы тоқ, көйлегі көк, берекеге бөленді. Жәңгірдің хан тағына отырған алғашқы жылдарында тыныш, толымды өмір сүре бастады.

Өкесі Бөкей бастаған тағы бір игі іс-сусығын құмның жолына өсімдік егіп тоқтату, орман алқабын жасау Жәңгір тарапынан да қамқорлық көрді. Ресейден мамандар шақырылып, зерттеу жұмыстары жүргізілді. Жер жағдайына, геологиялық ерекшелігіне сәйкес теректердің ең төзімді түрлері отырғызылды, қарағайлы орман қалыптасты. Жәңгір хан сауда-саттық кәсібін елдің экономикасының өзегі деп түсінді. Россияның көршілес Астрахань, Саратов, Орынбор губерниялары және Бұхара, Хиуа хандықтары, сонымен қатар Қырым татарлары, қалмақ жұртымен алыс-беріс сауданы жолға қойды. Көктемде, күзде, қыста үш мерзім өткізілетін «Хан жәрменкесі» елдің әлеуметтік өмірінде зор роль атқарды. Алғашқы жәрмеңке 1832 жылы ұйымдасты. Бөкейдегі «Хан жәрменкесі» туралы зерттеуші П.Небольсин былай деп жазды: «Капиталистер мұнда шамамен екі миллион сомның саудасын жасайды. Әр жәрмеңкеде 100 мың қой, 6 мың ірі қара, 2 мыңдай жылқы айырбасқа түседі. Сондай-ақ жылқы, ірі қара, қой-ешкі терілері, ешкінің түбіті, түйе мен қой жүні, киіз, аң

терілері сатылады. Жәрмеңке көктем, күз айларында өткізіледі. Бұл Ішкі Орданың мал шаруашылығының бай қуатын көрсетеді».

1845 жылы 11 тамызда Тарғын өзенінің жағасындағы жайлауында қазақтың ең ақырғы ханы Жәңгір Бөкейұлы 41 жасында дүние салды. Жәңгір дүние салғаннан кейін патша үкіметі Ішкі Ордадағы хан билігін жойды. Жәңгір хан ел билеген жылдары өзінің өркениетті өмір салтымен, озық ойлы білімпаздығымен, халық игілігі үшін жасаған істерімен барша қазақ халқына, бәрінен бұрын жас ұрпаққа үлгі бола білді. [6]

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бозымов Қ., Орамах Ж. Жәңгір хан – реформатор . Орал –Ақтөбе , 2011. 143-б.
2. Кенжетаяев Б. Некоторые штрихи к биографии хана Жангира // Казахстанская правда . – 1995. – 16 августа.
3. Жайсаң Ақбай . Жәңгір хан. Хан Жангир. Shangir Khan.-Орал, 2001.-130 б.
4. Хайдаров.Е. Жәңгір хан – ағартушы // Заңғар.- 2013. – 15 наурыз
5. Боранғалиұлы Т. Жәңгір хан және Қазан университеті //Егемен Қазақстан-2008.-1 қараша
- 6 .Иночкин В. Первый меценат //Заңғар .- 2004. - 27 мамыр

В статье рассматриваются особенности и значение развития образования и науки в Казахстане в I пол.XIX в, особое внимание уделено деятельности известного государственного деятеля, реформатора и просветителя Жангир хана.

КУЛЬТУРНЫЕ РЕГИОНЫ В ИСЛАМСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ

Сарсенов К. кандидат философских наук, доцент
Хайруллина Г.М. старший преподаватель
Западно-Казахстанский аграрно-
технический университет им. Жангир хана

Нередко приходится слышать об арабском, иранском и турецком исламе, как будто существуют три формы ислама. В действительности, есть только один ислам, который приобрел местные оттенки в зависимости от этнических, языковых и культурных особенностей различных народов. Ислам, проникая в различные регионы, не стремился к уничтожению местных культурных традиций, а наоборот, содействовал их сохранению и совершенствованию.

Первым по порядку культурным регионом исламского мира является **Арабский регион**, который включает в себя территорию от Ирана и Персидского залива до Мавритании, а до 1492 г. включал и южную часть Пиренейского полуострова. Численность арабов (220 млн. чел.) составляет менее пятой части общей численности мусульман в мире. Но в связи тем, что Пророк ислама был арабом и первое исламское общество формировалось в Аравии, Арабский регион – «Дар уль – Ислам» является самым первым мусульманским регионом и по праву считается центром для всей исламской уммы. Определяющим фактором этого мира в качестве «арабского» является повсеместная распространенность арабского языка в этом обширном регионе. Даже такая страна, как Египет с его уникальной древней историей, приняла арабский язык и по сей день выполняет роль центра арабской культуры.

Вторым исламским регионом, население которого приняло ислам вслед за арабами и в сообществе с ними формировало исламскую цивилизацию, является **Иранский регион**, включающий в себе территорию современного Ирана, Афганистана, Таджикистана. Численность населения этого региона составляет приблизительно 100 миллионов человек, но его влияние на другие культурные регионы

ислама в Азии – от турок и индийцев до китайцев – наблюдается отчетливо. Следует отметить, что ислам стал влиятельной и серьезной силой после окончательного завоевания Ирана и смог вытеснить христианства из этого региона. Бытует неправильное утверждение, что иранцы изначально были шиитами, а арабы – суннитами. Шиизм зародился среди самых арабов в ходе гражданской войны, и в X столетии большая часть Арабского Востока стала последователем этой школы, тогда как Хорасан, одна из крупнейших областей Ирана, считалась интеллектуальным центром суннизма.[1]

Третьим регионом исламского мира принято считать **регион Черной Африки**. Исламская традиция проникновение ислама в черный континент связывает с именем темнокожего африканца Билал ибн Рабах ал-Хабаш, сподвижника Пророка, ставшим первым муэдзином (призывающий на молитву). В действительности же небольшая группа мусульман во главе с Усманом переехала в Эфиопию еще в 615 году, спасаясь от преследований корейшитов – мекканцев, враждовавших с Пророком. Западная, в частности английская школа изучения ислама считает, что переселение мусульман в Африку произошло в результате внутренних противоречий в общине. Сторонники этой версии ссылаются на то обстоятельство, что определенная часть эмигрантов – мусульман упорно не хотели возвращаться к Мухаммеду, когда его положение в Медине достаточно укрепились.

На самом деле распространение ислама на Черном континенте происходило посредством торговых отношений, причем некоторые местные племена выступали посредниками между арабскими мусульманами и новообращенными из Северной и Черной Африки. Северная Африка примерно через столетие после распространения там ислама приняла арабский язык. Исламская культура в Черной Африке с населением свыше 150 миллионов человек известна своим удивительным разнообразием и демонстрирует интересную панораму этнического и культурного многообразия в рамках единства региональной культуры и самого исламского общества.

В качестве четвертого культурного региона ислама следует назвать **Тюркоязычный регион**, который объединяет народы, говорящие на одном из языков алтайской группы. Главный из этих языков – турецкий, но важными являются также азербайджанский, киргизский, казахский, туркменский, татарский, уйгурский и узбекский языки,

относящиеся к данной группе. Предки народов, относящиеся к этому культурному региону, были степняками – кочевниками, пришедшими с Алтайских гор в район Центральной Азии, где было сильно влияние персов – огнепоклонников. Тюрки не только одержали победу над иранскими правителями такими, как Саманиды, но и нанесли сокрушительный удар по Византийской империи. Победа над византийцами и постепенное вытеснение их из Малой Азии заложили основу для создания Османской империи и наконец для окончательного покорения Константинополя в 1453 г. В ратном деле турки были могущественными и покорили многие исламские страны, такие, как Иран и Египет, но их роль в новой истории ислама была невелика. [2]

Сегодня тюркоязычные народы насчитывают более 150 миллионов человек, живут на огромных просторах от Македонии до Сибири, вплоть до Владивостока. Эта этническо-языковая группа географически является самой крупной в исламском мире. Кроме того, во многих нетюркоязычных странах, таких, как Иран, Афганистан, Египет, Иордания, Сирия и Россия, проживают большие группы тюркоязычного населения. А тюркоязычные меньшинства России, в основном, являются потомками народов, покоренных в процессе завоевательных походов русских царей.

Пятым культурным регионом ислама является Индостанский полуостров. В первом десятилетии VIII в. воины исламского полководца Мохаммада ибн Касема покорили Синд. Тем самым было положено начало проникновению ислама на полуостров. Но главным фактором распространения ислама по всей Индии были суфийские группы. Начиная с XI в. Тюрские правители совершили несколько нападений на Индию, и до английской колонизации значительная часть Индостанского полуострова, особенно его север, где монголы в VIII столетии образовали мощную империю, входила в состав мусульманских владений. Ислам в Индии, несмотря на наличие некоторых иранских и тюркских элементов, этнически однообразен, однако в языковом и культурном плане ему присуще довольно значительное разнообразие. Персидский язык в течении около тысячи лет был научным и литературным языком индийских мусульман, но одновременно языками мусульманского общества являлись и местные, такие, как хинди, гуджарати, пенджаби и бенгали. Начиная с XVI-XVII вв., в результате смешения персидского и индийских языков, а также

некоторых тюркских элементов стал постепенно формироваться новый язык под названием урду. В нем использовалась арабско-персидская графика и он стал одним из важных языков ислама, а позднее – официальным языком Пакистана.

Индостанский исламский культурный регион включает Пакистан, Бангладеш, индийских и непальских мусульман, и мусульманское общество Шри Ланки. Общая численность населения этого региона оставляет около 400 миллионов человек. В этом отношении он превосходит каждый из четырех вышеназванных исламских регионов. Индийские мусульмане стали авторами многих величайших произведений исламской культуры и искусства.

Шестой регион исламской культуры территориально совпадает с просторами малайского мира (**Малайский регион**) в Юго-Восточной Азии. Распространение ислама в этот регион началось в XIII в. через арабских купцов с берегов Персидского залива и Арабского моря (Красное море), а также посредством индийских суфиев. Поэтому отличительной чертой ислама в Малайском регионе является глубокое влияния суфизма.

Малайский ислам использует малайские и яванские языки и охватывает многочисленное население в таких странах, как Индонезия, Малайзия, Бруней, а также этно-конфессиональное меньшинства на Филиппинах, в Таиланде, своих последователей в Кампучии и Вьетнаме. Мусульманское общество региона в целом составляет более 220 миллионов человек. Со времени распространения ислама в данном регионе прошло не так уж много времени, тем не менее, малайские мусульмане славятся своей острой приверженностью исламу и сунне Пророка.

Кроме шести вышеперечисленных, следует назвать еще несколько относительно малых исламских культурных регионов. Одним из них является **Китайский регион** исламской культуры, история которого начинается с VIII столетия. В те времена быстрого распространения ислама мусульманские купцы поселились в китайских портовых городах, в частности, в Кантоне. Мусульманами в Китае являются тюркоязычные уйгуры, а также коренные китайцы из народности гуйи, мусульмане встречаются и среди представителей титульной нации – ханьцев. Реальная численность мусульман в Китае не известна и оценивается в пределах от 25 до 100 миллионов человек. Китайские

мусульмане славятся своими архитектурными, каллиграфическими и интеллектуальными традициями. [3]

К малым регионам исламской культуры относятся и территории, заселенные мусульманами из числа **коренных народов Европы** (не считая тюркоязычных мусульман Болгарии, Греции и Македонии), которые приняли ислам в XV-XVI вв.

К таким народом относятся главным образом албанцы, живущие в самой Албании, в Косово и в Македонии, и боснийцы, основной территорией проживания которых является собственно Босния, а также частично Хорватия и Сербия. В этническом плане эти народы относятся к европейцам. Поэтому познание их культуры полезно как для лучшего понимания всей полноты исламской ойкумены, так и для установления дружественных отношений между исламом и Западом в рамках современной Европы.

Наконец следует назвать и новое **исламское общество в Европе и Америке**, образовавшееся из переселенцев и неофитов, то есть новообращенных. Это общество состоит из нескольких миллионов выходцев из Северной Африки во Франции, примерно трех миллионов турок и большого количество курдов в Германии, около двух миллионов выходцев с Индийстанского полуострова в Англии и других не столь многочисленных, но весьма влиятельных групп в различных европейских странах. Среди американских мусульман большое количество выходцев из стран Арабского Востока, Ирана, Индостанского полуострова, а также неофитов-мусульман, главным образом, из числа афроамериканцев и, в меньшей степени, белых.

Распространение ислама среди афроамериканцев было начато Амиджахом Мухаммадом. Это он организовал общество «Исламская нация» («Движение темнокожих мусульман»), которое выступило против расистских настроений в среде белого населения.

В Европе проживают около 25 миллионов мусульман, в Соединенных Штатах Америки – почти 6, в Канаде – 500 тысяч, а в Южной Америке - около 2 миллионов. Все цифры касающиеся количество мусульман в вышеуказанных странах шестилетней давности и с учетом очень высокой рождаемости мусульманского населения в отличие от остальных, можно себе представить общее количество последователей Пророка в современном мире.

Кратко описанные нами исламские культурные регионы включают в себя удивительное разнообразие народностей, языков, направлений

искусства и музыки, обычаев и традиций. Среди мусульман есть представители всех без исключения антропологических типов – люди с черными и рыжими волосами, голубыми и карими глазами. Но в сердцах у этого огромного разнообразия людей царит чувства единства, подпитываемое исламом. Это единство проявляется в чтении Корана как на Востоке, так и на Западе на арабском языке, в совершении ежедневных молитв лицом к Мекке, в следовании указаниям и деяниям Пророка, в соблюдении требований шариата, в духовном аромате суфийских братств, в общих чертах в искусстве и во многом другом. [4]

Присущее исламскому миру единство вовсе не означает однообразие, наоборот, ислам восприимчив к многообразию. На протяжении всей своей истории ислам привлекал и объединял многочисленные человеческие сообщества и, признавая Богом данные противоречия в этих обществах, создавал всемирную цивилизацию.

Литература:

1. Аристотель. Соч.Т.4.М.,1998.
2. Мор Т. Утопия. М.,1996.
3. Политология: хрестоматия / Сост. проф. М.А. Василик, доц. М.С. Вершинин. - М.: Гардарики, 2000. 843 с.
4. Тойнби А. Дж. Постижение истории: Сборник / Пер. с англ. Е. Д. Жаркова. — М.: Рольф, 2001—640 с.

Ислам последняя мировая религия, поэтому он успешно развивался. Религия арабов за короткий период превратился в мировую религию. Одна из главных особенностей ислама это впитывать в себя элементы духовно-культурной жизни народов тех регионов, где он распространился. Тем самым ислам смог создать всемирную мусульманскую цивилизацию.

ТЕЛЖАН ШОНАНҰЛЫ ТҮЛҒАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Айтжанова Ж.Е.
БҚИГУ магистранты

XX ғасырдың көрнекті ғалымдарының бірі Телжан Шонанұлы жалған айыптарымен «халық жауы» атанып, соған орай атылып кеткен отызыншы жылдардың екінші жартысынан кейінгі тұста (ол азаматтық және саяси тұрғыдан ақталғанға дейін) оның қоғамдық-ағартушылық және ғылыми мұраларын зерттеуге тиым салынды. Нәтижесінде жарты ғасырға толар-толмас ғұмырының барлық қырлары арнайы зерттеуге лайықты Т.Шонанұлының өмірі мен ағартушылық қызметінің толық ашылып зерттелмеген тұстарының көп екендігі белгілі болып отыр.

Ғалымдар Т.Шонанұлының педагогикалық және әдеби-шығармашылық қызметінің қырларын ашу бағытында біршама жұмыстар жасады. Соған орай Т.Шонанұлы туралы зерттеулердің басым бөлігі оның қаламгерлік, педагогикалық шығармашылығын баяндауға арналған. Ал Т.Шонанұлының қоғамдық-ағартушылық және ғылыми істері толымды жазылай отыр. Бұл жағдайдың қалыптасуы тиісті деректердің әлі де болса ғылыми айналымға түспеуіне байланысты болса керек.

Т.Шонанұлына қатысты айтылған алғашқы пікірлер 20-жылдардың орта тұсынан бастау алады. Аталған кезеңдегі еңбектерде (естеліктер, партиялық баспасөздегі мақалалар, хаттар) Т.Шонанұлының шығармашылығына қатысты пікірлер берілген. Мәселен, 20-жылдары Қазақстанда жүйелі мақсат қойып жұмыс жасаған Қазақстанды зерттеу қоғамы (Общество изучения Казахстана) өзінің мерзімді шығып тұратын басылымында қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жолдыбаев сынды өкілдерінің қызметіне баға бере отырып, Т.Шонанұлы туралы: «Шонанов – энциклопедист, қырғыз тілінде біраз еңбектер жазды. Солардың ішінде ерекше назар аударатыны – «Исторический очерк земельного вопроса в Киргизии». Сонымен қатар, құнды үлесті «Самоучитель киргизского языка для русских» еңбегі қосты деп жазды [1, 303 б.].

Сондай-ақ Т.Шонанұлының атқарған ісі мен шығармашылығы әділ бағаланып, оның ірі қайраткер екендігін мойындаған замандас зиялылардың пікірлері де кездеседі. Қазақтың белгілі жазушысы

Мұхтар Әуезов 1927 жылы Ленинградтан Смағұл Садуақасовқа жазған хатында [2, 5 б.] Т.Шонанұлына деген өз сенімін жасырмайды. Ал белгілі мемлекет қайраткері Смағұл Садуақасұлы болса, Т.Шонанұлының шығармашылық істеріне қолдау танытып, оның жасаған аудармаларына алғысөздер де жазып берген [3,4]. Кеңестік тарих ғылымы сталиндік асыра сілтеушіліктің, бұдан кейінгі валюттаризм мен субъективизмнің тоқырау идеологиясының шырмауына түсіп келген 1930-1980 жылдардың орта тұсына дейінгі аралықта қазақ зиялыларының қоғамдық-саяси қызметтеріне біржақты баға беруі барысында зерттеу жұмыстарының жасалуына мүмкіндік берілмеді. Бұл жағдай үкіметтің 1938 жылдың маусым айындағы «Қазақ және орыс тілдеріндегі алынуға тиіс кітаптар мен кітапшалар тізімін» [5, 227-228 бб.] көрсеткен қаулысынан кейін қиындай түсті. Аталған қаулының негізінде қазақ зиялыларының қазақ-орыс тілдерінде жарық көрген 97 кітап пен кітапшаларының арнайы жабық қорға қайтару, әрі оларды оқуға тиым салу шаралары басталды. Осы тізімге Т.Шонанұлының да Қызылорда мен Алматы баспаларында жарық көрген 18 кітаптары мен оқулықтары енгізілген еді.

Араға біраз уақыт салып, 50-ші жылдардың аяғында И.В.Сталиннің кезіндегі жеке басқа табынушылық әрекеттерін сынап, жазықсыз қуғын-сүргін шарасына ұшыраған азаматтардың істерін қайта қарап жатқан тұста Т.Шонанұлы есімін де еске салғандар болды. Мәселен, Қазақ КСР ҒА-ның Тіл және әдебиет институтының директоры, академик С.К.Кеңесбаев 1960 жылдың екінші наурызында тергеу органдарына хат жолдап, Т.Шонанұлының тағдырына араша сұраушылардың бірі болды. Ғалым өз хатында 1920-30 жылдардағы ірі тіл мамандарының қатарында Т.Шонанұлының үлкен орны бар екендігін көрсете отырып, оның қазақ тіл біліміне қатысты түрлі тақырыптағы 40-қа тарта еңбектерінің тізімін көрсетіп береді [6,196 б.]. Алайда, Т.Шонанұлы есімінің толықтай ақталып, халық зердесінен орын алуына әлі де біршама уақыт қажет болды.

Алғашқылардың бірі болып Т.Шонанұлын көпшілік есіне салған белгілі библиограф ғалым, қазақ тілінің шежірешісі Шора Сарыбаев болды. Ғалым 1991 жылы «Ана тілі» газеті арқылы «Телжан Шонанұлы» атты мақала жазып, оқырман қауымды Т.Шонанұлы есімімен таныстырады және ғалымның 93 еңбегінің библиографиялық тізімін жасады (Алматы, 2000).

Тарихшылар 1995 жылы «Қазақ жері мәселесінің тарихы» атты Т.Шонанұлының зерттеуін «Жер тағдыры – ел тағдыры» деген атпен, ғылыми түсініктемемен оқырман қауымға ұсынды. Кітап соңында тоталитарлық жүйе тұсында жазықсыз жаланың құрбаны болып, ату жазасына кесілген ағарту саласының көрнекті қайраткері Т.Шонанұлына қатысты ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитетінде сақталған мұрағат құжаттарын келтіреді [7].

Аталынған құжаттарды бірер жылдан соң орыс ғалымдары Ф.Д.Ашнин, В.М.Алпатов, Д.М.Насилов өздерінің бірлескен еңбектерінде атап өтеді. Еңбекте ғалымдар Телжан Шонанұлын Кұдайберген Жұбановпен бірге тіл мамандары (лингвисты Шонанов и Жубанов) ретінде бағалай отырып, оларға тоталитарлық жүйе тарапынан жасалған қысымшылық істердің айғақтарын көрсетеді. Зерттеуші ғалымдар тобы Т.Шонанұлының әдебиет, тіл, терминология салаларында және оқулықтар жазу ісінде атқарған жұмыстарына өте жоғары баға да береді [6,195-296 бб.].

Сонымен қатар профессор Әбу Тәкенов пен Бейсенбай Байғалиевтар Т.Шонанұлына қатысты баспасөз бірнеше мақалалар қатарын жариялайды. Авторлар өз мақалаларында оқырман қауымды Т.Шонанұлы есімімен таныстырды.

Т.Шонанұлы мұрасына үлкен қызығушылық танытқан Ә.Тәкенов ендігі тұста кандидаттық диссертацияның жазылуына да ықпал етеді. Нәтижесінде 1997 жылы ізденуші С.А.Баймұратова «Жалпы педагогика» саласы бойынша «Педагогическое наследие Т.Шонанова: (ученого-энциклопедиста, педагога 20-30-х гг. в Казахстане)» (Алматы, 1997) атты кандидаттық диссертация жұмысын жазды. Зерттеуші өзінің ғылыми жұмысын жазу барысында Т.Шонанұлын ағартушы-педагог ретінде қарастыра отырып, ғалымның педагогикалық ойларын, идеяларын зерттеуге тырысады. Алайда диссертация құрылымы Т.Шонанұлының қызметін қарастыруда кейбір мәселелерді қамти алмаған. Т.Шонанұлының қоғамдық-ағартушылық қызметі мен өмірі 20-шы Т.Шонанұлының жазушылық, аудармашылық қызметі зерттеуші назарынан тыс қалған; Т.Шонанұлының Қазақстанда зерттеу қоғамындағы қызметі, оның ішінде әсіресе өлкетану саласына қатысты қызметі, сондай-ақ тарихшы-ғалым ретіндегі көзқарастары толықтай зерттелмеген. Біздің диссертациялық жұмысымыз осы айтылған олқылықтардың орнын толтыратын дербес зерттеу болып табылады. Бұдан кейін Т.Шонанұлына қатысты кандидаттық диссертацияны тіл

маманы Қ.С.Құлманов жазады (Астана, 2002). Аталып отырған диссертациялық зерттеу жұмыстарынан Т.Шонанұлының әдеби-шығармашылық, публистикалық және педагогикалық мұрасының біршама жақсы зерттелгендігін көреміз. Сталиндік саяси қуғын-сүргіннің Т.Шонанұлы тағдырына тигізген кері әсері, қасіретті іздері де зерттеуші назарынан тыс қалған Т.Шонанұлының үлкен ұйымдастырушылық қызметі жеткіліксіз зерттелген.

Қазақ зиялыларының қоғамдық саяси өмірдегі қызметтері мен Алаш қозғалысы турасында саралап жүрген тарих ғылымдарының докторы М.Қойгелдиевтің «Алаш қозғалысы» атты еңбегінің маңызы зор (Алматы, 1995). Зерттеу жұмысында Т.Шонанұлы Алаш зиялыларының қатарында аталып өтілгенімен, оған арнайы тоқталмайды.

Алаш қозғалысы тақырыбы бойынша жаңа әдістемелік және теориялық деңгейде ой-тұжырымдар жасаған көрнекті ғалым К.Нұрпейісовтің «Алаш Һәм Алашорда» монографиялық еңбегі де алаштықтардың тарихын зерттеу ісінде аса құнды екені еш даусыз. Аталған еңбекте К.Нұрпейісов Алаш қозғалысына мүше болғандармен ниеттес болғандардың қатарында Т.Шонанұлының да есімін атап өтеді [8]. Сондай-ақ Алаш зиялылары турасында қалам тартып жүрген әдебиеттанушы ғалымдарымыздың бірі Д.Қамзабекұлы да Т.Шонанұлы туралы өзінің зерттеу еңбектерінде біраз мағлұматтар береді (Алматы, 2002).

XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының Алаш қозғалысындағы қызметін қажетті деңгейде айқындап көрсету соңғы жылдардың ең өзекті тақырыптардың біріне айналды. М.Қозыбаевтың «Ақтандақтар ақиқаты» атты зерттеу еңбегі тарихымыздың «ақтандақ беттерін» қарастыру мәселесіне қатысты теориялық-методологиялық негіз қалыптастыруда маңызы зор (Алматы, 1992).

Соңғы кезеңде жарияланған еңбектердің кейбірінде Т.Шонанұлына қатысты біраз мәліметтер беріледі. Солардың қатарында Ғ.Ахмедов Т.Шонанұлының ағарту саласындағы қызметі туралы да шағын мәлімет береді (Алматы, 1996). Қуғындалған қазақ зиялылары өкілдерінің тарихи көзқарастарын тарихнамалық тұрғыдан талдау мәселесі де соңғы жылдары кеңінен қолға алына бастады. Бұл ретте тарихшы-ғалымдарымыз Т.Омарбеков пен Ш.Омарбековқуғындалған қазақ зиялыларының тарихи көзқарастарына тарихнамалық тұрғыдан талдау жасай келе «алдағы

уақытта Т.Шонанұлынан қалған тарихи мұраларды тарихнамалық тұрғыда талдау – қазақ тарихшыларының қасиетті міндеті» - деп (Алматы, 2004), Т.Шонанұлының өмірі мен қызметін ғана емес, тарихи мұраларын да зерттеу қажеттігін жөнінде өте орынды тұжырым жасайды. Жер мәселесіне толымды ой-пікірлер қосып жүрген зерттеуші О.Мұқатова өзінің «XIX-XX ғасырлардағы Қазақстан тарихнамасы» (Алматы, 2002) атты монографиялық зерттеуінде Т.Шонанұлының «Жер тағдыры – ел тағдыры» атты еңбегі Кеңестік дәуірдің 20-30 жылдарындағы қоныстандыру саясатына байланысты жазылған Ғ.Тоғжанов, С.Асфендияров, С.П.Щецов, П.П.Галузо, Е.Федоров, Т.Рысқұлов, С.Садуақасов сияқты авторлардың құнды еңбектерінің қатарына қосып қарастырып, жер мәселесіне байланысты жазылған ойларын көрсетеді.

Т.Шонанұлының еңбектеріндегі мәліметтерді деректанулық тұрғыдан қарастыра отырып, профессор Қ.М.Атабаев: «Ал, Т.Шонанұлының еңбегінде мерзімді басылымдардың өзекті тақырыптарының бірі жер мәселесі туралы көптеген құнды мағлұматтар кездеседі»-дейді (Алматы, 2001). Ал, зерттеуші З.О.Дүкенбаеваның «Қазақтың шығармашылық интеллигенциясының тарихы (1917-1941)» атты монографиясында Т.Шонанұлының шығармашылық мұрасына қатысты біраз мәліметтер береді (Алматы, 2003). Жоғарыда аталынып өткен зерттеулік еңбектермен қатар Қ.Е.Тілешова, С.С.Иманбаева, Н.А.Құрмановалардың ғылыми мақалаларында Т.Шонанұлы зиялы қауым қатарында аталынып өтіледі.

Т.Шонанұлының кезінде ұлтшыл атануы және саяси қуғын-сүргін құрбаны болуы кеңестік жүйе тұсында ол туралы шындықты жазуға едәуір кедергі жасады. Оның үстіне зерттеуші ғалымдар Телжан Шонанұлының қоғамдық, ағартушылық қызметіне баға беруде әлі де ортақ көзқарасқа келген жоқ. Сонымен қатар, Т.Шонанұлының қоғам қайраткер ретінде қалыптасуы мен отандық тарихта қалдырған терең ізін, мұраларын зерттеген нақты тарихи еңбектері әлі де болса жеткіліксіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 О научных работах членов Общества // Труды Общества изучения Казахстана. – Оренбург, 1925. - Т.VI. – С.310.
- 2 Қамзабекұлы Д. Мұхтар мен Смағұл // Парасат.-2000.-№ 1.

- 3 Каменский Л. Ауылдағы кооперация туралы / Аударған Т.Шонанұлы. – Орынбор : Қазмембас, 1925.-14 б.
- 4 Крупская Н. Ауыл арасындағы саяси-ағарту жұмысы / Аударған Т.Шонанұлы. - Орынбор: Қазмембас, 1925.- 47 б.
- 5 Политические репрессии в Казахстане в 1937-1938 гг. (Архив Президента РК).-Алматы: Қазақстан, 1998.-336 с.
- 6 Репрессированная тюркология / Под ред. Ф.Д.Ашнина., В.М.Алпатова., Д.М.Насилова.-М.: Восточная литература, 2002.-296 с.
- 7 Шонанұлы Т. Жер тағдыры – ел тағдыры. - Алматы: Санат, 1994.-224 б.
- 8 Нұрпейісов К. Алаш ыәм Алашорда. - Алматы: Ататек, 1995.- 253 б.